



**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№2 (54)
2017



ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ХАБАРШЫ

**№2 (54)
2017**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы
Республикалық терминология комиссиясының бюллетені

**ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ
ХАБАРШЫ**

№2 (54)

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрлігі
Тілдерді дамыту және қоғамдық-
саяси жұмыс комитеті

*ҚР Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім министрлігінде
тіркеліп, тіркеу туралы
2002 жылғы 27 мамырда
№2993 – Ж құәлігі берілген.*

Редакциялық алқаның төрағасы

А.Мұхамедиұлы

Редакциялық алқа

А. Баталов
Қ. Асыллов
Ғ. Мелдешов
М. Бақтиярұлы
С. Абдрахманов
М. Ахметов
Ж. Жақсымбетов
Д. Омашұлы
Б. Сағын
Д. Қыдырәлі
М. Айымбетов
С. Әлісжан
С. Ибраим
Ш. Пәтгеев

Бас редактор

Ш. Құрманбайұлы

Жауапты хатшы

Қ. Әбіл

Жақсыбек Құлекеев
«ҚазМұнайГаз» өндіру және бұрғылау
технологиялары ғылыми-зерттеу
институты» ЖШС бас директорының
кеңесшісі, экономика ғылымдарының докторы

ТЕРЕҢ ТАНЫСАҚ, ТАҒЫЛЫМДЫ БОЛАР ЕДІ

Кез келген халықтың ғасырлар бойы қордаланған мәдениетінің асқаршыңы – сол халықтың тілі екені баршамызға түсінікті. Сондықтан да еліміздің көзі ашық, көңілі ояу азаматы ана тілімізді теңдесі жоқ ұлтымыздың алтын қазынасы деп бағалап, қастерлеп, сол қазынаның болашақ ұрпақ сусындайтын рухани бұлағының сарқылмас көзіне айналуын армандайды. Кеңес дәуірі кезінде сырттан келген өктем күштің салдарынан ауқымы тарылып, болашағы бұлыңғыр бола бастаған ана тіліміз егемендік алған алғашқы күннен бастап мемлекет қамқорлығына алынып, бүгінде күн санап өрісін кеңейтіп келеді.

Соның арқасында ана тіліміз жойылу үдерісінен түбегейлі ажырап, Қазақ елінің тұғырлы мемлекеттік тілі болып қалыптасуда. Сол тұғырлы мемлекеттік тіліміздің жетілу деңгейі бүгінгі қоғамның барлық әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани, ғылыми-техникалық сұраныстарынан туындайтын функцияларын толық қанағаттандыратындай жағдайға жетуі тиіс. Осы бағытта елімізде атқарылып жатқан үлкен шаралар бар, бірақ соған қарамастан әлі де атқарылатын, қосымша пысықтауды қажет ететін міндеттер де аз емес.

Жер бетіндегі барша халықтың тілі – заманның ағымына, адам тіршілігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлардың ықпалы салдарынан әртүрлі өзгерістерге ұшырап отыратыны табиғи құбылыс. Соңғы кезеңде етек жайған жаһандану және интеграциялық процестердің салдарынан көп халықтың тілі жойылып, саны аз халықтардың тілдеріне жоғалу қаупі төніп, ал дамыған тілдер өз өрісін кеңейтіп жатқаны белгілі жайт. Соның бір айғағы ретінде мынадай фактіні келтіруге болады. Қазіргі кезеңде жер бетінде қолданыста жүрген жеті мыңға жуық тіл бола тұрып, дүниежүзі халықтарының 70 пайыздан астамы бар-жоғы 40 шақты дамыған халық тілінде сөйлейді екен. Демек, осы аталған үрдістердің ауқымы кеңейген сайын жер бетінде өмір сүріп жатқан көп халық өкілдерінің басқа дамыған тілдерге деген қызығушылығы артып, өз тіліне деген сұранысы азаятыны, соның салдарынан олардың ана тіліне жоғалу қатері төнетіні ақиқат. Ағымдағы үрдістерге баға беріп отырған ғалымдардың болжауы бойынша, осы ғасырдың ортасына таман қазір қолданыста жүрген тілдердің жартысына жуығының аясы тарылып, бірте-бірте жоғалуы мүмкін. Бұл – көп жұрт алаңдатып отырған күрделі проблема.



Осы жағдайларды ой елегінен өткізсек, бірнеше сұрақ туындайды. Біріншіден, аз халықтар тілдерінің пайдалану арнасының жыл сайын тарылып, құрдым жағдайға келуінің негізгі себебі қандай және осы проблеманы біз түбегейлі зерттеп, тиісті нәтиже шығардық па? Екіншіден, біздің ана тіліміздің даму бағыты мен қарқыны ғылыми-техникалық прогресс пен жаһандану процестерінен туындайтын қоғамның бүгінгі қатаң талаптарына сәйкес келе ме? Үшіншіден, тіліміздің бүгінгі Ата Заңымызда жазылған мәртебесі оның болашағының жарқын болатынына кепіл бола ала ма? Төртіншіден, бүкіл дүниежүзі батыстық өркениеттің ықпалында екені белгілі. Демек, осы жағдайда біз тіліміздің тазалығын сақтау мақсатында оны интеграциялық үрдістерден дараландыруға тырысқанымыз жөн бе? Бесінші, біз ана тілімізді қалай және қай бағытта дамытқанымыз жөн?

Аталған сұрақтардың туындап, көптеген ұлтжанды азаматтарды елеңдетіп отырған бір себебі бар. Ол тіліміздің даму барысында орын алып отырған кейбір орнықсыз жағдайлар. Солардың кейбіреуін атап өтсем деймін.

Біріншіден, егемендік алған алғашқы кезден бастап тілімізді жандандырамыз деген ниетпен соңғы уақытқа дейін айналымда жүрген, бүкіл халыққа түсінікті, ағылшын, не Батыстың дамыған тілдерінен енген сөздердің орнына ұмыт болған, ешкімге түсініксіз, ерте заманда парсы, не араб тілінен енген сөздермен жаппай алмастыру басталды. Оған мысал ретінде халықтың санасына зорлап енгізуге тырысып жатқан «сынып», «рәміз», «рәсім», «мұшайра», т.б. сөздерін келтіруге болады. Сонымен қатар, парсы тілінен еніп, мыңдаған жылдар бойы айналымда жүрген сөздердің этимологиясын түсінбеудің салдарынан соңғы кезде кейбір орнықты сөздердің мағынасын өзгерту үрдісі басталды. Мысалы, парсы тілінде «қалампыр» деп «ащы қызыл бұрышты» атайды. Жалпы, бұрыш деген сөз де парсы тілінен енген (парсы тілінде – мурч). Бұл ерте заманда енген сөз болғандықтан бүкіл түрік тілдес халықтар ащы қызыл бұрышты қалампыр (каламфур) деп атайды және біз де солай атап, өлеңге қосып, әндетіп айтып жүрдік. Ал енді соңғы кезде кейбір аудармашылардың кесірінен «қалампыр» деп «гвоздика» гүлін атай бастапты. Бұл тіліміздің тарихына балта шауып, қорлағанмен тең жағдай емес пе екен?

Халықтың мәдениеті мен тілі жеке дара дамымайтыны белгілі. Қилы заманнан бері көршілес халықтар бір-бірімен араласып, сауда-саттық жасап, үйлесімді тіршілік атқарғанының арқасында бір халықтың мәдениеті мен тілі екінші елдің мәдениетіне үлкен ықпал жасайтыны тарихтан белгілі жағдай. Осы тұрғыдан келгенде біздің тіліміздің дамуына парсы тілінің қосқан рөлі ерекше. Өйткені, біз үш мың жылға жуық мерзімде осы халықтың озық мәдениетінің ықпалында болдық. Соның әсерінен біздің тілімізде айналымда жүрген сөздердің 40 пайызға жуығы осы парсы тілінен енген сөздердің еншісіне тиесілі екені, ал ғылыми категориялар, түсініктер, атаулардың басым көпшілігі парсы тілінен еніп, бүгінгі күні ана тіліміздің төлтума бөлігін құрап отырғаны баршаға аян. Соның айғағы

ретінде бүгінде кең қолданыста жүрген, түбі парсы тілінен енген жеміс-жидектер (алма, анар, алша, алхор, т.б.), көкөністер (дарбыз, бадыран, пияз, баклажан, сәбіз, қалампыр, райхан, т.б.), жануарлар (піл, зіл (мамонт), арыстан (немесе арслан, аслан), ат, маймыл, т.б.), апта (дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, т.б.) атауларын келтіруге болады. Енді қазір аталған терминдерсіз ана тіліндегі көптеген сөздерді елестету мүмкін емес.

Заман өзгерді. Дүниежүзілік аренаға XV ғасырдан бастау алған индустриалану үрдісінің «пионері» болған Ұлыбритания қара үзіп алға шығып, өз мәдениеті мен ғылыми-техникалық жетістіктерінің құдіретін әлемге мойындатты. Соның арқасында ағылшын тілі әлем халықтарының ортақ коммуникация жасайтын құралына айналып, жаңа дәуірдің ғылыми-техникалық категорияларын қалыптастыратын басты тілі болып отыр. Бұл – заманның талабынан туындаған объективті заңдылық. Олай болса, біз қазіргі жаһандану, интеграциялық процестер мейлінше дамып, егеменді еліміз дүниежүзі қауымдастығының толыққанды мүшесі болып танылып отырған заманда жаңа ғылыми-техникалық түсініктер мен категорияларды парсы, араб тілдерінен іздегеніміз жөн бе, әлде өркениетті халықтар секілді ағылшын тілінен енген категориялардың пайдалану өрісін мейлінше кеңейткеніміз дұрыс бола ма? Егер дүние жүзі халқын жарқын болашаққа бағыттайтын даңғыл жолдың сыртында қалғымыз келмесе, онда бізге де осы даңғыл жолға түсудің мүмкіндіктерін қарастыру керек секілді.

Екіншіден, ұзақ мерзім қолданыста жүрген сөздердің төркінін түсінбеудің салдарынан түрік тілінен орыс тіліне енген сөздерге қазақ тілінде жасанды балама сөз табу сәнге айналып барады. Шынында да бұл біздің ана тіліміздің заманның ағымына сай дамуын тежеп, тоқырауға ұрындыратыны сөзсіз. Осы тұрғыда бірекі мысал келтіре кеткен жөн болар. Мысалы, «баклажан», «кабачок», «курага» деген сөздер орыс тіліне түрік тілінен енген. Осы сөздердің орыс тіліндегі этимологиясына қарасаңыздар, онда орыс ғалымдарының дәл осындай тұжырым жасағанын байқайсыз. Соған қарамастан егемендік алған жылдар ішінде алдағы атаулар бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Оны мемтерминком бекітіп, сөздіктер мен оқулықтарға енгізіп, халықтың санасына сіңіруге тырысып бағудамыз.

Үшіншіден, тілімізде бұрыннан айналымда жүрген халықаралық терминдердің түп-тамырын түсінбеудің салдарынан, орыс сөзінен қашу керек деген ниетпен орнына жасанды балама табу үрдісі пайда болды.

Иә, соңғы кезеңде әлемде қалыптасқан жағдайға назар салсақ, онда терминдер мен ғылыми категорияларды қалыптастырудың ортақ тәртібі орныққанын байқаймыз. Ертеде парсы, латын тілдері ғылыми категориялармен толықтырылған тіл болса, қазіргі заманда жаңа терминдердің қайнар көзі ағылшын тілі болып отыр. Содан соң жануарлар, өсімдіктер, музыкалық аспаптар немесе басқа заттар тек ерекше бір елде ғана кездесетін болса, онда сол жергілікті тілдегі атауларды өркениетті елдің ғалымдары бұлжытпай алып, өз тіліне бейімдеп,



айналысқа енгізеді. Соның арқасында ол халықтың тілі жаңа терминдермен толығып, ұдайы дамып отырады. Мысалы, халқымыздың еншісіне біткен музыкалық аспап домбыраны еш елде «күй таяқ» деп атаған емес, атамайды да. Ол бар халықтың тілінде өзінің домбыра деген мәртебелі атына ие. Олай болса, біз неге пианиноны, роялді – күйсандық деп атауымыз керек. Сол секілді біздің кеңбайтақ елімізде ғана жиі кездесетін «қарсақ» деген жыртқыш аң барша дамыған тілдерде «қарсақ» деп аталады. Олай болса біз неге гиппопотамды – су сиыр деп атауымыз керек және оған қандай ғылыми негіз бар? Егер гиппопотамды – су сиыр деп атасақ, онда сөзсіз осы жануар мен біздің күнде көріп жүрген сиырымыздың арасында генетикалық жақындық бар деген сенім пайда болады. Ал, ғылыми зерттеулер гиппопотамның мұхитта өмір сүретін китпен тұқымдас екенін дәлелдеп отыр. Сол секілді еңбектеген сәбиден бастап, барша халық «жираф» деп атайтын жануарды «керік» деп атаудың не қажеті бар?! Ал, витаминді бүкіл дүниежүзі дәл солай атайды. Жалпы, бүкіл дүниедегі халықтың рендері әртүрлі болғанымен барлық адамдардың жаратылыстары бірдей, ауыратын сырқаттары да ұқсас, сондықтан қазіргі медицинада аурулардың аттары мен соларға қарсы пайдаланатын дәрілердің атаулары бүкіл әлемде негізінен біркелкі стандартқа келтіріліп, барлық жерде бірдей аталады. Бүкіл әлемде анальгин, аспирин, пенталгин, витамин секілді атаулар еш өзгеріссіз пайдаланылады. Ал, біз витаминді дәрумен деп атауға тырысып жатырмыз. Бұл сөздің түбірі дәрі ме, әлде дәру ме? Бұдан жобалап аударған атаулардың бәрімізді шатастырып, әсіресе, өскелең ұрпақты әр алуан ойға қалдырады ақиқат.

Төртіншіден, біз әсерлеп, жобалап сөйлегенді ұнататын халықпыз, бірақ мына ғылым мен техниканың дамыған заманында санамызға орныға бастаған ғылыми категорияларды орнымен, ұқыпты пайдалануды жолға қойғанымыз жөн. Сонда ғана біз ана тілімізді заманның қатаң талаптарына бейімдейміз. Өкінішке қарай, бұл тұрғыда бізде кемшілік көп. Соған бір ғана мысал келтірейін. Біз физика, астрономия пәндеріне ғалам деген сөзді ғылыми категория ретінде енгізіп, жастардың осы категорияны орнымен пайдалануын талап етудеміз. Ал журналистер мен кейбір тіл мамандары «интернет» деген сөзді «ғаламтор» деп қолданғанды ұнатады. Бұл – әрине, орыстың «всемирная паутина» деген балама сөзіне еліктеуден туындаған нәтиже. Орыс тілінде қалыптасқан қатаң талапқа сай әр түсінік орнымен пайдаланылады. Бұл жердегі «весь мир» деген бүкіл жер шары деген ұғымды білдіреді. Бұл орнықты шешім, өйткені шынында интернет бүкіл жер шарын торлап алды десе болады.

Ал, біздегі жағдай қалай, соған тоқталайық. Біз орыс тілінен «вселенная» деген ғылыми категорияны ана тілімізге «ғалам» деп аударып, барлық оқулықтарға енгіздік және дұрыс жасадық. Енді осы категорияны ұқыпты пайдаланғанымыз жөн. Қазіргі жағдай сын көтермейді. Себебі, біз бұл категорияның мәнісін түсінбей, кез келген жерге орынсыз пайдалануды әдетке айналдырдық. Ғалам

– шексіз дүние, өйткені ол жүз миллиондаған галактикадан тұрады. Солардың ішінде біз өмір сүріп жатқан галактика да бар. Біздің галактикамыз да шексіз кең, оның бір шетінен екінші шетіне дейін жарық сәулесі миллион жылдан астам уақыт жүреді. Осы галактиканың бір шетінде күн жүйесі орналасқан. Оның төңірегінде сегіз планета бар (бұрынырақ тоғыз деп келгенбіз). Соның бірі өзіміз өмір сүріп жатқан жұмыр жер. Интернет бүгінде тек жұмыр жерді торлап отыр, бірақ ол күн жүйесін, галактиканы немесе ғаламды торлап алуы мүмкін емес және оның адамзатқа қажеті де жоқ. Ендеше біз интернетті ғаламтор деп атап, барша халықты шатастырмағанымыз жөн секілді.

Қазіргі кезеңде тіл проблемасы туралы әртүрлі пікірлердің айтылып та, жазылып та жүргені рас. Қазақ тілі мемлекеттік тұғырлы тіл мәртебесіне ие бола тұрып, қосымша тіл қалпынан құтыла алмай отырғаны көпшіліктің намысына тиюде. Егер біз ендігі кезекте жоғарыда аталған проблемаларды жан-жақты талқылап, ана тіліміздің дамуын дұрыс жолға қоймасақ, онда қазақ тілі бүгінгі бишара күйінен шыға алмайды. Ақселеу Сейдімбектің сөзімен айтқанда, "Ой орнықты, тұжырым тегеурінді болу үшін қолданылатын «құралдарды», терминдерді саралап алмай болмайды... Терминдердің ұғымдық деңгейлерін, қолдану аясын және өзара категориялық-ұғымдық шендесу мәселесін анықтап алған жөн" (А.Сейдімбек, 2-том. 52-бет).

Ол үшін біріншіден, бүкіл дүние жүзіне белгілі саясат пен экономика, ғылым мен техника саласында айналымда жүрген халықаралық терминдерді сол қалпында өзгертпей, ана тілімізге бейімдеп, кең көлемде пайдалануға жол ашу керек. Қажет болған жағдайда, шет тілдерден енетін ғылыми категориялар мен терминдерді өзіміздің ана тілімізге бейімдеудің ғылыми негізделген тәртібін бекіту керек. Сосын, аударма жасағанда немесе ғылыми еңбектер жазғанда осы тәртіпке сүйене отырып, жаңа категориялар мен терминдердің дұрыс қазақ тіліне бейімделгенін бақылап отыру қажет. Мысалы, қазір орыс тіліндегі ғылым-техникалық категориялардың 99 пайызы ағылшын тілінен еніп жатыр десек қателеспейміз. Оған еш тосқауыл жоқ, керісінше, ағылшын тілінде жаңа термин пайда болса, онда ол сол күні орыс тіліне бейімделіп, ертесіне айналымға еніп жатады. Бұл күнде болып жатқан жағдай. Өйткені, ағылшын тіліндегі терминдерді орыс тілінде айналымға енгізудің тәртібі қалыптасқан. Сондықтан corruption – коррупция, privatization – приватизация, transmission – трансмиссия, bolt – болт, motor – мотор секілді болып аударыла береді. Біз, өкінішке қарай, осындай тәртіпті қалыптастырудың орнына, жасанды балама сөздер іздеп әлек болудамыз. Бұл талқылауды да қажет етпейтін, кезек те күттірмейтін күн тәртібінде тұрған мәселе. Оны шешпей, қазақ тілінің болашағы бұлыңғыр болып қала береді.

Екіншіден, ана тілімізде айналымда жүрген көптеген категориялар мен түсініктердің нақтылығы мен дәлдігін арттыруға бағытталған қомақты шаруа-



лар атқарылуы тиіс. Себебі, біздің тіліміздегі көп сөздер ойды, пікірді жобалап жеткізуге негізделген. Ол үшін қосақталып айтылатын ағыл-тегіл, темір-терсек, келін-кепшік, бала-шаға, қатын-қалаш секілді сөздердің қолданатын аясын шектеу қажет. Содан соң, тіліміз бай, бір сөздің қазақ тілінде он баламасы бар деп мақтанғаннан гөрі, бүгінгі технократтық заманның талабына бейімдеп, жаппай пайдаланатын үш-төрт мың сөзден тұратын, стандартталған түсініктер мен категориялар жинағын дайындау қажет. Оны интернет не басқа да ақпараттық құралдар арқылы жаппай халыққа жеткізу керек. Орайы келіп тұрғанда айта кететін мәселенің бірі – ол Word-та осы уақытқа дейін дұрыс ана тіліміздегі текст редакторының болмауы. Бұл да тілдің дамуына кесірін тигізіп отырған техникалық проблема. Егер аталған мәселелер шешілетін болса, онда орыс тілінен төте аударған, ал біздің тілімізге жат «өзіңнен ары», «өзіңе қарай» деген сөздердің орнына баршаға таныс әрі нақтылығы жоғары «итер», «тарт» деген сөздер айналымға енуі мүмкін.

Үшіншіден, ғасырлар бойғы көшпелі өмір тіршілігінің арқасында табиғатқа етене жақын болғанымызды дәлелдейтін, болмысы мен құрылымы біздің өзімізге ғана тән мәдени-рухани мұраларымыз бар. Төлтума қасиетімізді даралай түсетін осындай рухани байлығымыздың бірі – ол біздің тіліміздегі жануарлар әлемінің ерекше атаулары. Ежелден қалыптасқан дәстүрге сай қазақ тілінде кез келген жануардың аталығының, аналығының, төлдерінің қайталанбас атаулары бар екенін білсек те, оларды жастардың санасына сіңетіндей етіп жеткізе алмай отырмыз. Бұл – өкінішті жағдай. Соның салдарынан қазіргі кезде кей азаматтар күнде естіп жүрген сөздерінің мағынасын түсінуден қалып барады. Мысалы, аюдың аталығының – мақат, елік төлінің – еңлік, ақбөкен төлінің – құралай, қабыланның төлі – алаң, дегелектің – аист, ителгінің – балобан, қызғыштың құс екенін білетін жастар азайды. Сондықтан ұмыт болған не жасанды сөздерді айналымға енгізуге тырысқаннан гөрі, ана тіліміздің алтын қазыналарын жастардың санасына орнықты болатындай етіп, қайта ұсынуға талпыну қажет. Бұл да күн тәртібінде тұрған мәселе.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «...алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», деп қадап айтты. Соңғы кезде елімізде рухани жаңғыруға бағытталған арнайы шаралардың шеңбері нақтыланып, ауқымды жұмыстар басталып кетті. Соның өзектілерінің бірі латын қаріпіне көшу төңірегінде болып жатыр. Ал тілімізді модернизация жасау туралы әлі де көтеріліп жатқан проблемалар аз. Меніңше, осы мәселе төңірегінде де әңгіме қозғап, тиісті ұйымдастыру шараларын қолға алатын кез келген секілді.

Осы ұйымдастыру шаралары туралы бірер сөз. Тілді тек тілдің мамандары дамыта алмайды. Бұл – бүкіл халық болып көтеретін проблема. Айтқанменен, аталған проблемаларды шешу үшін тіл проблемасын зерттеумен айналысып

жүрген Білім және ғылым министрлігінің қарамағындағы Ахмет Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының жұмысын қайта жандандырған жөн. Бұл институттың бүгінгі жағдайы сын көтермейтіндей. Оған себеп, қаржы тапшылығынан білікті кадрларынан айырылып, өлмес тіршілік жасап отыр. Сондықтан да уақыт талабына қарай бұл институтқа бірнеше тілді еркін меңгерген, әр саладан хабары бар ынталы, ізденімпаз жас мамандарды тартып, солардың алаңдамай жұмыс істеуіне толық жағдай жасайтын уақыт келді. Одан бөлек, тіліміздің қосалқы аударма тіл болып қалып отырғанын жоғарыда айттық. Демек, тіліміздің шұбарланып кетуіне үлкен ықпал жасап отырған мамандар – ол мемлекеттік органдарда жұмыс істеп жүрген аудармашылар. Олардың басым бөлігі қазақ тілінің мамандары болып келеді. Көпшілігінің басқа шет тілдерден немесе ғылым мен техниканың халықаралық категориялық ақпараттарынан хабарлары шамалы. Сол себепті халықаралық деңгейде қалыптасқан терминдерге балама іздеп табу көбінде осы аудармашылардың «ынталы» жұмыстарының «нәтижесінен» орын алып жатады. Бұдан құтылу үшін үлкен жүйелі шаруалармен қатар, осы аудармашылардың біліктілігін жетілдіріп отыру қажет.

Аталған өзекті мәселелер тайға таңба басқандай көзге көрініп тұрған проблемалар. Оның сыртында тұнып, әлі беті ашылмай жатқан күрделі мәселелер жетерлік. Сол мәселелер кезең-кезеңімен көтеріліп, дұрыс шешімін тауып, ана тіліміздің мәртебесін нығайту үшін мемлекет тарапынан тілімізге деген қамқорлық әлі де еселене түсуі тиіс. Бұл ойларымды қазыналы қазақ тілінің мәртебесіне қарай жұмыс істесе деген оң ниетпен ортаға салып отырмыз.



Құралай Күдерина
Сүлейман Демирел атындағы
университеттің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІ ОРФОГРАММАЛАУДАҒЫ ҰСТАНЫМДАР

Түркі тілдері ХХ ғ. басынан бері халықаралық терминдермен оның ішінде латын негізді терминдермен толығып келеді. Кеңестік түркі тілдері орыс тілі арқылы енген интернационал терминдермен, түрік тілі ағылшын, француз тілінен тікелей енген терминдермен байыды. Кирил графикасындағы түркілердің кірме лексикасы, сөйтіп, орыс тіліндегі терминдердің өзі болып шықты. Сонда кірме лексика түркі тілдеріне жаңа дыбыс реңкін немесе жаңа фонема немесе бөгде дыбыс реңкін алып келді. Сөйтіп, орыс тілін (кеңестік түркілер үшін) немесе француз, ағылшын тілін (түрік тілі үшін) фонетикалық жағынан тез меңгертетін ортаға өз-өзімізді тап қылды. Ал кірме лексиканы түпнұсқа принципімен жазу, әсіресе орыс тілінің жазба тілін тез қабылдауға жағдай жасады деген сөз.

Кирил графикасына негізделген түркі тілдері әліпбилері орыс тілінен енген термин сөздерді бірізді жазу үшін орыс әліпбиін өзгертпей қабылдағаны белгілі. Бұл орфограмманың арнайы ұстанымы түпнұсқа принципі (цитаталық принцип) деп аталады. Латын графикасынан кирилшеге көшкендегі басты бір себеп те осы болатын.

Ал бүгінгі жазба тіл үшін «30 жылдардағы түркі тілдері кірме лексиканы латын әліпбиімен қалай жазды? Қандай негізді, басты қағидалар болып еді? Ол қағидалардың қайсысын біз, бүгінгі түркілер, жаңа латын графикасында пайдалана аламыз?» деген сауалдар маңызды болып отыр. Түркітанушылардың алғашқы басқосуы – Баку съезінде – кірме сөздерді орфограммалауға қатысты 2 түрлі көзқарас болғанын жоғарыда айтқанбыз:

1) кірме сөздерді сол түркі тілінің ауызша айтылуы бойынша игеру¹;

- яғни кірме сөздер үшін әріп алмау (мысалы, орыс тілінде **ғ, һ, ө, ү** болмағандықтан *Heine* – *Гейне*, *Hugo* – *Гюго* болып жазылады)²,

- сөз соңындағы дауыстыны қысқартып жазу: *вакансия* – *ваканс*, *пианино* – *пианин*, *фортепиано* – *фортепиан*,

- қандай дыбыс таңбасы тұрса, сол дыбыспен айту (**о** әрпі тұрса, [o] дыбысы етіп айту деген сияқты);

2) кірме сөздерді түпнұсқа тілдегі айтылуы бойынша алу (*волкан*, вулкан емес, *маскерад*). Екі пікірде де сөздің айтылуына қарап жазу, яғни фонетикалық принцип басшылыққа алынған. Дәлірек айтқанда, қазіргідей, орыс тілінің айтылуына қарай емес, қазақ тілінің айтылуына сүйенген.

Дегенмен, кейінгі ұстанымдарға назар аударсақ, екі бағытты көреміз. Біріншісі, кірме лексиканы ұлттық фонетикаға жұтылдыру, екіншісі, орыс тіліндегі айтылуына жақындату бағыты. Соңғысына ноғай жазуын мысалға алуға болады: ноғай жазуында орыс тіліндегі [ц] фонемасы үшін арнайы таңба алынған³. Сондай-ақ башқұрт, татар, өзбек графикасында бұл дыбыс сөз басында **s**, сөз ортасында **ts**-мен белгіленген. Тіпті сөз басында да, ортасында да **ts**-мен беру ұсынылғанын көреміз: *tsirkul'*.

Кірме сөздерді тілдің фонетикалық заңдылығына сәйкес қабылдау сингармонизм заңы сақталған түркі тілдерінде көбірек орын алуы тиіс деп ойлаймыз. Осыған байланысты, 1929 ж. Қызылордада өткен қазақ білімпаздарының емле конференциясында көтерілген мәселелердің ішінде кірме сөздердің емлесі үлкен қиындық тудырғанын білеміз. Комиссия мүшелері ортақ пікірге келе алмай екіге бөлініп, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Т.Шонанов бастаған топ терминдерді фонетикалық жағынан игеріп жазуды ұсынса, Қ.Жұбанов, Байділдин, Әлібаевтар терминдерді орыс тілі емлесіне жақындатып жазуды жақтаған.

Сондағы алғашқы топтың кірме сөздерді фонетикалық жағынан игеру моделдері мынадай еді:

- Кірме сөздегі қатаң-үнді тіркесін үнді-үнді тіркесі етіп игеру: *космос-костыс, смола-спала* (Е.Омаров)⁴;

- <ц> → с, <ч> → [ш], <щ> → [ш] дыбысы етіп игеру және таңбалау: *apeser, cek, birkencik*; <ц>-ны кейде [ш] етіп игеру, себебі *ширкеу-церковь* болып игерілген,

- <в>-ны дауыстыаралықта [у], сөз басында [б], *samavrъn, tасkev, barcav, sergejip*; тұйық буында [п] етіп игеру, ер адам фамилиясының соңын [п], әйел адам фамилиясының соңын [ya] етіп жазу (Е.Омаров)⁵. “А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казьязыка” (Т.Шонанұлы)⁶;

- <ф> → [п] / *panar*;

- <г> → [г'], [ғ] *ғаз, ғыbirne*,

- еуропа жазуларындағы **ch** тіркесін, орыс жазуындағы <х>,

- араб тіліндегі <h> дыбысын **q, k** әрпімен таңбалау: *tuqtar, tekniј`ke, kәkine*,

- <й> → [ж], ю → [жү], я → [жә], [же] етіп игеру және таңбалау: *ямбы – џатвь, яцик – џәск, япония – џарон, еврей – џәbrej, юсуф – џусip*;

- <в> → [у] және [п] етіп игеру және таңбалау: 2-буында ерін дауыстылары бар шет сөздерін еріндікті 1-буынға шығарып заңдастыру: *труба-turba, доктор-doktър*;

- сөз басында **г, ғ, ч, у, й** әріптерін таңбаламау, кірме сөздерде не түсіріп жазу, не қатаң беру (Е.Омаров)⁷;

- шет сөздерді орыс тілі арқылы алмау, европа-евгорь (европы) деп жазу (Е.Омаров);



Қабылданған емле ережелерінің ескертуінде мынадай өзгеріс болды: “Применяя фонетический и морфологические принципы казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности” (Т.Шонанов)⁸. Бірақ Е.Омаров ережеге мынадай пунктін енуін қалайды: “для выяснения характерного применения вышеизложенных принципов к орфографии иностранных слов ориентироваться на европейские слова, непосредственно воспринятые живым народным языком с русским, а потом на слова перешедшие с арабского и персидского”⁹. Бұл ұсыныс-пікірлерден қазақ графикасы мен орфографиясының негізгі ережелерінің алғашқы нұсқасы сөз болып отырған емле конференциясында (1929ж) жасалғанын көреміз. Және басқа түркі халықтары да өз тілдеріндегі емле ережелерінің негізді дайындалғаны осы латын графикасы кезінде екенін айтып отыр.

Бірақ 1929 ж. конференцияда Ресей білімпаздарынан қатынасқан Н.Ф.Яковлев терминдерді бағындырып жазуда сақтыққа, тіпті онымен күресуге шақырғанды¹⁰. Осындай пікірлер ұлт білімпаздарының көзқарасына әсер етпей қойған жоқ. Мысалы, терминдерді орыс тілі арқылы игеріп жазуды, 1929 жылы емлені жасаған Т.Шонанұлы, Е.Омаровтардың алашордашылдығын олардың шет сөздерді сол түпнұсқа тілінде алайық деген ниетін даттаған С.Аманжолов; “Олардың ескі түрік тілін, қазақтың құнсыз сөзін көкке көтеріп, интернационалдық сөздерді сыртқа тебуімен күресу керек”¹¹ деген.

Сөйтіп, терминдерді орыс тілінің емлесіне нұсқап жазу Қазақстанда Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тарапынан ұсынылды.

Ал кирилл графикасында кірме сөз түбіріне жалғанатын ұлт тіліндегі қосымшалардың вариантын жалғау проблемасын әлі күнге дейін шешімін таппай келеміз. Башқұрт тілінде *жюри, такси, шоссе, ателье* сөздеріндегі соңғы дауысты башқұрт тіліндегі жіңішке дауыссызға қарағанда жуандау, тіл арты дыбыс болғандықтан бұл сөздерге қосымшаның жіңішке вариантын жалғауға болмайды, бұл процесс сингармонизм заңын бұзып келді деген пікір басым болды. Сондай-ақ *калий, любилей, командир, министр, социализм* сөздеріне жіңішке вариантты аффикс тілдің үндесім заңдылығын бұзады делінді. Өйткені сөйлеу тілінде бұл сөздерге жуан қосымша жалғанады. Осы сипатты жазуда да таңбалау керек еді дейді бүгінде башқұрт тіл жанашырлары. Және *ғылым, тарих, таһир* сөздері тіл арты дыбысталады: [ғылым], [тарыйх], [тахыйыр] сондықтан жуан қосымшаларды қабылдайды¹².

Ноғай, құмық, алтай, чуваш, саха тілдері тіпті терминдерді орыс тілі жұрнақтарымен қабылдағаны бар: *социалистический революция, ленинский политика*¹³. Ал қазақ тілінде қос дауыссызбен аяқталған орыс тілді түбір сөзге қосымша *ы, і* –дәнекері арқылы жалғанып, ашық буын санын көбейткен. Яғни 3 дауыссыз дыбыс қатар келмейді деген қағида ұсталған.

30 ж. түрік тілін араб және парсы сөздерден тазарту реформасы – олардың орнына француз негізді сөздермен толықтырумен қатар жүрді. Мысалы, 1928 жылғы сөздікте француз тілінен енген сөз тек 1412 болса, 1939 жылғы сөздікте 1968 сөз, 1941 ж. – 2411, 1945ж. – 2482, 1955ж.с – 2500 сөз болды. Ал 2004 жылы басылып шыққан сөздікте 5757 француз негізді кірме сөз бар. Оның ішінде А әрпінен басталатын - 250, В – 236, С – 1, D - 290, Е – 250, F-272, G -177, Н -151, I – 129, J – 68, К – 670, L – 145, М – 495, N – 128, О – 204, Р – 685, R – 265, S – 552, S – 87, Т – 364, U – 29, V – 110, Y - 0 және Z әрпінен басталатын 9 сөз кірген болатын.

Халықаралық терминдерді енді делдал-орыс тілінсіз жазу бағытын ұстанып отырған кеңес түркілерінің орфографиясында кірме сөздердің жазылуы қабылдаған әліпби құрамына байланысты болайын деп отыр. Мысалы, қазақ орфографиясына қатысты төмендегідей ойларымыз бар.

Егер әліпби ауыстырудағы бір мақсат түпнұсқа принципімен алынған орыс алфавитінің әріптерін әліпби құрамынан шығару болса және оларды латын әріптерімен беру мүмкіндігі болмаса немесе аз болса, қосар әріп, диакритикалық таңбалармен бейнелеудің қажеттілігі жоқ. Сондықтан қазақ емлесінде

f, v, h әріптерін өз қызметінде жұмсап,
[x], [h] дыбыстарын кірме сөздерде h әрпімен,
<ц>-**c**,
<ч>-**ш**,

<щ>-**шш** әріптерімен беру керек деп санаймыз. Оның себебі 4.4 тараушасында айттылды.

Түрік жазуында <ф> дыбысы келетін халықаралық терминдер **f** әрпімен таңбаланады: *fabrika, faks, faksimile, faktör, fakulte, fabrikasyon, familya, fanatik, fanatizm, fayans, faşist, fatalism, federasyon, federatif, feldmareşal, fizik, flora, flüt*. Фонологиялық айырмасы жоқ h, x дыбыстары бір таңбамен жазылған.

Сонда кирилл графикасындағы мына әріптер жаңа қазақ әліпбиінде былай берілгені жөн:

- /э/=>/e/ *elektir, energetike*
- /ц/=>/s/ *sement, sirk, sellofan, sentner, sifr, ceh*
- /ч/=>/ş/ *şarlston, şempion, matş*
- /щ/=>/ş/ *şors, şötkе*
- /я/=>/ya/ *yadro, yakır, yard, yahta, filologia*

Сөйтіп, халықаралық терминдер үндесім заңына бағынып жазылғаны жөн. Олай етпесе орыс орфографиясының нормасына жүгіну қалмайды: *химия - himie, физика - fizike, техника - tehnikе, компьютер - kämpüyter, хоккей – käkkei* болып жазылуы тиіс. Қазіргі терминдердегі жұрнақтардың көбі орыс тілі арқылы енген латын суффикстері екені белгілі. Мысалы, **-ция** - *-sion/-tion* деген латын негізді жұрнақтар орыс тіліне *presentation, construction, protection*, (протекция),



possession, conclusion, action деген сияқты сөздердің құрамында келген. **-ist, -ism, -al** жұрнақтары да *pianist, physicist* (физик), *abstractionism* (абстракционизм), *criticism* (критицизм) *atheism, central, formal, official* сөздерімен енген. Біз жаңа қазақ-латын жазуында түпнұсқа тілдегі жазылуы бойынша таңбаланғаны жөн деп ойлаймыз.

Ол түрік тіліндегі терминденуге де сәйкес келеді. Мысалы, түрік тілінде филологиялық терминдер я аударылады, я түпнұсқаға жақындатылып жазылады: *morfoloji, fonetik, fonem, grafikler, transkripsiyon*. Түрік жазуында араб тілінен енген сөздер де үйлесім заңына бағындырылып жазылған еді: *isbat/ ispat, müsbet /müspet, tesbit/ tespit, tesbih /tespih, takdim, takdir, tasdik, tekdir, takdis* т.б. Арабша «**abdu**» сыңарымен келетін есімдер түрікшеде **ü** дыбысы арқылы жазылады. Мысалы: *Abdülkerim, Abdüsselam, Abdülmecit, Abdülkadir, Abdürrahim*.¹⁴

Сонда қазақ тіліндегі жұрнақтар **-ция, -изм** емес, **-sion, -ism** болып жазылуы және айтылуы керек. Жалпы мұндайда тіл-тілдегі халықаралық терминдерге донор болған грек, латын тіліндегі түпнұсқаларға назар аударған жөн: *philosophos, hypnos, kyklos, kylintras, programma, progressus, problema, philologos, cultura, codex, universitas, progressus, institutum*. Сондай-ақ ағылшын тілі түпнұсқа болып табылатын сөздерге де: *academia, bachelor, biology, botany, certificate, course, diploma, geography, geometry*.

Жалпы әлемдік тәжірибе әліпбидің ұлттық сипаты болуы үшін кірме сөздерді әліпби шегінде таңбалауы керектігін көрсетіп отыр. Сондықтан қазақ жазуы латын әліпбиін қабылдап, кірме сөздерді орыс орфографиясымен жазуды тоқтатады деген сеніміміз бар. Ойымызды белгілі ғалым Н.Уәлидің сөзімен тұжырымдасак: «Әлгіндей сөздердің жазылуын басқа «бейтаныс» кодқа салып жазсақ, реципиенттің қабылдауы басқаша болады: *öperätir* (оператор), *üniversitet, kläster* т.б. Сөйтіп, санадағы стереотипті, психологиялық бөгетті айналып өтеміз. Сондықтан жазудағы бет-бағдарымызды түзеудің жолы – латын әліпбиіне көшу»¹⁵.

Сөйтіп, қорытынды сөзді тағы проф. Н.Уәлидің осы тақырыпқа қатысты маңызды жинақта айтылған «Тұжырымдама жобасынан» алып аяқтаймыз: «Кеңестік тоталитарлық саясаттың салдарынан қазақ тілін тұтынушылардың санасында кирилл жазуына негізделген қазіргі қазақ әліпбиінде орыс тілінен енген кірме сөздерді еш өзгеріссіз қабылдау және өзіндік айтылым нормасына бейімдемеу сияқты теріс стереотиптердің қалыптасуына себеп болды. Бұл қазақ орфографиясы мен орфоэпиясын «қосамжарлық» дағдарысына, сондай-ақ қазақ сөйленісіндегі үндесім қағидасының бұзылуына, яғни тек сөзде не сөз тіркесінде ғана емес, бүтін сөйлем құрамында ғасырлар бойы тілдік сөйленістің эстетикалық дыбысталу категориясын қалыптастырған дыбыстық үндесім, сингармонизм заңдылығының бұзылуына әкеп соқтырды. Осылайша, өзге тілден енген кірме сөздердің ұлттық мәнеріне бейімделудің тілдік тетігі (механизмі)

көптеген жылдар бойы сыртқы тілдік емес факторлардың күші арқылы тежеліп отырды. Жаңа графикаға көшу жобасы осы стереотип мәселесін шешу керек және өзге тілден енген кірме сөздердің тілге бейімделу тетігін өз күшіне енгізу керек»¹⁶.

Жаңа латын әліпбиі: терминдер орфограммасы. Латын графикасын қабылдаудағы лингвистикалық түркіжайттардың бастысы кірме терминдерді түркі тілдерінің өзіне тән дыбыстау мәнерімен жазу және айтуға дағдылану болады деп қорытындыладық. Сондықтан біз төменде кірме терминдерді игеріп жазу механизмін жобалап көреміз.

Алдымен, мына бір мәселені айқындап алғанымыз жөн. Халықаралық терминдерді тағы да делдал тіл - орыс тілі арқылы игеріп жазамыз ба, әлде түпнұсқа тілдегі вариантымен таңбалаймыз ба? Бұл сауал 1929ж. латын графикасын қабылдардағы басты сауал болғаны жоғарыда айтылды. Қазақтың ұлттық әліпбиін жасаушылар көбіне терминдердің түбірі түпнұсқа тілдегі жазылуына сәйкес болуды ұсынды: “А это значит, что мы от иностранных слов берем основу, имеющую материальное значение, с подчинением всех морфологических и других наращений этой основы свойствам казьязыка” (Т.Шонанұлы)¹⁷; “Применяя фонетический и морфологические принципы казахском языке в правописание иностранных слов, нужно избегать искажения основы иностранных слов, имеющее материальное значение без особой на то надобности” (Т.Шонанов)¹⁸. Осы ұстаным қабыл алынбаған алғашқы түркі-латын жазуының орфографиясындағы кейінгі қиындықтар бізге белгілі. Сондықтан, біздің ойымызша, халықаралық терминдердің делдал тілсіз жазылуы негізді. Дегенмен біз төменде орыс тілі арқылы енген сөздердің орфограммалануын да және түпнұсқа тілдегі тұрпатымен орфограммалануын да қарастырып көрдік.

Орыс тілі арқылы енген терминдердің денінде жіңішкелік белгісі бар. Жіңішкелік белгі - орыс тілінде өзінің алдындағы дауыссыздың жіңішке мәнермен айтылатынын білдіру үшін алынған маркер. Ал түркі тілдерінде дауыссыздың жіңішке айтылатынын көрші дауысты анықтайды, яғни жіңішке езілік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрған дауыссызды жіңішке езулік тембрмен, жуан езулік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрған дауыссызды жуан езулік мәнермен айтқызады. Сол сияқты жіңішке еріндік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрған дауыссызды жіңішке еріндік тембрмен, жуан еріндік дауыстының әрпі өзінен кейінгі не өзіне дейінгі тұрған дауыссызды жуан еріндік мәнермен дыбыстатады. Сондықтан дауысты әріп таңбасымен қоса жіңішкелік белгінің жазылу / жазылмауы артықтық етеді.

Осыған орай түбірі жіңішкелік белгісімен аяқталған сөздердің соңғы буынында жіңішке дауыстылар болса, сөз бейүндес болса да жазыла береді не болмаса соңғы буын жіңішке дауыстымен алмасуын жөн деп ойлаймыз (қазақ тілі вариантында): *avtomobil, älbom, aptomobilşi, akrapöl, alkagöl, dübil,*



dübel, ansambil, artel, artikil, ayerozöl, barel, vestibül, karamel, kafel, kegl, kisel, kabil, karusel, kremil, kitel, kináz, kobzär, kaktel, karöl, magisträl, kvadрупöl, festiväl, mademuäzel, seperabel, slesär, stil, mergil, mitkäl, modäl, dizel, sirkül, sokol, şprengel, ştepsel, ştil, emäl, portfel, trufel, yakir, yantär, rentabel, royäl, emäl, panel, parallel, paskäl, patrül, pedäl, peristil, piksel, prisel, profil, rigel, rül, model, modül, moräl, niväl, nikel, parallel, paröl, slesär, spektakl, spiräl, stil, tabel, tül, galtel, gydrozöl, gorizontäl, gospital, deksel, gril, dizel, dirijäbil, duel, kabel т.с.с.

Сөздердің бейүндес жазылуына не себептен жол беріп отырмыз? Біріншіден, орыс тілі орфоэпиясымен айтып, орфографиясымен жазып дағдыланып алған қолданысты бірыңғай жіңішке тембрге айналдыру, соңғы буынға дейін ә дыбысымен сөйлеу қазақ тілінің өзіне тән фонетикалық ерекшелігіне де сай келмейді. Бұл соңғы буында ә әрпі жазылмайды деген ережеге қайшы емес. Себебі соңғы буындағы ә әріптері дауыссыздың жіңішке айтылатынын білдіреді. Екіншіден, сөз соңындағы дауыстының жіңішкелігі жуан басталып, жіңішке аяқталатын бейүндес жазылған сөзді бірыңғай орта тембрмен, яғни жіңішке де, жуан да емес мәнерде айтқызады.

Сөз түбірінде жіңішкелік белгі жоқ, тек орыс тіліндегі қосымшасында жіңішкелік белгі болған сөздер жуан реңкпен аяқталады: *idealdı, industrialdı, koaksialdı, kommunaldı, konseptualdı, terminal, universal, formal, frontaldı, fundamentaldı, funksional, ekzistensialdı, eksperimental, eksponensial, ekstremal, epitaksial, nominal, normal, diagonal, kapsul, şturval, differensial, oktupol, ortogonal, poligonaldı, potensial, proporsional, radial, virtualdı* т.с.с. Бұл орфограмма қазіргі кирил-қазақ орфографиясында бар.

Орыс тілі арқылы енген кірме сөздердегі ә әрпінен басталатын сөздер е әрпіне алмасады: электрик сөзі *elektrik* болып жазылса, оның себебі француз тілінде *electrique* «көкшіл сұр түс» дегенді білдіреді, *эмиссия* сөзі - *emissio* болып жазылса, себебі латын түпнұсқасында *emissio* «шығарылым», энергия - *energia*, себебі грек түпнұсқа тілінде *energeia* «әрекет», экспорт сөзі *export*, себебі латын түпнұсқасында *exporto* «шығару», экология сөзі грек түпнұсқасында *oikos* "отан, үй", *ekölögi* түрінде жіңішке жазыла алады, экономика сөзі *ekönömike* болып таңбаланса, оның себебі грек түпнұсқасында *oikonomike* «үй шаруасын жүргізу өнері» болып, жіңішке мәнермен аяқталады. Мұндағы с, х таңбаларының қазақ әліпбиінде болмаған мазмұнда, яғни к және кс болып дыбысталуы ағылшын тілін білетін бүгінгі қазақтілділердің санасында қарсылық тудыра қоймайды.

Ал мына терминдердің қазіргі орфограммасы түпнұсқаға сай екен: аппарат (лат. *apparatus* «құрал-жабдық»), генератор (лат. *generator* «шығарушы»), аккумулятор (лат. *accumulator* «жинаушы»), комбинат (*combinatus* «біріккен»), бюджет (ағыл. *budget* мемлекеттік табыс пен шығынның нәтижесі), мобиль (лат. *mobilis* «жеңіл қозғалатын»), трасса (нем. *trasse* «сызық, жол бағыты»), коммуникация (лат. *communicatio* ортақ қылу, байланыстырамын, сөйлесемін»), терапия

(грек. *therapeia* «емдеу»), insult (лат. *insulto-* «секіру»), фракция (лат. *fractio* – «опыру»), редакция (лат. *redactus* «қалыпқа келген»), операция (лат. *operatio* «қозғалыс»), брифинг (ағыл. *briefing* «қысқа»), парламент (ағыл. *parliament*), миллиард (франц. *Milliard* «мың миллиондаған»), департамент (франц. *departement*), импорт (лат. *importo* «кіргізу»), инвестиция [нем. *investition*], банк (итал. “*banco*” – «үстел»), сессия - (лат. *sessio* «отыру; қозғалыссыз»), партия (фр. *parti* бөлік, топ), район [ағыл. *round*], министр (франц. *ministre*)

форум (лат. *forum* «политикалық орта»)

депутат (лат. *dēputātus*, «бағала, арна, қосымша жаз»)

металл (лат. *metallum*), комитет (франц. *comité*), конференция (лат. *conferentia* «бір жерге жинау»), транзит (лат. *transitus* «өту»), президент (лат. *praesidens* «елбасы»), федерация (лат. *foederatio* «бірігу»)

конгресс (лат. *congressus* «кездесу, жиналу»), ядро (*jədro*), республика (лат. *rēs pūblica* «қоғамдық жұмыс»), газ (нидерл. *gas*), премьер (фр. *premier* «бірінші»), ассамблея (франц. *assemblée* «жиналыс; ассамблея»), студент (лат. *studens* «тырысушы»).

Орыс тілі арқылы енген -ция жұрнағы латын тіліндегі *tio* жұрнағының дыбысталуы арқылы пайда болған. Егер жаңа-латын графикасында *ц* әрпін таңбаламасақ, бұл дыбысты не /т/ не /с/ ретінде игеруге негіз бар: федерация сөзін *federation* (лат. *foederatio* «бірігу»), медицина сөзін *medicina* (лат. *medicīna*), инвестиция сөзін *investition* [нем. *investition*], фракция сөзін *fraction* (лат. *fractio* «опыру»), операция сөзін *operation* (лат. *operatio* «қозғалыс»), коммуникация сөзін *communication* (лат. *communicatio* ортақ қылу, байланыстырамын, сөйлесемін») түрінде түпнұсқаға сай жазуға болады. Бұл дүниежүзі тілдеріне ортақ сөздердің идеограмма түрінде бірден танылуын, оқылуын жеңілдетеді.



Жарқынбике Сүлейменова

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық
университеті қазақ тіл білімі теориясы
мен әдістемесі кафедрасының меңгерушісі,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

Арайлым Сарбалина

*Қазақ тіл білімі теориясы мен әдістемесі
кафедрасының аға оқытушысы, магистр*

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ҚОР ЖАСАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҚАЗАҚ, ТҮРІК ТІЛДЕРІНІҢ НЕГІЗІНДЕ)

Тілдер дамуының әлеуетін көрсететін бірліктің бірі – терминология. Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау мәселесінде термин жасау үлгілерін зерттеп-зерделеу, жүйелелу, оны ортақ қолданысқа түсіру, терминжасам жолдарын ғылыми негіздендіру, көптілді терминологиялық сөздіктер жасауды қолға алу өте маңызды. Кеңестік Одақ заманында түркі тілдес халықтардың тығыз байланыста болмауы олардың тілдерінің, оның ішінде терминжасам мәселелеріне де кері ықпалын тигізді. Осымен байланысты Ш.Құрманбайұлының: «Түркі тілдері арасындағы терминдерді біріздендіруге, өзара терминалмасым үдерісін жолға қою арқылы ортақ терминдер қорын молайта берудің маңыздылығын көрсететін негіз жеткілікті», - деген тұжырымы орынды [1,7].

Жалпы алғанда, жаңа бір ұғымды атауда түркі тілдерінде бірлесе отырып термин жасау тәжірибесінің болуы ортақ терминологиялық қорды дамытумен бірге, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын құрастыру, көптілді терминологиялық сөздіктер даярлау, тілдерді үйрету, жоғары оқу орындарында филолог мамандардың кәсіби-тілдік құзыреттілігін қалыптастыру үшін де маңызды.

Жалпыхалықтық тіл терминжасамның қайнар көзі екені белгілі, бірақ барлық түркі тілдерінде оның терминжасамға қатысы бірдей емес. Ортақ терминдер жасау мәселесінде ескерілетін басты мәселелердің бірі - осы, яғни түркі тілдеріндегі сөздердің ұқсастығы – оның лексикалық қорында, жалпыхалықтық лексикасында.

Қазақ және туыстас түркі тілдерінде терминдер жасау үлгілерін белгілеу – терминжасам жолдарын дамытудың бір жолы және терминдерді қалыптастыруда термин-модель, термин-үлгілермен алмасу жолдарын қалыптастырады, сондай-ақ түркі негізді сөзжасам жолдарын анықтауға негіз болады. Қазақ және түрік тілдеріндегі ортақтық жалпыхалықтық лексикасында сақталғанмен, екі тілдің де терминжасамында бұл мәселеде ұқсастық, ортақтық аз. Жалпы алғанда, Совет үкіметі дәуірінде тарихи даму тұрғысынан түркі тілдері бір-бірінен

оқшауланғаны белгілі. Әрбір тілдің сөздік қоры үздіксіз жаңа ұғымдар мен терминдермен сол тілдік қор арқылы және кірме сөздермен толықтырылып отырады. Мәдениет, әдебиет, ғылым мен техника, білім беру, қоғам талаптарына сай жоғары оқу орындарында мамандық түрлерінің артуына байланысты да терминдер дами түседі.

Жалпыхалықтық, жалпыәдеби тілден алынған сөздер – ұлттық терминжасамның қайнар көзі болатындығына үлгі. Біздің басты ұстанатын тірегіміз ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы ұлтымыздың ұлығы А.Байтұрсынұлы бастап берген жол – қазақ терминологиясын дамытудағы сүре де күре жол. Сол замандағы тілімізге еніп бүгінге дейін қалтқысыз қызмет етіп келе жатқан қазақ тіл білімі терминдері, оның өміршең үлгісі жалғасын табуы үшін тіл жанашары, белгілі ғалым Б.Қалиев айтпақшы: «Қазақша термин жасау үшін не істеу керек? Қазақша термин жасау үшін бір-ақ нәрсе керек. Ол қазақ тілін дамытуға, жетілдіруге деген ақ ниет пен шынайы намыс қана» [2,121].

Белгілі терминолог Ш.Құрманбайұлы бұл салада терминжасамның лингвистикалық мәселелерін арнайы сөз етіп, салалық мамандарға арналған олардың сөздік түзу, термин жасау барысында басшылыққа алуына болатын әдістемелік, көмекші құралдар дайындаудың қажеттілігі, қазақ тіліндегі сөз тудырушы жұрнақтардың қазіргі терминжасам үлдерісінде қаншалықты тиімді пайдаланылып жатқандығын анықтап, оларды термин шығармашылығында қалай орнымен қолданған жөн екендігін көрсетіп бере алатын практикалық тиімділігі бар құралдар дайындаудың маңызы өте зор екендігі, көмекші морфемалардың табиғатын, олардың мағынасы мен қызметін жақсы ажырата білетін, сөзжасам, терминжасам мәселесінен хабары мол маманның атқаратын ісі екендігін, салалық маман, ғалымдардың, арнайы зерттеушілердің қолынан келетін іс ретінде танытуға болатындығын тұжырымдайды [1,143].

Баспасөз бетінде жиі қолданылып жүрген кейбір атаулардың тез сіңісіп, біразының шектеліп қалып, қалтарыста қалып қоятындығын айта келе, сондай-ақ ол атауларды дер кезінде ыждағаттылықпен жинақтап, лингвистикалық сұрыптаудан өткізіп, ұтымды жасалғандарын іріктеп алу жұмыстары уақытылы жүргізілмегендіктен, қалып қоятындығын айта келе, «мұндай олқылықтарға жол беру тіліміздің лексикалық қорының баюына, оның сапалық тұрғыдан дамуына мұқияттылық танытудың, әдеби тілдің сөздік қорын қалыптастыруға зор жауапкершілікпен қараудың жеткіліксіздігін көрсетеді. Бұл түптеп келгенде, қазіргі лексикология мен лексикографияның, сөзжасам мен терминжасамның, сөз мәдениетінің де маңызды мәселесі», - дейді белгілі терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлы.

Түркітілдес тілбілімі терминдері жалпыәдеби, жалпыхалықтық тілден, диалектілерден, тарихи мәтіндер мен басқа туыстас түркі тілдерінен алудың тиімді жақтарын бүгінде өмірлік тәжірибе дәлелдей бастады. Басқа тілдің ық-



палы жөнінде С.Исаев: «Тіл қанша бай болғанмен, басқа тілдермен қарым-қатынассыз өз бетімен тек өзінің ішкі мүмкіншіліктерінің шеңберінде ғана қалып қоймайды. Сол тілдің иесі басқа халықтармен әр жағдайда қарым-қатынас жасаудың нәтижесінде тілдердің бір-біріне ауыс-түйіс жасап әсер-ықпал етіп отыратыны белгілі. Әсіресе қоғамдық өмірде ұлы өзгерістер болып жатқанда, жеке бір тілдің ішкі материалдары жетісе бермейді. Сондықтан халықтармен қарым-қатынас жасап отырған тілдің лексика саласында әсіресе жаңа ұғымға байланысты сөз ауысуы заңды құбылыс. Әсіресе лексиканың терминдер саласында өте-мөте білім мен техникасы дамыған елдің ықпалы ерекше болатыны белгілі», - деп пайымдаған еді [3,501-502], сондықтан басқа тілдің тілімізге қаншалықты дәрежеде ықпал еткендігі, оның салдары қандай болатындығы болжанып, әсіресе терминдерді қабылдаудағы ғылыми ұстанымдардың негіздемесін жасау қазіргі кезеңдегі аса маңызды, жауапты іс екендігі есімізде болғаны абзал. Жаңа ұғымдарды білдіруде қазақ тілінің өз ішкі мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдеу үшін сөздік қордың бай қабаттарын жіті сүзіп қолдану жолдары да айқындалуы тиіс. Бұл тұрғыдан қазіргі кезеңде шығып жатқан Қазақ тілінің түсіндірме, аймақтық, фразеологиялық, этимологиялық, жеке авторлық т.б. толып жатқан сөздіктер мен анықтағыштардан, энциклопедияларынан тілдің мол қазынасын сарқа пайдаланғанымыз жөн.

Жалпыхалықтық қордағы сөздердің терминденуі тұрғысынан түркі тілдерінің ішінде түрік тілі үлгісі - озық. Қарастырып отырған түрік тіліндегі терминдердің қалыптасуы мен дамуын үш кезеңге бөліп қарастыру дәстүрі қалыптасқан: 1) Танзимат дәуірі (*Tanzimat Dönemi*). Бұл кезең – 19 ғасырдың соңындағы жаңаландыру дәуірі, ұлттық мемлекет жасаудағы жаңа саясат дәуірі болды. Алғаш ана тілінде оқу мәселелері және термин мәселелері көтеріле бастады. 1851 жылы құрылған Реттеуші орталық мектеп пен жоғары оқу орындары үшін оқулықтарды осы бағытта даярлаумен айналысты. 2) Ұлттық әдебиет дәуірі (*Milli Edebiyat Dönemi*) 1911-1923 жылдар арасын қамтиды. 3) Республика кезеңі (*Cumhuriyet Dönemi*). Бұл жылдардағы елеулі оқиғалардың бірі Ататүріктің тікелей басшылығымен 1932 құрылған *Түрік тілі құрылымының* құрылуы болды (*Türk Dil Kurumu*). Бұл кезеңде Ататүріктің қолдауымен үш рет Тіл құрылтайы шақырылды. Басты мақсаты - тіл тазарту, яғни араб, парсы тілдері мен батыс тілдерінен енген сөздерден тазарту мәселесі өзекті болды. «*Түрікшелендіру*» деп аталған («*Türkçeleştirme*») бұл кезеңде түрік тілінің даму қарқыны артты, жүздеген жылдар бойы үстемдік еткен араб, парсы, батыс тілдерінен енген сөздер мен терминдерді ұлттық тілде жасаудың ғылыми негізі қаланды. Түрік терминдерінің дамуында ХХ ғасыр басындағы тіл біліміндегі үш бағыттың функционализм, лексикографизм, структурализм негіз болғанын байқауға болады. Осы кезеңдегі терминдерді түрікше жасауда Желал Нуридін «*Түрік реформасы*» атты еңбегінің маңызы ерекше.

Терминдерді «*түрікшелендіру*», түрік тілін өктем тілдердің шырғауынан алып шығу тартыссыз болмады. Көптеген түрік білім адамдарының батыста білім алып, батыс тілдері мен араб-парсы терминдерінің жалғасын табуын талап еткенін сол заман тарихын оқи отырып, куә боласың. Сол тартыстарға қарамастан, түріктің алдыңғы қатарлары озық ойлы ағартушылары өжеттілікпен, батылдықымен, өлермендікпен терминдерді түрікшелендіруді ұлы жолға қойған екен. Бүгінде бұл жол – ғылымға бастар даңғыл жол болып, түрік ғылым тілінің қарқынды дамуына мол мүмкіндік берді.

XX ғасырдың 50-жылдарында болған бір Түрік тілінің құрылтайында түрік қоғам қайраткерлерінің бірі Весим Аталай: «*Анадолының өліп бара жатқан сөздерін алып, тірілткіміз келеді. Бұл қылмыс па екен?*», – деп, түрік тілінің ғылым тілі болатындығына сенбегендерге өзінің Мысырдан әкелген арабтардың тек төл тілінде жасалған 6 томдық терминдер сөздігін алға тартады. Содан соң 1949 жылы түрік тілінің терминқорын жасау мақсатында халық аузынан жинаған 5 томдық кітап 1957 жылы шыққан еді.

Жалпы алғанда, тарихи даму тұрғысынан түркі тілдері бір-бірінен оқшауланды. Әрбір тілдің сөздік қоры үздіксіз жаңа ұғымдар мен терминдермен сол тілдік қорда немесе кірме сөздермен толықтырылып отырады да арнайы лексиканы бір-бірінен ажырата, айыра түседі. Түбі бір болғанмен, қазіргі кезде түрік тілдеріндегі сөздер алшақтана бастады. Себебі әдебиетінің, ұлттық мәдениет айырмашылығы, адам саны, шекарасына байланысты. Мәдениет, білім беру, жоғары оқу орындарында мамандықтардың көбеюіне байланысты да терминдер дами түседі. Түркі тілдеріндегі терминдердің тарихи даму жолдары да әртүрлі.

Осы тұрғыдан түркі тілдерінің көптілді терминологиялық сөздіктерін құрастырып, шығарудың түркі тілдерінің терминдік қорының дамуына қосар үлкен үлесі болатынын және өте маңызды іс екендігін баса айтқымыз келеді.

Қазақ, түрік тілдеріндегі грамматикалық терминдердің ортақтығы, оған жетудің тиімді жолдары бар ма, ол мүмкін бе деген сауалдарға жауап - грамматикалық терминдердің көп тілді сөздіктерін жасау, салыстыру, ортақтықтарын табу, ортақ терминжасам тәсілдері мен үлгі-моделдерін жандандыру, белсендіру.

Түркі тілдерінің ортақ терминдер қорын жасау мәселесі түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік алған кезеңінен басталды. Алғаш рет қазақстанда түркітілдес мемлекеттері ғалымдарының 1997 жылы көптілді терминологиялық салыстырмалы сөздіктерін жасаудан бастауы – осының дәлелі. Тәуелсіздігімізді алғаннан кейінгі жылдары алғаш бұл игі іс 1997 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Йассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінде бастайды. Салалық көптілді терминдер сөздіктерін жасауға Қазақстан, Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан, Татарстан, Башқұртстан, Қарақалпақстаннан ғалымдар қатысқан болатын.

Белгілі татар ғалымы М.Зәкиев терминологиялық сөздіктер жасау ісіне атса-



лысқан ғалымдардың бірі болды. Ол аталған мәселенің түркі халықтарының сақталуы мен дамуында маңызды рөл атқаратындығына баса мән бере отырып, ең алдымен барлық салалар бойынша салыстырмалы көптілді терминологиялық сөздіктерін жасаудан бастау қажеттігін айтады. Сөздіктер жасау барысында ғылыми терминдердің жалпытүркілік қорын түркі тілдерінің және топтары үшін мәселен, оғыз немесе қыпшақ тілдері бойынша жасау мүмкіндіктерін анықтау мақсатын басты етіп қояды.

1997 жылдары басталған әлеуметтану, саясаттану, құқықтану және экономика салалары бойынша он түркі тіліндегі (қазақ, түрік, азербайжан, башқұрт, карақалпақ, қырғыз, өзбек, татар, түрікмен және ұйғыр) терминдер сөздіктері даярланды. М.Закиев баянамдамасында аталған бағыттар бойынша даярланған сөздіктерді лексикографтарға өз тіліндегі терминқорға мүмкіндігінше жақындату үшін тарату қажеттігін айта отырып, белгілі себептермен еңбек баспаға даярлану кезінде тоқтап қалғандығын қынжыла баяндайды. Ғалым бұл жұмыстағы маңызды мәселе деп ғылымның барлық салалары бойынша көптілді терминологиялық сөздік жасау үшін түркі тілдерінің дамыған терминқорының мүмкіндігі, әлеуеті мәселесін қояды [4].

Азербайжан тілі терминология саласының белгілі маманы С.А.Садықова ең өзекті мәселе түркі тілдерінің ортақ терминдер қорын жасауға баса мән беру қажеттігіне тоқталады. Ол терминдерді түркі тілдеріне ортақ және басқа тілдерден енген терминдер деп топтай отырып, ортақ терминдер санын арттыруда түркі тілдерінің өзара тәжірибе алмасуының маңыздылығын айтады. Жалпытүркілік қор үшін терминологиялық көптілді сөздіктердің қажеттігін, бүгінде оның өте өзекті екендігіне баса мән береді. Ортақ терминдердің жазылу ережелерін бекіту, қорыта айтқанда, қазіргі түркологиядағы маңызды мәселенің бірі ретінде түркі тілдеріне ортақ терминдерді қалыптастыру мәселесі екендігіне баса мән береді [4].

«Түркі тілдерінің ортақ терминқорын қалыптастыру – түркі тілдерінің қазіргі ғылым, салалық кәсіп тілін өзара дамыта отырып, ортақ ғылым, кәсіп тілін қалыптастырудың маңызды қозғаушы күші. Осы арқылы түркі тілдері өзара сөздік қорын қалпына келтіруге жол ашады. Термин жасау ісінде тәжірибе алмасудың құралы – түркі тілдерінің көптілді терминологиялық және де басқа сөздіктерін жасау» [4,111].

Бүгінде түркі тілдеріндегі көптілді терминологиялық сөздіктер жасау мәселесі – өте өзекті. Бұл мәселеде мына еңбектерді атап өтуге болады: Э.Севортянның «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі», Хасан Ереннің «Түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі», С.Старостин т.б. «Алтай тілдерінің этимологиялық сөздігі», Ресей ғылым академиясының Тіл білімі институтының көптомдық түркі тілдерінің этимологиялық сөздігі т.б. Ерекше атап өтетін еңбектердің бірі - «Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі [5]. Редакциялық алқасын басқарған, белгілі түрік профессоры, түркітанушы А.Ержіласұн бұл сөздікті Кеңестер

Одағы жығылып, Қазақстан секілді бірқатар түркі мемлекеттерінің тәуелсіздік алған жылдарымен бірге туындаған шығарма деп баға береді. Сөз басында редакциялығына жетекшілік еткен Ахмет Ержіласұн: *«Тіліміз бен әдебиетіміз, мәдениетіміз жаңа бір дәуірді бастан кешуде. Жүз жылдар бойы араб, парсы, соңғы ғасырларда батыс тілдерінің ықпалында болып келген түрік тілі бұдан соң өзінің қайнар көзінен қуат алып, дамиды. Бір-біріне жабық қақпалар ашылып, әдебиеті мен тілі бірі-бірінен толықтырылады, одан әрі дамиды»* - деп жазған еді. 1200 бет көлеміндегі үлкен көп тілді сөздікте (9 түркі тілі мен соңында орыс тілінде берілген жиілігі жоғары сөздер қамтылған) түркі тілдерінің қысқаша грамматикасы мен айтылым үлгілері де берілген. Сонымен қатар тіл білімі терминдері тұрғысынан Е.Гүрсой-Наскалидің *«Түркі әлемінің грамматикалық сөздігі»*. Бұл сөздікте автор 20 шақты түркі тілдеріндегі грамматикалық терминдерді салыстырып берген. Сөздікті құрастырудағы қиындықтардан ең алдымен кирилл әріптерін қолданатын түркі тілдеріндегі терминдердің латынша жазылуымен берудегі қиындықтар деп көрсетеді.

Бұл аталаған санаулы сөздіктер - түркі тілдерінің дамуына қосылған үлкен үлес.

Бүгінгі заман – ақпараттық технологияның қарқынды дамыған кезеңі, сондықтан интернет желісіндегі көптілді сөздіктер жөнінде қысқаша айтып кетуге болады. Интернет – кең виртуалды орта, ақпарат алмасу құралы. Интернет желісіндегі маңызды сайттардың бірі - eionet.euroa адресімен берілген 35 тілді терминологиялық сөздік. Бұл сөздікке түркі тілдерінен екі тіл, бірі- әзірбайжан, екіншісі түрік тілі енген. Мұндай типті онлайн жүйесіндегі электронды сөздік 1971 жылы ЮНЕСКО және ғылыми байланыстар халықаралық комитеті (ICSU) ЮНИСИСТ (UNISIST – *World Science Information System*) Э.Вюстердің жетекшілігімен ақпараттардың халықаралық жүйесі жобасы негізінде құрылған. Бұл стандартталған терминдердің көптілді терминологиялық жүйесі. Стандарттардың халықаралық ұйымы (ISO) әлемде стандарттау жұмыстарын реттейді. Осы аталған комитеттің *ISO/TC-37 «Терминология (ұстанымдары мен реттелуі)»* атымен берілген бөлігі терминологияны стандарттаумен айналысады.

Түркі тілдерінің терминологиясы осы жерден орын алуын да мақсат тұтуымыз керек. Бұл тұрғыдан маңызды жайттардың бірі – қазақ тілінің ең танымал автоматты аударма *Google* – аудармашы жүйесіне енгізілуі. 1998 жылы құрылған *Coogle* компаниясы басты әлемдік нарықта лидер веб-корпарация болып табылады. Бұл – ең үлкен жетістік. Бұл Билайн корпарациясы қолдауымен *WikiBilim* қоғамдық қоры арқылы жүзеге асты. 2012 жылы басталған көп ерік-жігер қажет етен еңбек 2011 жылы желтоқсан айында іске қосылып, жұртшылықты қуантты. Қазақ тілі онлайн жүйесінде 90 тілге аударылады және керісінше 90 тілден қазақшаға автоматты аударма жасалады. 2014 жылы ең танымал Мәселен, *googl trans latede* 2014 жылы енді. Бұл – үлкен жетістік.



Онлайн жүйесіндегі көптілді терминологиялық сөздіктердің бірі - *Windowsқа* арналған *polyglossum ver.4*. бағдарламасы. Бұл – ғылыми - техникалық терминологиялық көптілді сөздік.

Сонымен, жоғарыда айтылған мәселелерді түйіндей келгенде, түркі тілдерінде пайда болған жаңа ұғымдарды атауда ортақ тәжірибе алмасудың маңыздылығы түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасауға, ортақ терминдер жасаудың озық үлгілерін анықтауға негіз болуында. Қазақ және түрік тілдеріндегі терминдер жасау үлгілерін белгілеу – терминжасам жолдарын дамытудың бір жолы және терминдерді қалыптастыруда термин-модель, термин-үлгілермен алмасу жолдарын қалыптастырады, сондай-ақ түркі негізді сөзжасам жолдарын анықтауға негіз болады. Түркі тілдеріндегі терминдер қорын арттыру түркі тілдерінің сөздік қорының артуына, жақындасуына үлкен ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасауда түркі тілдеріндегі терминдердің жасалуының тәсілдерін (лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік,), функционалдық, өзіндік ерекшеліктері мен ортақ қырларын анықтау, тілдік тұрғыдан жүйелеу, осы тұрғысынан ұлттық терминқорды жасауда ұлт тіліндегі термин шығармашылығына нұсқан келтірмес үшін түркі тілдерінің терминжасамдағы озық үлгілері негізінде терминжасамның ұлттық үлгі/модельдерін қалыптастыру қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құрал. Сөздік-оқулық. Астана, 2009.
2. Қалиев Б. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. Алматы, 2008.
3. Исаев С. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, 2014.
4. Түркітілдес елдердің терминқорын қалыптастыру тәжірибелері. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Астана, 2011.
5. Түркі тілдерінің салыстырмалы сөздігі. Atatürk kültür, dil ve tarih yüksek kurumu, türk dil kurumu yayınları. Ankara, 1993.

Манасбай Қожанұлы
ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы
ұлттық қорғаныс университетінің доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚ ӘСКЕРИ ТЕРМИНДЕРІ ЖАЙЫНДА

2016 жылы Тәуелсіз Қазақстанның 25 жылдық мерейтойы кең көлемде аталып өткені және еліміздің ширек ғасырлық даму жолы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың басшылығымен тікелей байланысты екені, әлемге белгілі. Соның жалғасы – биылғы жылы аталып отырған - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің 25 жылдық және Ұлттық қорғаныс университетінің 20 жылдық мерейтойлары.

Тәуелсіз еліміздің Қарулы Күштері алдында қорғаныс қабілеттілігін нығайтуда, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде әскери терминдер мәселесінің алатын орны ерекше.

XX ғасырдың 30-жылдары қалыптаса бастаған терминология саласының мәселелері және сол жылдары құрылған Қазақ терминкомдар бұл күндері қазақ ғылымының дербес бір саласын құраумен қатар, әлі де өзектілігі мен маңыздылығын жойған жоқ.

Қазақ тіл білімінде терминология, оның ішінде әскери терминология лексикалық жүйенің жекелеген тілдік жүйесі тобына жататындықтан, отандық және шетелдік ғалымдар әскери терминология мәселесін әдеби тіліміздің бір тармағы ретінде қарастырып қана қоймай, оның әрбір ғылым саласының қалыптасып дамуына әсер ететіндігі және қандай деңгейге жеткені сол ғылым саласының терминологиялық жүйесінен көрінетінін айтады.

Жалпы терминология саласының мәселелерін зерттеген ТМД және шетелдік ғалымдарды былай қойғанда, қазақ ғылымындағы терминологияның қалыптасып, дамуына үлес қосқан ғалымдар:

А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, М. Жұмабаев, Н. Сауранбаев, С. Аманжолов т.б. есімдерімен қатар, кейінгі аға буын өкілдері: І. Кенесбаев, Ә. Қайдаров, М. Балақаев, Ш. Сарыбаев, А. Әбдрахманов, Т. Жанұзақов, Ө. Айтбайұлы,

Р. Өркенова, С. Исаев және кейінгі толқын іні буын өкілдері:

Ш. Құрманбайұлы, Е. Әбдірәсілов т.б. [1] және қазақ әскери терминологиясын тарихи тұрғыдан зерттеген ғалым Н. Ысқақова [2] т.б. отандық ғалымдар мен зерттеушілер қазақ ғылымының түрлі салаларына қатысты терминдер мәселесін сөз еткендіктен, бұл жерде қайталап жатпадық.

Мақала көлеміне орай, қазіргі қазақ әскери терминдері жайын қайта ой елегінен өткізіп, әлі де болса, шешімін таппаған кейбір мәселелер аясында өз ойларымызды ортаға салуды жөн көрдік. Соның кейбіреулеріне тоқталсақ:

Біріншіден, сонау 1926 жылдан бастап күні бүгінге дейін Қазақ әскери тер-



миндер сөздігі шығарылып келеді. Дегенмен, авторлар мен аудармашылар әскери термин сөздерді аударуда түрліше аударып, түрліше қолданылып келеді. Бұл тек әскери терминдерге ғана тән емес, барлық термин сөздерге тән құбылыс деп қараған орынды. Мысалы, А.Тоғысова «Әскери саладағы терминдерді бірізді қолдану мәселесіне» [3, 27-29 б.] атты мақаласында, Мемтерминком бекіткен 1998 жылы жарық көрген Сөздікте «заправиться» термині «жинақтал» деп бекітілген және де Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Жалпыәскери жарғысында да осы нұсқада беріледі. Ал 2000 жылы бұл термин қайта қаралып, «жөндел» деп аударылғанын тілге тиек етіп, әскери терминдердің әлі де бірізді қолданыс таппағандығын сөз етеді. Сондай-ақ, құрлықтағы, теңіздегі әскер тектері мен түрлерінде қолданылатын *шабуыл* сөзі орыс тілінде *атака*, *нападение*, *наступление*, *штурм* сөзімен, ал әуе күштерінде бір ғана налет (авиа терм.) сөзімен берілгенін көреміз. Мұндай мысалдарды ондап тізе беруге болады. Осы орайда, терминтанушы-ғалым Ш. Құрманбайұлы *шабуыл* сөзіне байланысты Ахмет Байтұрсынұлының аудармасына ерекше мән беріп: «...Әскерлік атауларында олардың өзіндік мағыналық ерекшеліктерін ескерілгенін атака – шапқын, набег – шабу, бас салу, наступление – ұмтыла ұрыс түрінде аударылғанын да байқауға болады» [4, 5-6 б.],- деп орынды келтіреді.

Жоғарыда келтірген бұл екі жәйттен: әрбір әскер тектері мен түрлеріне тән салалық терминдердің айырмашылығын, мағыналық ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана әскери терминдерді аударуда бірізділік қалыптасатынын аңғаруға болады.

Екіншіден, қазақ әскери терминологиясын сөз еткенде, салалық әскери термин сөздердің бәрі бірдей аударуға келе бермейтіні де белгілі. Мысалы: обеспечение полетов аэронавигационной информацией – аэронавигациялық ақпаратты ұшуда қамтамасыз ету; высота полета абсолютная – абсолютті ұшу биіктігі; полет внетрассовый – трассадан тыс ұшу т.б. Асты сызылған *абсолютная* және *внетрасса* сөздерін қазақшаласақ, жалпыға түсінікті *абсолютная* – «шексіз», *внетрасса* – «үлкен жолдан тыс» деп аударуға болады. Біздіңше, термин сөздердің бірінші кезекте мамандарға түсінікті болуын ескерсек, онда ұшу процесінде қолданылатын *абсолютная* (шексіз), *внетрасса* (үлкен жолдан тыс) сөздерін контекске қарай *абсолютті* (абсолютная) және *трассадан тыс* (внетрасса) деп аудару тиімді екені айтпаса да түсінікті. Дей тұрғанымен, әскери термин сөздерге балама терминдерді іздеудің қайнар көздерінің бір жолы – жалпыхалықтық сөздер. Бұл туралы ғалым Ш. Құрманбайұлы: «Жалпы қолданыстағы «дабыл» сөзі: «1) жаугершілікте, жорықта, той-думанда халықты бір жерге жию үшін пайдаланған аспап; 2) саусақпен қағып ойнайтын музыкалық аспап» деген ұғымдарды білдіреді.

Тіліміздегі осы сөздің терминденуі негізінде дабыл (тревога) әскери термин жасалған...» [1, 142 б.], - деп жазады. Сондықтан осындай әскери терминдерге

балама терминдерді жалпыхалықтық сөздерден, қазақ халқының ауыз және жазба әдеби мұраларынан, тарихи ескерткіштерінен т.б. іздеу және табылып жатса, оларды орынды қолдану артық болмайды.

Үшіншіден, тілімізде бір термин сөздің бірнеше синонимді баламасы кездесетінін ескерсек, онда қолдағы бар қазақ әскери терминдер сөздігі негізінде Қазақ әскери терминдердің синонимдік сөздігін құрастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Дегенмен, Қазақ әскери терминдер синонимдік сөздігін жасау мәселесі жеңіл емес. Ол үшін салалық әскери мамандармен бірлесіп, арнаулы экспедициялар ұйымдастыруды қажет ететіні белгілі. Осы жағын ҚР Қорғаныс министрлігінің Ұлттық қорғаныс университеті Ғылыми-зерттеу орталығының мамандары ҚР Білім және ғылым министрлігі

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандарымен бірлесіп ұйымдастырған жөн.

Төртіншіден, ҚР Қарулы Күштеріне бағынысты жоғары, орта және арнаулы әскери оқу орындары бар. Осы оқу орындары өздерінің салалық мамандықтарына орай, сөздік құрастыру және шығару жұмыстарымен ұдайы айналысып келеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін, мына нақты мысалдарға жүгінсек, бір ғана Ұлттық қорғаныс университетінде 20 жыл ішінде жалпы қазақ әскери терминдерге қатысты үлкенді-кішілі **он шақты** Сөздіктер шықты. Сондай-ақ Қорғаныс министрлігіне бағынысты Құрлық Әскерлері Әскери институты, Әуе Қорғаныс Күштері Әскери институты және Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институттарында даярланып жатқан мамандықтарға арналған Сөздіктердің шыққанын ескерсек, онда шыққан Сөздіктерді бірігіп пайдалану мәселесін былай қойғанда, оларды бір орталыққа жинақтау мәселесі, өкінішке орай, атымен жоқ. Осыдан келіп, әскери терминдерді қазақшаға аударуда жұртшылық арасында екі ұдайы пікірлер де жоқ еместігін теріске шығара алмаймыз. Тіпті, Мемтерминком бекіткен әскери терминдер арасында да алақұлалықтың барын кездестіруге болады. Мысалы: «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери нышандары» туралы ҚР Президентінің (1996 ж. 18.07. № 3068) Жарлығында аудармашылар мемтерминком бекіткен **флаг, знамя** сөзінің аудармасын назарға алмай, оларды бір ғана **ту** деп қате аударған [Қараңыз: **флаги** видов Вооруженных Сил Республики Казахстан (Сухопутных войск, Военно-Воздушных Сил, войск Противовоздушной обороны и Военно-Морских Сил-Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері түрлерінің (Құрлықтағы әскерлердің, Әскери-Әуе Күштерінің, Әуе қорғанысы әскерлерінің және Әскери-Теңіз Күштерінің) **тулары**); боевые **знамена** воинских частей Вооруженных Сил Республики Казахстан - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлімдерінің жауынгерлік **тулары**].

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы қаулысы бойынша Қорғаныс министрінің 2013 жылғы 26 шілдедегі № 359 бұйрығымен



министрліктің Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы жанынан салалық терминология комиссиясы тобы құрылған болатын. Өкінішке орай, бұл топ пәрменді жұмыс жасай алмай келеді, оған жоғарыда аталған мысалдар дәлел болса керек. Сондықтан ҚР Қорғаныс министрлігіне бағынысты Ұлттық қорғаныс университетінің Әскери ғылыми-зерттеу орталығы жанынан министрліктегі салалық терминология комиссиясы тобы негізінде орталықтандырылған қазақ әскери терминология тобын немесе зертхана құру қажеттілігін уақыт талап етіп отыр. Өйткені, біріншіден, Елбасының алдымызға қойған ТІЛДІҢ ҮШТҰҒЫРЛЫҚ аясында қазақ әскери терминдерін дамыту; екіншіден, салалық әскери мамандар арқылы қазақ тілінің ерекшеліктеріне сай қазақ әскери терминдерді бірізге түсіру; үшіншіден, әскери Жарғыда, оқулықтардағы және Мемтерминком бекітетін әскери терминдерді аударуда ала-құлалықты болдырмау; төртіншіден, әскери терминологиялық сөздік қоры базасын қалыптастыру т.б. Бір сөзбен айтқанда, әскери терминдерді бекітуде және Сөздікті құрастыруда авторлар мен аудармашылар әсіресе, салалық мамандармен бірлесіп жұмыс атқарғанда ғана бұл мәселенің оң шешімі табылатыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қайдаров Ә.Т., Айтбаев Ө. А. Қазақ терминологиясының қалыптасу тарихы, қазіргі жайы мен міндеттері//Кіт.: Қазақ терминологиясының мәселелері. – А., 1986. - 9-30 б., Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. - Астана., 2007.- 208 б.
2. Исакова Н.С. Казахская военная терминология. История становления и развития (1920-2008 гг.). Монография – Астана, 2005. – 226 с.
3. Тогузова А. Әскери саладағы терминдерді бірізді қолдану мәселесіне // ҰҚУ Хабаршысы, 2013, № 3. - 27-29-б.
4. Орысша-қазақша әскерлік атаулары//Сөздікті баспаға дайынд.: Ш. Құрманбайұлы, О. Жұбаева. – Қызылорда, 1926 жыл. 2005.-136 б.
5. Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана., 2007.- 208 б.

Нұрлан Шүленбаев

А.Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты Терминология

бөлімінің ғылыми қызметкері

ДІНТАНУ ТЕРМИНДЕРІ МЕН АТАУЛАРЫН ДҰРЫС САРАЛАП ЖҰРМІЗ БЕ?

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бүкіл халық болып, өз дінімізді, ділімізді, тілімізді дамытуға бет бұра бастадық. Осындай жауапты кезеңде сөз қолданыстарына, терминжасам мен аудармаға мұқият көңіл бөлу қажеттілігі туындады. Әлем дүрлігіп жатқан соңғы жылдары ислам дініне күйе жағу, сол дін өкілдеріне күмәнмен қарау етек ала бастады. Дәстүрлі исламға лаңкестік, экстремизм ұғымдары - тіптен жат нәрсе. Осы орайда, халықты ислам тарихы, оның бағыттары, оған қатысты қолданылатын терминдер мен атауларды түсіндіру жұмыстарын өз дәрежесінде жүргізген абзал.

Ғылымның қай саласына назар аударсақ та, оның қаншалықты деңгейге жетіп, қандай дәрежеге көтерілгені терминологиялық жүйесінен көрініп тұрады. Ресей ғылымында терминологияны зерттеудегі арнайы бетбұрыс Д.С.Лотте, С.А.Чпалыгин, С.И.Коршунов есімдерімен тығыз байланысты. Өткен ғасырдың 30-жылдары құрылған терминкомдар бұл күндері ғылымның дербес бір саласын құрап отыр және әлі де өз маңыздылығын жойған жоқ. Орыс терминологиясының дамуына А.А.Реформатский, Н.А.Баскаков, Т.Л.Канделаки, Б.Н.Головин, Г.В.Степанов, В.П.Даниленко сияқты ғалымдар, сонымен бірге бүгінгі таңда олардың ізбасарлары А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильев, К.М.Мұсаев және қазақ терминологиясын дамытуда А.Байтұрсынов, Қ.Қ.Жұбанов, Ә.Т.Қайдар, Ө.А.Айтбаев, Б.Қ.Қалиев, К.Юсуф, Ш.Құрманбайұлы т.б. сынды ғалымдар өз үлестерін қосып отыр. Бұл тілші-ғалымдардың қарастыратын мәселелері де жан-жақты. Атап айтқанда, терминологиялық жүйенің құрылуы, терминнің мағыналық ерекшелігін зерттеу, оның басқа тілдермен байланысы, сол тілдердің лексикалық қорына еніп, терминология жүйесінен орын алуы, т.б. Аталған саладағы өзекті тақырыптардың бірінен саналатын терминологияны біріздендіру мәселесі жайында профессор Ш. Құрманбайұлы былай дейді: «Терминологияны біріздендіру бірнеше сатыдан тұратын ауқымды да күрделі жұмыс. Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің бес сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші – белгілі бір тар мамандықтың шеңберінде біріздендіру; екінші – сала шеңберінде біріздендіру; үшінші – нақты бір ұлт шеңберінде біріздендіру; төртінші – туыстас тілдер шеңберіндегі біріздендіру; бесінші – тіларалық, ұлтаралық біріздендіру; алтыншы – халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру» [1, 121].



Өкінішке орай, пәрменді түрде жасалып жатқан жаңа терминдер мен атауларды реттеуге, біріздендіруге, оларды сөздіктерге енгізіп, көпшілікке жеткізуге келгенде шалағайлық танытып жатамыз. Ұқыптылық, біріздендіру, реттеу, жүйелендіру жағы кемшін түсіп жатады. Осы мәселеге байланысты академик Ө. Айтбайұлы: «Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде болатынына да байланысты екенін ескеру қажет. Терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады», - деп тұжырымдайды [2,16].

Біз қазіргі қоғамымызда айрықша орын алатын дінтану саласына қатысты атаулар мен терминдерді біріздендіру мәселесіне арнайы тоқталмақпыз. Дінтану терминдерінің мағынасын дұрыс түсінбеу кей жағдайда адамдардың санасында дін туралы жағымсыз түсініктердің пайда болуына әсер етеді. Өйткені атау мәнін түсінбеген жалпы халық белгілі бір терминнің бұрмаланып түсіндірілген мағынасын шындап қабылдап, сеніп қалады.

Соңғы жылдары *терроризм (лаңкестік), террорист (лаңкес), жиһад, экстремизм, экстремист, моджехед, салафизм, салафит, баххабизм, баххабист, ислам содырлары, шаһид, шаһид белдігі* т.б. сияқты терминдер мен атаулар теріс мәнде жиі қолданыла бастады. Мысалы, бүгінде жиһад сөзі көбіне жағымсыз мағынада түсіндірілуде. Жиһадты қару алып соғысу мағынасында біржақты түсінуге болмайды. **Жиһад** – (араб. – «күш жігер») – араб тілінде белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін, яки бір істі істеу үшін бар қажыр-қайрат пен ынта-жігерді жұмсау, тырысу, күресу деген мағыналарды білдіреді. Қасиетті Құран кітабында «*жиһад*» сөзі 35 жерде аталғанымен, төрт жерде ғана тікелей «соғыс» мағынасында келген. Құранда «соғыс» ұғымы «*харб*», «*мухарабә*», «*мағрака*», «*қитал*» терминдерімен білдірілген. Барлық дипломатиялық байланыстар нәтижесіз аяқталып, келіссөздерден толықтай үміт үзілген шақта отанды қорғау үшін қолға қару алып, жиһад жасауға болады. **Жиһад** – «адамға Алла тағаланы тану үшін жол ашу» дегенді де білдіреді. Жаратушыны тануға сауатсыздық, кедейшілік пен еркін ойға, санаға жасалған шектеулер кедергі келтірсе, солармен күресу үшін атқарылатын барлық іс-шара жиһад болып есептеледі [3]. Ал ҚООҚТС-та (философия және саясаттану): *жихад – джихад* түрінде берілген [4, 96]. Сонда бұл сөзді «ислам дініне кесірін тигізушілерге қарсы күрес» мағынасында түсінген дұрыс.

Күнделікті қолданылатын *мінбе, мінбер, мұнара* сөздерінің де араб тілінен енгенін біле бермейміз. **Халықта мінбе сөзі «ортаға шығып сөйлеуге арналған орын», ал мұнара сөзі «ғимараттың биік бөлігі» деген ұғымдарды береді. Мінбер** – (араб тіл. «*минбар*»). Мешіт имамы Құран, құтпа оқығанда немесе

уағыз-насихат айтқанда шығатын орын. Мінбер мешіттің басты белгілерінің бірі болып табылады. Михрабқа таяу орналасады. Мінберді ағаштан, тастан кейде кірпіштен жасайды [3]. ҚОС-та бұл сөз: **Мінбе – трибуна** [5, 624]. Осы сөздікке мінбер сөзі енгізілмеген екен. Ал ҚООҚТС-та керісінше мінбер сөзі беріліп, *мінбе* сөзі берілмейті. **Мінбер, кафедра** – кафедра [4, 157]. Бұған байланысты *мінбеге шығу, мінбеге көтерілу, мінбеден сөйлеу, биік (жоғары) мінберден сөйлеу, мінберден сөз алу, мемлекет мінбері* сияқты тіркестер бар.

Мұнара (араб тіл. – «*минарат*» – «*маяк*») – мешіттің негізгі бөлігіне жалғастырылып немесе бөлек салынады, «муаззин» (азаншы) азан шақырғанда даусы ұзаққа жету үшін арнайы салынған ғимарат [3]. ҚОС-та: Мұнара - 1) башня, вышка 2) минарет [5, 624]. ҚООҚТС-та: мұнара – башня [4, 156]. Қазіргі тілдік қолданыста «Көктөбе», «Бәйтерек» *мұнарасы* атаулары бар.

Зәмзам сөзін айтқанда ойымызға «тәтті су, сусын» мағынасы келеді, яғни зәмзам сөзі «тәтті, шөл қандыра» ұғымдарымен ассоциацияланады. Тілімізде зәмзам суындай, зәмзам сусыны, зәмзамдай тәтті, т.б. сөз тіркестері қалыптасқан, тіпті Зәмза, Зәмзагүл деген әйел есімдері де бар. Ал бұл сөздің мағынасы тек жалпы суға ғана қатысты емес, бастау, бұлаққа да қатысты. Зәмзам суы – зәмзам бұлағынан алынған су. **Зәмзәм** – (араб тіл. – «*мол су*») – Қағбаға жақын исламның бас мешіті әл-Масджид әл-Харам аумағында орналасқан қасиетті бұлақ. Зәмзәм бұлағының суы шипалы деп есептеледі [3]. ҚОС-та: **Зәмзам** (или – **суы**) *a rel.* – 1) священная вода из колодца в Мекке 2) *перен.* целебная вода [5, 365]. Ал ҚООҚТС-та: *зәмзәм – замзам* түрінде берілген [4, 101].

Халқымызда қағба сөзін «Меккедегі құлшылық жасайтын төрт бұрышты қара тас» деп түсіну бар. **Қағба** – (араб тіл. - «*куб*») – Меккедегі масжид ул-харамда (Қасиетті мешіт) мұсылмандар құлшылық ететін қастерлі орындағы тұңғыш ғимарат. «Қасиетті үй», «көне үй» деп те аталады. Қағбаның бір бұрышына Қара тас салынған. Қажылық сапар кезінде Қағбаны айнала тауаф рәсімі орындалады. Қағба сондай-ақ бүкіл әлемдегі мұсылмандар үшін намаз оқу кезіндегі құбыла – бағыт қызметін де атқарады. Меккедегі масжид ул-харамда (Қасиетті мешіт) орналасқандықтан "әл-Бәй-түл-харам" (қасиетті үй) деп те аталады [3]. ҚОС-та: **Қағба** – а Қаба (*мусульманский храм в Мекке, где хранится камень, служащий священным объектом паломничества и поклонения мусульман*) [5, 458]. Ал ҚООҚТС-та *қағба – қааба* түрінде берілген [4, 125]. Сонда бұл сөзді тек «қара тас» мағынасында ғана емес, «орын, ғимарат» мағынасында да түсінген дұрыс.

Соңғы кездері жиі қолданыла бастаған атаулардың бірі - *халиф, халифат* сөздері. **Халиф** – Мұхаммед пайғамбар қайтыс болғаннан кейін оның араб мемлекетінің басшысы болған орынбасарлары. **Халиф** – (араб тіл. – «*мұрагер*», «*басшы*») – ертедегі исламдағы Мұхаммед пайғамбар қалдырған өсиеттер мен қағидаларын орындауды қадағалау үшін сайланатын мемлекеттің жоғарғы билеушісі және діндарлар қауымының жетекшісі. **Халифат** – халифтер басқарған



исламдық Араб мемлекеті, оның құрамына кірген елдер [3]. ҚОС-та: **Халифа** – а халиф, **Халифат** – а халифат [5, 892]. Ал ҚООҚТС-та *халиф* – *халиф, халифат* – *халифат* түрінде берілген [4, 226].

Әдетте *сахаб* сөзін «әскер», «пайғамбар серіктері» деп түсінеміз. **Сахабалар** – (араб тіл. – «замандас») – Мұхаммед пайғамбардың кезінде исламды қабылдап, кейін мұсылман болып көз жұмғандар. Оның замандастары, серіктері, ислам дінінің нығайып, әлемге таралуына еселі еңбек сіңіргендер [3]. ҚОС-та: **Сахаба** – а *рел. сподвижник пророка Мухаммеда* [5, 714]. Ал ҚООҚТС-та *сахаб*, *сақаб* – *сахаб* сөздері алыныпты [4, 185].

Уәдесінде тұрмайтын, сөзге тоқтамайтын адамға арнап *пәтуасыз, сөзінде пәтуа жоқ* немесе біреумен келісу мәнінде *пәтуәлесу, пәтуәға келу* тіркестері қолданылады. «Пәтуә – құдай серті» деген де тілдік қолданыс бар. **Пәтуа** – (араб тіл. – «түсіндіру») – шариятта қандай да бір ұйғарымды қабылдау немесе түсінік беру үшін жасалған құқықтық қорытынды және шешім [3]. ҚОС-та: **Пәтуа** – а сговор, договор, согласие (словесный) [5, 681]. Ал ҚООҚТС-та *пәтуа* – *фетва* сөздері алыныпты [4, 174].

Дін саласында *періште* сөзін жиі қолданамыз. **Періштелер** – (грек тіл. – «хабаршы», «елші»), Құдайдың еркін білдіретін және ғажайып мүмкіндіктері бар рухтар. Інжілде Періштелер *қызмет рухтары* деп аталады. Көбінесе олар арқасында аппақ қанаттары бар адамдар кейпінде бейнеленеді. Исламда періштелерге сену мұсылман сенімінің ажырамас бөлігі болып табылады, ол – иман келтіру шарттарының бірі. Ислами деректерде періштелердің нұрдан жаратылғандығы, жынысы болмайтындығы, шаршау, жалығуды білмейтіндігі секілді ерекшеліктері айтылады. Олардың тіршілігінің мәні Аллаһқа құлшылық етуден құралады [3]. ҚОС-та бұл сөз парсыдан енген сөз ретінде берілген: **Періште** – *п. рел.* 1) ангел, архангел 2) *перен.* безгрешный, чистый, ангел [5, 682]. Ал ҚООҚТС-та *періште* – *ангел* [4, 174]. Бұл атау төл сөздеріміз сияқты сөздік қорымызға берік орныққан. Қазақта «*Алтын көрсе, періште жолдан таяды. Періште – тек бала ғана*», «*Жерде жетім жыласа – көкте періште тітіркенеді*», «*Бір жетім қуанса – мың періште той қылады*» сияқты мақалдар, *періштелер қолдасын (жебесін, желеп-жебеп жүрсін), періште әумин десін, періштелер жолыңды оңғарсын*» сынды қолданыстар бар.

Терроризм, террорист, экстремизм, экстремист, моджахед сөздері көбіне қатар жұмсалады. Алдыңғы екі сөзді, тиісінше лаңкестік, лаңкес түрінде аударып жүрміз. *Террорист, экстремист* сөздерінің орнына кейде содыр нұсқасы да қолданылып жүр. **Терроризм** (лаңкестік) – (лат. тіл. – «үрей, қорқыныш», «қорқыту») – экстремизмнің шеткі көрінісі. Терроризм (лаңкестік) саяси мақсатқа жету жолындағы аса қатігездік, қорқыту, күштеу әдістерін қолданады. **Экстремизм** – (лат. тіл. – «шеткі») – адамның басқа түсініктерді, сенімдерді, дәстүрлер мен құндылықтарды қабылдамауға түрткі болатын белгілі бір сенімдер мен

идеяларға деген шектен тыс радикалды көзқарас жолын ұстануы [3]. ҚОС-та: *Терроризм – терроризм* [5, 788], *Экстремизм – экстремизм, Экстремист (-ске, -сі) – экстремист* [3, 957] нұсқалары ұсынылған. ҚООҚТС-тың қазақша-орысша бөлігінде *лаңкестер, терроршылар – террористы* [4, 141], *Экстремизм – экстремизм* [4, 243] түрінде, ал орысша-қазақша бөлігінде *терроризм – терроризм, лаңкестік, террорист – лаңкес, террористы – лаңкестер*, сөздерімен қатар, *терроризм международный – халықаралық терроризм, лаңкестік, терроризм политический – саяси терроршылық, лаңкестік, террористические угрозы – террорлық қауіп-қатерлер, террористический акт – террорлық акт* сөздері берілген екен [4, 451]. Газеттерде экстремизм, экстремист сөздері содырлық, содыр болып беріледі. Сөнге айналған содырлық. «Жас Қазақ», 9 желтоқсан 2011 жыл. № 48 (360). Содыр болсам қайтеді? «Дала мен қала», 28 қыркүйек 2008 жыл. №35 (262); Содырлар мінез танытты. «Ана тілі», 7 - 10 қазан 2010 жыл. № 40 (1033); Тіпті, сол содырлардың кім екенін ашық айтпай, «дін жамылған террористер» деп оларды қалқалауы – нені көрсететіні белгілі ғой. «Қазақ үні», 14 қазан 2011 жыл. № 41-42 (513). Сондай-ақ терроризм, террорист сөздері *ланкестік, ланкес, ланкесші* ретінде жазылып жүр. Бейсенбі күні АҚШ президенті Джорж Буш Нельсон Мандела жетекшілік ететін Африканың ұлттық конгресі ұйымын ланкестік ұйымдардың қатарынан шығару туралы бұйрыққа қол қойды. «Дала мен қала», 4 шілде 2008 жыл. № 26-27 (254); «2001 жылы қыркүйекте АҚШ-та ланкестік жасаған бен Ладеннің көзін жойдық. «Жас алаш», 4 мамыр 2011 жыл. № 34 (15596). Қамауға алынға ланкестің берген түсініктемесінде жарылысты ұйымдастыруға жергілікті әкімшіліктің 15 адамы көмектескен көрінеді. «Айқын», 12 тамыз 2008 жыл. № 149 (1086); Тарих бетінде қаралы Олимпиада ретінде сақталатын бұл доданың шырқын израильдік спортшыларды кепілге алған палестиналық ланкестер бұзды «Айқын», 4 наурыз 2010 жыл. № 38 (1462). Ланкесшілердің бірі өзін Президент сарайы жанында жарып жіберді» дегенді алға тартуда. «Ана тілі», 21-27 қаңтар 2010 жыл. № 3 (996).

Муджахит – (араб тіл. – «күресуші» «*күш жігер салушы*») – жихадқа қатысушы. «Муджахит» – тек сарбаз емес, ол сондай-ақ күресі джихадтың оң мағынасының аясына сәйкес келетін кез келген мұсылман да [3].

Шариғат сөзі де өте жиі қолданылатын сөздер қатарында. **Шариғат** – (араб тіл. – «*түзу, дұрыс жол*») – Алла тағаланың құлдарына намаз, ораза, қажылық секілді т.б бұйырған міндетті амалдары. Сонымен қатар, мемлекеттік, мұралық, қылмыстық және неке-отбасылық құқықтық нормалардан тұратын, Құран мен Сүннет негізінде құрастырылған исламдық құқықтық және теологиялық нормалар мен заңдар жинағы [3]. ҚОС-та: **Шариғат** – *а рел.* шариат (свод законов о правилах поведения и обязанностях мусульманина) [5, 907]. Ал ҚООҚТС-та **Шариғат** – шариат [4, 233] түрінде берілген.

Соғыста қаза тапқан адамды *дүние салды, қаза тапты, опат болды*, деумен



қатар *шейіт* болды деп те айтамыз. Әлбетте, ұрыста адам белгілі бір мақсат жолында «шейіт» болады. **Шейіт (шәйіт)** – (араб тіл. «шаһид») – дін жолындағы соғыста немесе отбасын, отанын Алла үшін қорғап, дұшпан қолынан қаза болған мұсылман. «Шахид болу» деген сөзді арабшадан мағынасын бұзбай аударғанда «сыртқы күш тарапынан өлтірілу» дегенді білдіреді. Ал өзін-өзі жарып, өлімге бару шахидтікке жатпайды [3]. ҚОС-та: **Шейіт** – *a rel.* погибший за [мусульманскую] веру [5, 912].

Алла жолынан тайған, оған күмән келтірген адамды қазақта «Аллаға серік қосты» дейді. **Ширк** – исламда Алладан өзгеге табыну және Алладан өзгеден сұрау. Аллаға серік қосу [3].

Исламда салықтың түрлерін таңбалайтын *пітір* және *зекет* атаулары бар. **Зекет** – (араб тіл. – «өсу», «тазару») – исламдағы бес парыздың бірі. Мұсылмандар арасындағы ауқатты адамдардың дүние-мүлкі зекет мөлшеріне жетіп, өзінің қажеттілігінен артылған жағдайда мұқтаж кісілерге көмек ретінде беруге тиісті жыл сайынғы міндетті садақа. ҚОС-та: **Зекет** – *a rel.* 1) зекет (ежегодное налогообложение мусульман налогом со скота) 2) зекет (подать, приписываемая шариятом в пользу бедных, в размере 1/40 доли скота или имущества); ~ ің (болып) кетейін! я готов ради тебя на все (*букв. стать бы мне податью за тебя!*) **Зекеттік** – *rel.* предназначенный для зекета. [5, 367]. **Пітір** – *a rel.* фитр, подать, собираемая по случаю завершения поста рамазана. Осы сөзбен қатар, **Пітір-садақа** – собир. подати налоги, поданные (*по случаю истечения срока мусульманского поста – рамазана*) сөзі де **көрсетілген** [5, 687]. ҚООҚТС-та **Зекет** – закят [4, 102] нұсқасында жазылса, ал *пітір* сөзі берілмеген. Қазақта *зекет салығы*, *пітір салығы* сөз тіркестері, «*Зекетсіздің малы – арам, тілсіздің тілі – арам*» деген мақал бұрыннан қолданылады.

Садақа – (араб тіл. – «шынайы іс-әрекет») – ислам діні бойынша қайырымдылық мақсатында мұқтаж адамдарға берілетін ақшалай немесе заттай көмек [3]. ҚОС-та: **Садақа** – *a rel.* 1) *этно.* искупительная или благодарственная жертва по народному обычаю (*для изгнания духа болезни от глаза и т.п.*) 2) милостыня, подаяние. ҚООҚТС-та: **Садақа, қайыр беру** – садақа [4, 182]. Халықта «Садақаны сау кезінде бер», «Бастан құлақ садақа», «Өзбек – өз ағам, сарт – садағам», т.б. мақалдар бар.

Сопы, сопылық, зікір, зікірші, зікір салу сияқты сөздердің де мағынасын көп ретте дәл түсінбей жатамыз.

Сопылық – (араб тіл. «*тасаууф*» – «*тазалық*») – Исламның қайнарынан бастау алатын рухани құндылық, ислам дінінің дүниетанымдық, ахлақтық-этикалық, эзотерикалық қырларынан көрініс беретін, адамның Аллаһ Тағаланы тануы мен рухани адамгершіліктің кемелденуіне мүмкіндік беретін ілім, мистикалық ағымның бірі [3]. ҚОС-та: **Сопы** – *a rel.* 1) суфий (*аскет, мистик*); 2) *перен.* набожный; богомольный; смиренный; воздержанный человек; 3) *ирон.* святоша. **Сопылық**

(-ғы) – *отвл. от* софы. суфизм. (*мистико-аскетическое направление в исламе*) [5, 730]. ҚООҚТС-та *сопы – суфий, сопылық – суфизм* [4, 194].

Зікір – (араб тіл. «*зикр*» – «*еске алу*», «*еске түсіру*», «*жадына сақтау*»). Сопылық ілімде – Алла тағаланы еске алу, оны ұмытпай, үнемі ойлау. Алланы әрдайым еске ала отырып, оның әмірлерін терең түсіну және ұжданның түкпірінен келген қалтқысыз сезіммен оны құлай сүю. Тілмен айтылатын зікір, яғни «*зикр лисан-и*» – лә иллаһа иллаллаһ, субханаллаһ, әлхамдулиллаһ, аллаһу әкбар сияқты т.б. сөздерді қайталап айтудан тұрады [3]. ҚОС-та: **Зікір** – *a rel.* 1) *зикр, радение дервишей (доведение себя до экстаза путем бесконечного повторения 99 эпитетов Аллаха)* 2) *этно., уст. заклинание, с помощью которого в старину баксы пытались лечить болезни.* **Зікірші** – 1) **радетель (дервиш)** 2) **заклинатель** зикром [5, 371]. ҚООҚТС-та *зікір – зикр* [4, 102].

Радикалды исламды уағыздаушыны, соған сенетін адамды бүгінде *ваххабист, салафит* деп атап жүрміз. **Уаһһабилік** – (араб тіл.) – XVIII ғасырда Арабияда пайда болған ислам дінінің ағымы. 1703-1787 жылдары өмір сүрген шейх Мұхамед ибн Абдул Уәһһаб ат-Тамими атымен қойылған. Уаһһабилік салафизм (араб тіл. «*салафа*» – «*бастапқы болу*») жолын таратады. Уаһһабиліктің басты догматы – бір Аллаһқа сену болып табылады. Олардың ойынша, нағыз исламды Мұхаммед пайғамбарға ілесуші алғашқы үш ұрпақ қана таратқан болатын. Одан кейінгі енгізілген жаңашылдықтарды бидғат деп жоққа шығарады [3]. ҚООҚТС-та *бахазизм - бахаизм* [4, 51], *салафиттер – салафиты* [4, 183].

«Салаф» сөзінің мағынасы «*әуелгі бабалар*» дегенді білдіреді. Алғашқы салафиттер және оның сансыз ізбасарлары, өзара жауласқанына қарамастан, негізгі үш қағидаға имандай сенді: таухид – бірқұдайлықты қатаң ұстану; бидға – діндегі жаңалықтардан бас тарту; тахлидке (қандай да бір ислам мектебінің немесе беделді ғалымның ізін қууға) қарсылық.

Салафилер дінді ислам әлеміндегі түрлі халықтың этномәдени, тарихи және өзге де ерекшеліктеріне негізделген барлық «*жат*», «*кірме*» түсініктер мен тәжірибелерден тазарту жолында жойқын күрес жүргізуді өздеріне мақсат етіп қойды. Салафизм исламдағы барлық жаңалықтан бас тартуды, әуелгі догмаларға қайта оралып, оның қатаң түрде, дәлме-дәл орындалуын талап етті. Дамудың кез келген түріне жол жоқ. Бұл бізге қолдануға болмайтын нәрсе, өйткені мұндай жағдайда прогресстен бас тартуымызға тура келеді.

Салафизм *жиһад* ұғымын бұрмалап, оны қарулы күрес ретінде, біржақты ғана тәпсірлейді. Сондай-ақ, олар бұл күресті барлық мұсылмандардың өмір сүруінің жалғыз, әрі шынайы формасы ретінде қоғамға таңып отыр. Ал жиһадтың дәстүрлі мағынасы – өзіңнің нәпсәни кем-кетіктеріңмен күресу. Әу бастан-ақ догматизмі мен радикализмі үшін сынға алынған салафилер, Алла мен адам арасындағы кез келген «*дәнекерлікті*» жоққа шығарады. Осылайша барлық сүнниттік мазхабтармен қақтығысқа түседі.



Қазақстан мен Орталық Азия мемлекеттері үшін исламның дәстүрлі формасы қоршаған әлемді интеллектуалдық тұрғыда қабылдауды бағдар еткен ханафиттік мазхаб пен далалықтардың ата-бабаларына деген киелі қатынасынан бастау алатын әулиелер дәстүріне негізделген «түркілік» сопылық екені белгілі.

Мазхабты ұстанатын елдер мен мемлекеттер әлемдік мәдениет пен ғылымның қазынасына қомақты үлес қосты. Мысалы, ханафизмде дәріптелген ой еркіндігінің нәтижесінде әл-Фараби, Ибн Сина секілді әлемдік ой-пікірдің алып тұлғалары дүниеге келді. Олардың әлем өркениетіне қосқан үлесі тек ислам топырағында оқшауланып қалған жоқ. Бұл туралы француз философы Александр Койре: «Мұсылмандар латындық Батыстың ұстаздары мен тәрбиешілері болды...» деген. Бұл тұрғыдан келгенде, қазақтар үшін дәстүрлі ханафи мазхабы елдегі жаңа білімнің культін қалыптастырудың, кемелденудің және дамыған мемлекеттер қауымдастығына ұмтылудың тамаша идеологиялық платформасы болып табылады [6].

Дәстүрлі ислам дінінің негізгі екі бағыты - *суннизм* және *шиизм* бар екенін білеміз. Ал олардың ерекшеліктерінен, дін ұстану қағидаларынан бейхабармыз. **Суннизм / сүннет жолын ұстанушылар** – Ислам дінінің бір бағыты. Құран Кәрімді және Мұхаммед пайғамбардың хадистерін, сондай-ақ оның артынан ерген сахабаларының сенім мәселесіндегі ұстанымдарын басшылыққа алады. **Шиизм** – (араб тіл. – «*жолын қуушы*», «*партия*») – ислам бағыттарының бірі. Бастапқыда Пайғамбардың мұрагері ретінде оның күйеу баласы Әлидің қабылдаған саяси партиясы. Шииттер Сүннетті мойындамайды және өздерінің шарттары бар [3]. ҚОС-та: **Сүннит** – *a rel. суннит (течение в мусульманской религии)* [5, 747]; ҚООҚТС-та *сүнне – сунна, сүннешілік – суннизм* [4, 197]; *шииттер – шииты, шиитшілдік – шиизм* [4, 235].

Соңғы жылдары әлемде мойындалмаған *Ислам мемлекеті, Ирак және Шам Ислам мемлекеті, Ирак және Сирия Ислам мемлекеті, Ирак және Левант Ислам мемлекеті, Әл-Қағида қозғалысы, Ән-Нұсра майданы* атаулары пайда болды.

Ислам мемлекеті (ИМ; араб.: *إسلام دولة* — әд-Дәулә әл-Исламия; қысқаша: ИШИМ, ИСИМ немесе ДАИШ) — радикалды исламизм (сәләфи-жиһадитәкфири) идеологиясын ұстанатын әскери лаңкестік ұйым және халықаралық қауымдастық мойындамаған квазимемлекет.

Ислам мемлекеті идеологиясының тағы бір құрамдас бөлігі — сәләфия (нақтырақ айтқанда оның зорлық-зомбылыққа үйір жиһадия ағымы). «Сәләфия» деп сүнни Ислам ішіндегі «дінді тазартуға» ұмтылған қозғалысты атайды. Сәләфилер басты назарын көпқұдайшылдықты (ширк) жою және бірқұдайшылдықты (таухид) орнату мәселесіне аударады. Сәләфилер тек өздерін ғана шын мұсылман деп санайды. Тау-тастарға, әулиелерге, қабірлерге және т. б. заттарға табынып жүрген мұсылмандарды діннен безген кәпірлер деп есептейді. Бұлардың қатарына шииттер, демократтар және демократиялық жүйеге ат салы-

сып жүргендер де жатқызылады. ИМ-нің шииттерге қарсы ұстанымы сәләфилер мен шииттердің арасындағы ежелден ұласып келе жатқан қақтығыстан шыққан.

Тыйым салынған (харам) нәрселердің қатарына алкогольдік ішімдіктер ішу мен темекі шегу кіреді. Алкоголь ішкен адам сабау арқылы жазаланады, темекі шеккен адам айыппұл төлеуге мәжбүр. ИМ-ге салық төлемей контрабандамен айналысқан адамдар айыппұлмен жазаланады. Автокөліктерінде музыка тыңдағандар мен шарифатқа сай киінбеген әйелдер де жазаға тартылуы мүмкін. Әрбір ер адам намаз уақытында міндетті түрде мешітке келуі тиіс, бұл уақытта дүкендердің жұмысына тыйым салынған. Батыстың БАҚ-тары көбінесе дене мүшелерін кесу және бас шабу сияқты ауыр жазаларға (худуд) назар аударғанымен, ИМ-нің соттары тағзир деп аталатын жеңіл жазаларды (сөгіс, ескерту, тәрбиелік сөз) да қолданады.

Ислам мемлекетінің содырлары Әл-Қағида көсемі Айман әз-Зауаһиридің «жүректерді жаулау» туралы кеңесіне құлақ түрмесе де өзінің жолдауларын тарату үшін әлеуметтік медиа құралдарын шеберлікпен қолданып жүр. Әлемдегі ең қатыгез лаңкестік ұйымның үгіт-насихаты да жоғары деңгейде ұйымдастырылған. «Әл-Хаят» деп аталатын ИМ-нің медиа орталығы жүздеген бейнежазба жариялап үлгерді. Оның ішінде бірнеше минуттық бейнежазбалардан бастап, ұзақтығы бір сағатқа жететін фильмдер бар. Олардың көп бөлігінде Голливуд стиліндегі әдіс-тәсілдер мен арнайы эффектілер қолданылған. ИМ жариялаған «Қылыштар шылдыры» (араб.: *أبرأوصال ليلص*) атты фильмнің 4-ші бөлімін *New York Times* газетінің сыншысы Дэвид Каррдың өзі мақтаған. ИМ-нің үгіт-насихатын Интернет желісінде тарататын көптеген «жанкүйері» бар. *Twitter* әлеуметтік желісінде қаптап жүрген оларды әлі күнге шейін тоқтату мүмкін болмай тұр.

ИМ батыс елдерінде уағыз-насихатын тарату үшін 2014 жылдың шілде айында ағылшын тілінде «Дабиқ» (ағылш. *Dabiq*) журналын жария етті. Оның атауы Алеппо қаласынан солтүстікке қарай орналасқан Дабиқ елді мекенімен байланысты. Мұхаммед пайғамбардан (с.а.с.) жеткен хадиске сәйкес, Ақырет күнінің алдында христиандар («римдіктер») мен мұсылмандар арасындағы ақтық шайқас дәл осы жерде орын алған екен. «Дабиқ» журналы ИМ-нің негізгі басылымы саналады. Журналдың сыртқы көрінісі Батыстың бірқатар атакты басылымдарына ұқсайды және мінсіз ағылшын тілімен жазылған. «Дабиқты» басып шығару жұмысымен «Әл-Хаят» орталығы айналысады [7].

Атам заманнан бері тың көзқарастарға бейім, зияткерлік сұхбатқа дайын Ұлы дала тұрғындарына қатаң догма мен діни радикализм – жат құбылыс. Сонымен бірге, нағыз қазақ өзінің шежіресін, жоқ дегенде жеті атасына дейін білуі тиіс, ал салафизм болса қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына (өлгенге құран бағыштау, аруаққа сену және т.б.) үзілді-кесілді қарсы. Далалықтардың дінді соқыр сенім еткісі келетіндерді сынағаны жөнінде қазақ



ауыз әдебиетінен көптеген мысалдар келтіруге болады. Мысалы, Қашағанның керемет термесі бар. Ол әуез бен домбыраны исламға жат деп санайтын салафиге күйрете тойтарыс береді. Салафилердің сопыларды өздерінің негізгі бәсекелесі санауының бір себебі де осымен байланысты болар.

Қорыта айтқанда, басқа салалар сияқты теология терминдері мен атауларын нақты түсініп, оларға талдау жасап отыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Терминдерді орнымен қолданып, олардың мәнін дұрыс түсінгенде ғана дәстүрлі дінімізге қатысты айтылып жүрген кейбір қайшы пікірлерге, бұрмалаушылықтарға ұрынбаймыз. Теология терминдерін түсіндіру, оларды тұрақты жариялауды реттеу (упорядочение), біріздендіру (унификация) сияқты терминологиялық жұмыстар тұрақты түрде жүргізіліп отырғаны дұрыс. Мерзімді баспасөз беттерінде дінтануға байланысты қазірде қолданылып жүрген терминдер мен атаулар жиі жарияланып отыруы тиіс. Халық арасында аталған сөздерді дұрыс түсіндіру жұмыстары жүргізілсе, адамдардың өз дінін құрметтемеуі, басқа діннің жетегінде кетуі, қасиетті ислам дінімізге күмәнмен қарап, басқа жолға бағыт алуы болмас еді. Ал ислам діні – ізгілік діні. Ол халықты сабырлыққа, рухани тазалыққа, жақынына жамандық жасамауға үндейтін дін. Олай болса, дініміздің қадірін арттыруға дінтанушылармен қатар тілшілердің де атсалысуы қажет деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құрманбайұлы Ш. Терминтану. Оқу құралы. – Астана, 2007. – 160 б.
2. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі. (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
3. <http://sunna.kz>
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Философия және саясаттану / Жалпы ред. басқ. М.Б. Қасымбеков, жобаның ғылыми жетекшісі А.Қ. Құсайынов. – Алматы: «Қазақпарат» баспа корпорациясы, Т.: 22, 2014. – 488 б.
5. Казахско-русский словарь: около 50 000 слов /Под ред. Чл.-корр. НАН РК Р.Г. Сыздыковой, проф. К. Ш. Хусаина. – Алматы: Дайк пресс. 2008. – 962 с.
6. <http://e-islam.kz>
7. <https://kk.wikipedia>

Рақымжан Тұрысбек

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы*

АКАДЕМИК ЗӘКИ АХМЕТОВ ЖӘНЕ ТЕРМИНТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Арыдағы арналардан тамыр тартпай-ақ, Қазақ білімпаздарының алғашқы құрылтайын еске алсақ (Орынбор, 1924, 12-18 маусым), осы жиында ұлт руханиятының келелі мәселелері қозғалады (мысалы, жазу ережелері, әліпби жайы, халық әдебиетін жинау, қазақша пән сөздері, білім-ғылым һәм оқу кітаптары, бастауыш мектеп бағдарламасы, термин қабылдау һәм қалыптастыру, т.с.с). Ұлт мұраты мен руханияты кең орын алады [1, 144].

Терминология қағидағтары негізінде- «Орысша-қазақша әскерлік атаулары» (1926), «Пән сөздері» (1927), «Атаулар сөздігі» (1931) атты кітаптар жарық көреді. Пән сөздерінің мазмұны мен құрылымына, қолданылуы мен мағынасына, табиғаты мен тағылымына кең орын беріледі. Терминдік маңыз-мәні, сыр-сипаттары айқындалады.

Ал, қазақ руханиятының көрнекті корифейі Ахмет Байтұрсынұлының: «Өнердің ең алды – сөз өнері деп саналады» деген тұжырымын еске алсақ, арғы-бергі кезеңдердегі көркемөнердегі құбылыстарға, ел әдебиетіндегі елеулі ерекшеліктерге, осы бағыттағы әркілі көзқарас, қисындарға көз жетеді [2,7]. Әсіресе, «Әдебиет танытқыш» - ұлт тіліндегі тұңғыш ғылыми еңбек екенін ескерсек, онда көркемөнер, поэтика, стилистика мәселелері, өлең-өнердің құрылыс жүйесі, ой, тіл, стиль құбылыстары кең орын алады. Көркемөнерге қатысты атау-ұғымдардың ана тіліндегі балама-қисындары, халық және жазба әдебиет, қара сөз бен дарынды сөз жүйесі, әдеби туынды табиғаты, өлең сөз, поэтика мен стилистика мәселелері анықтамалық та, мысал-деректер негізінде де тиісінше нанымды, жатық жеткізіледі.

Қазақ әдебиеттануындағы қисындарға Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғалиев, С.Мақпыров, К.Ахметов, т.б. көзқарас білдіріп, іргелі ізденістер жасап, арнайы еңбектер жазды (3).

Алайда, академик З.Қабдоловтың айтып-жазғанындай, уақыт бедері мен сыны, мойындау мен мәжбүрлік орын алған-ды:

«Ахаң жоқта біздегі әдебиет теориясы басы жоқ кеуде секілді еді. Ал басы жоқ дене бола ма? Қайтейік, болады деп келдік...

...Бірақ, амал не, бұл жаңалықты тапқан Ахаң екенін кезінде ашып айта алмай, Қажекене сілтеме жасауға мәжбүр болдық...» [4,72].

Бұл – ақиқат алдындағы арылу, білім-ғылымның қасиет-қүдіретін терең сезіну, сөз өнерінің сыр-сипаттарына мән беру, талантқа тағзым еді.



Академик З.Ахметов еңбектерінде әдебиет қисындарына, терминтану мәселелеріне маңыз беріледі. Атап айтқанда, «Әдебиет терминдерін жетілдірудің зәрулігі.- ҚР ҰҒА Хабарлары. Тіл, Әдебиет сериясы. -1996, №4. -7-12 бет; «Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер. - Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. - Алматы, 1996. -4-16 бет; Әдебиеттану терминдерінің сөздігі (Құраст: З.Ахметов, Т.Шаңбай). - Алматы: Ана тілі, 1996. -240 бет, т.т. ел әдебиеті, табиғаты мен тарихы, әдеби үдеріс жайы, соған қатысты атау-ұғымдар, терминдер жүйесі кең орын алады. Арғы-бергі кезеңдердегі зерттеу мен зерделеу мұраттары, әдебиеттану мен әдебиет қисындарына қатысты көзқарастар жүйесі, артық-кем тұстар да әдеби үдеріс аясында кең өріс алады. Негізгісі, терминтану қағидаттарын, пән сөздерінің мақсат-мұраттарын, әдебиет қисындарының көркемдік кеңістігіндегі қызметі, қолдану аясы, маңызы мен орны байыпты сараланады.

Академик З.Ахметовтың әдебиеттану мен әдебиет қисындарына қатысты көзқарастар жиынтығы- «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» атты кітапта (құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбай) көрініс табады [5, 398].

Кітаптың- «Аңдағу» атты алғашқы бөлігінде (жазған-З.Ахметов) терминнің мағына-ұғымына кең көлемде түсінік беріледі. Әдебиеттану мен әдебиет қисындары, ұлттық сөз өнерінің тарихи-әдеби үдерістегі орын-үлесі, поэтика мен эстетика, стилистика салаларындағы маңыз-мәні де айқындалады. Әдебиет дамуы, заңдылықтары мен ерекшеліктері, жанрлар жүйесі мен көркемдік-эстетикалық қызметі де байыпты сараланады. Қысқасы, әдебиет әлеміндегі ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесі, тарихы мен мағынасы, көркемдік кеңістігі, әдеби-тарихи үдерістегі орны, қолданылу аясы жан-жақты сөз етіледі. Маңыздысы, автор терминдер сөздігінің маңыз-мәнінің қажеттілігімен қатар, кешегі-бүгінгі тәжірибесін, келешектегі орын үлесін жіті таразылайды. Жас ұрпаққа, салалық қызметкер-мамандарға қажеттілігін де қаперге салады. Ұтымды, ұнамды қырларын алыс-жақын елдердің осы бағыттағы еңбектері арқылы анық-қанық сөз етеді.

Академик З.Ахметовтың аталмыш терминдер сөздігіне енген «Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдер» атты көлемді мақаласында ана тілі, әдеби тіл және ғылым тіліне зор маңыз беріледі. Оның маңыз-мәнін былай білдіреді: «Әдебиеттану ғылымындағы ғылыми тілдің өзіндік өзгешелігі бар. Ол әдеби тіл үлгісін де сақтайды, көркем шығарманың тіліне де жақын келеді, ғылым тіліне ортақ сипаттары да болады. Ғылыми тіл жалпыхалықтық тілдің дамуына және ғылымның өркендеуіне орайлас болып отырады» (5-бет). Орайлы тұста, ғылыми тілді дамыту, өркендету қажеттілігіне назар аударылады. Ғылыми тілге тән ойдың тереңдігі, өткірлігі, қисындылығы, дәлелді болуы, айқын да дәл жеткізу мүмкіндіктері көрсетіледі. Ғылыми ұғымдар мен терминдер жүйесін дұрыс тану, мағынасы мен мазмұнын ашу, пән табиғатына қатысты белгі-ерекшеліктерін дәл де нақты көрсету қажеттілігі алуан мысал-деректермен жіті тұжырымдалады.

Әрбір көрініс-құбылысқа, оның атау-ұғымына өте-мөте сай келетін ғылыми анықтама, тұжырым жасалу керектігіне мән беріледі. Оны сөз жоқ, «...классификациясы, жүйесімен топтап, таратып болу» айрықша орын алады. Ол әдебиеттің танымдық, тәрбиелілік, көркемдік мәнінен көрініс береді (8 бет). Эпостық жанр түрлері (әңгіме, повесть, роман), шығарма құрылымы, кейіпкер қарым-қатынасы, поэма табиғаты мен тағылымы да белгі- ерекшеліктерімен байланысты беріледі [9].

Терминге берілетін анықтама, оның негізгі мән-мағынасы, басты белгі-сипаттары да дәл, нақты болуы көзделеді. Бұдан басқа атау-терминдер, ұғым-терминдер табиғатындағы шарттылық қырлары көрсетіледі. Өзіндік өзгешеліктері аталады. Ал, интернационалдық терминдер-шет тілдердегі (грек, латын, французша, т.б.) қалпын сақтайды. Көп өзгеріске ұшырамайды. Сол қалпында қолданылып, терминдік жүйесін бекіте түседі. Бұдан байқалатыны, сөз жоқ: «Ерекше ескеретін жай-бірталай терминдердің мағынасын, олар білдіретін ғылыми ұғымдарды ғылыми-теориялық ойдың бүгінгі жеткен деңгейіне сәйкес айқындап, жаңаша анықтама беру қажеті, сонда ғана терминдерді жетілдіру міндетін шынайы, толық мағынасында іске асыруға болады» [16].

Автор зерттеу жүйесі мен тәжірибесіне сүйене отырып, жаңаша ойлауға, көзқарас білдіруге де қадам жасайды. Ол, әсіресе: «Аса маңызды мәселелердің бірі-қазақ әдебиеті тарихындағы әдеби процестің өз ерекшеліктерін, ұлттық сипатын айқындайтын терминдер қалыптастыру, толықтыра түсу» екенін [21] баса көрсетеді. Мұның өзі ұлттық менталитет талабы болса, әрі ел әдебиетінің даму бел-белестерінен, қазіргі әдеби үдерістің бағыт-бағдарынан да таныла түседі. Қысқасы, терминтану табиғаты, ұлттық сөз өнеріндегі орны, руханият мұратына қатысты көзқарастар жүйесі, зерттелу аясы негізінде кеңінен қарастырылады.

Зерттеу жүйесіне еркін енсек, автор: «Поэтикада өлең құрылысына, өлең тіліне қатысты терминдер тұрақты келетіні назар аударарлық» -деп жазады [22]. Бұдан басқа, атап айтқанда автордың терминдер сөздігіне қатысты көзқарастарында білім-ғылым жүйесінің терең иірімдері, әдеби-тілдік сипаттар, атау-ұғымдар табиғаты мен тағылымы көптеп кездеседі. Ол туралы: «Жаңа терминдер кіргізу үшін айрықша тапқырлық, талғампаздық, ғылыми ұғымдардың жүйесін, мағынасын терең түсіну қажет, логикалық қисынын, ғылыми ұғымдардың жүйесіндегі өз орнын таппаса, жаңа атау сөз бір қарағанда қанша келісті, әдемі көрінгенмен, ойдағыдай болып орнықпайды. Жаңа термин болатын сөз бір ғана жеке ұғымға сәйкес болып көрінуі өз алдына, ол сөз сол ұғымнан туындайтын, соған жалғас басқа ұғымдарға да сәйкес келіп, сол ұғымның сан алуан мағыналылық қырларын да дәл көрсете алса, әсіресе ұғымды болады» деп қорытады [24].

Орайлы тұста, сөз жоқ ұлттық хәм интернационалдық терминдерге де мән беріліп, мағынасы мен қолданым аясына, түп-тегі мен табиғатына, тарихи-әдеби әрі ғылыми негіздеріне ден қойылады. Еуропалық хәм Шығыс халықтарының руханият ісіне де орын беріледі. Бастысы, әрине, профессор Ш.Елеукунов атап



көрсеткеніндей: «Қазақ сөздігі ұлттық әдебиетіміздің табиғатынан туындайтын өзіндік сипаты, беті бар еңбек.

Біріншіден, қазақ сөздігінің орыс тіліндегі басылымдарға қарағанда жарыққа шыққан заманы басқа. Қазақ авторлары түсіндірмелерінен соңғы жылдары әдеби-тарихи материалға енген жаңалықтар менмұндалап тұр. Екіншіден, орыс терминологиясында Шығыс халықтары әдебиетінде пайдаланылатын пәнсөздер (термин деген сөзге А.Байтұрсынов тапқан балама) қазақ сөздігінде жиі кездеспейді. Үшіншіден, қазақ сөздігінде – мұны оның ең басты ерекшелігі деуге болады – туған әдебиетіміздің өз қойнауынан, көрігінен сомдалған терминдер басым...

...Қазақ сөздігінің бағасын арттыратындай бір жаңалығы, жоғарыда ескертілгендей, Шығыс мәдениеті мен әдебиетінің біздің сөз өнерімізге кіріккен ұғымдарына кең орын берілуінен көрінеді. Бүгінгі әдеби қауым сөздіктен түріктану, араб, парсы, үнді поэтикасы, қисса, қасыда, ашуғ, аят, хамса, шайыр, садж, нәзира, насыр, назым, т.б. пәнсөздерін қалайда іздемей қоймайтынын мұқият ескерген. Бұлардың әрқайсысына тиянақты анықтама берген. Оқырман біз көптен еуропалық деп санап жүрген терминдер көне Шығыста ондаған ғасыр бұрын қалыптасқанына көз жеткізеді. Мысалы, ода пәнсөзінің арабша баламасы қасида, қасыда боп келеді. Шығармаларда бірыңғай дыбыстардың үндестігі, дауыссыз дыбыстардың қайталануы аллитерация деп аталатыны мәлім. Ал, осы термин үнді поэтикасында анупраса деп аталған. Ондағы рупака дейтін пәнсөз метафора мағынасын білдіреді. Парсы поэтикасынан енген дастан термині еуропаша поэма деген ұғым. Еуропалық поэзияда өлеңдердегі ұйқастан кейін қайталанып отыратын қосақ сөз реди́ф деп аталады. Бұл араб, парсы тілдерінен алынған: міңгесу, қосарлану ұғымын білдіреді» [6, 277-278].

Фольклорист-ғалым С.А.Қасқабасов әдеби-теориялық аспектілерге, көркемдік кеңісті пен парадигмаларға, өлеңсөз контексіне мән береді: «Академик Зәки Ахметовты филология ғылымының шыңына көтеріп, кезінде бүкіл Кеңес Одағына танытқан ең жарқын еңбектері – әдебиет теориясына, соның ішінде поэтика мен поэзияға, өлең теориясына бағышталған зерттеулері. Ұлтымыздың фольклорлық һәм классикалық поэзиясын күллі адамзат поэзиясы контексінде зерттеу арқылы ғалым жалпы силлабикалық өлеңге тән клаузула мен элизия заңдылықтарын қазақ поэзиясында да ашып, әдебиет теоретиктерін тәнті еткені мәлім. Солардың бірнешеуін санамалап өтсек те болады. Айталық, қазақ өлеңінің құрылысы, ырғағы, өлеңдегі буын теңдестігі, ұйқас, бунақ тұрақтылығы, шумақ, ерікті өлең, өлең өлшемі, өлеңнің тілі, өлең сөздің теориясы, т.т. Бұлардың сыртында Абай өлеңдерінің, Сәкен поэзиясының, Сәбит өлеңдерінің жаңа өрнектері, бүгінгі поэзиямыздағы дәстүрлі және жаңа формалар, З.Ахметовке дейін ешкім сөз етпеген мақал-мәтел мен жұмбақтың өлеңдік қасиеттері, дәлірек айтқанда, ұйқасы, ырғағы, құрылысы – осының бәрі жиыла келе бір арнаға – өлеңтануға құйып жатыр. Сондықтан да Зәки Ахметов – кеңес кезіндегі ұлттық өлеңтанудың негізін қалаушы дейміз» [7, 52].

Академик З.Ахметов «Әдебиеттану. Терминдер сөздігі» атты ұжымдық еңбекті құрастырушының бірі ғана емес, оған енген сөздердің белсенді авторларының бірегейі болғанын да айту абзал.

Ақиқатында, алфавиттік жүйе - ретпен берілген атаулардың бәрі-баршасына қатысып, анықтамалық сипат берумен бірге термин табиғатын, әдеби-ғылыми мәнін, көркемөнердегі орнын дәл де нақты айқындайды. Атап айтқанда, Абайтану, автология, автордың бейнесі, азаматтық лирика, акростих, ақын, алогизм, алты буынды өлең, алты тармақ, амфибрахий, анапест, анекдот, аңдату, аралас буынды өлшем, арнау өлең, арнау сөз, архитектуроника, аят, әдеби характер, әдебиет, әдебиеттану, әдебиеттану әдісі, әзіл, әлеуметтік лирика, әсерлесу, Әуезовтану, басылым, бестармақ, бунақ, бірыңғай ұйқас, гротеск, дактиль, драма, дыбыс үйлесімі, ерікті өлең, Жамбылтану, жанр, идея, интонация, кейіптеу, композиция, көркем бейне, көркемдік шындық, көркем өнер, кара өлең ұйқасы, лирика, мазмұн, мақал-мәтел, музыка өнері, мысқыл өлең, насихат өлең, оқырман, оралым, өлең, өлең құрылысы, өлеңші, өтірік өлең, портрет, поэзия, прототип, романтизм, руна, сегізаяқ, символ, стиль, сыншыл реализм, сюжет, талдау, тармақ, теңеу, термин, ұйқас, характер, цикл, шабыт, шумақ, экспозиция, эпитет, ямб, т.с.с. терминдік табиғаты мен тағылымын, түп-тегі мен тарихын, кешегі-бүгінгі сыр-сипаттарын алыс-жақын елдер тәжірибесімен, әдеби-ғылыми аспектілер аясында әрі нақтылы мысал-деректермен жүйелі жеткізеді. Пікір орайында, әдебиеттану бағытындағы терминдер сөздігіне енген кейбір атау-ұғымдар табиғаты мен тағылымына, көркемөнердегі орын-үлесіне назар аударуға әбден болады. Автор бұл тұстарда термин табиғаты мен оның мағынасына, бұрынғы-соңғы сыр-сипаттарына назар аударады. Бастысы, термин табиғаты мен тағылымын кең көлемде ашып, мысал-деректер негізінде дәл де нақты, нанымды да түсінікті, жүйелі жеткізеді. Оқып көрелік: «**Абайтану** – қазақ әдебиеттану ғылымының, әдебиет тарихының үлкен бір саласы. А. кемеңгер ақынның өмірі мен шығармашылық өнері, философиялық, қоғамдық, эстетикалық көзқарастары, қазақ поэзиясындағы өлең жүйесін, ақындық тілді дамытудағы үлесі, музыкалық мұрасы жайлы сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды» [8, 26].

«**Ақын** – поэзиялық туындыларды, өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтың көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері. А. деген ұғымның жырау, жыршы, өлеңші сияқты ұғымдардан ауқымы кең, ол солардың бәрін қамтиды. Ауыз әдебиетінде А. өлең, жыр-дастандарды шығарушы да, айтып таратушы да болған» [8, 39].

«**Архитектоника** – (грек. – architecton) – әдеби шығарманың біртұтастығы, бүтіндігі, басты құрамдары мен жеке бөліктерінің сәйкестігі, үйлесімділігі. Бұл ұғым алдымен сәулет өнеріне байланысты қалыптасқан, ғимарат, құрылыстың сәнділігі жеке бөлшектерін бір-бірімен үйлестіріп, қиюластыру шеберлігіне саяды. Әдебиетте композиция деген ұғыммен қатар қолданылады. Композиция шығарманың құрылымы, жеке бөлшектерінің өзара түзілісін түгел қамтиды де-



сек, А. шығарманың құрылыс-бітімінің негізінен тұтастығы, бүтіндігі, құранды бөліктерінің жарасым, үйлесім табуы» [8, 59].

«**Әдебиеттану** – сөз өнерін, тарихи-әдеби процесті, әдебиет дамуының заңдылықтарын, көркем шығармаларды, жазушылардың шығармашылық ғұмырнама-сын зерттейтін ғылым» [8, 77].

«**Көркем шындық** – өмір шындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы.

К.ш. өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады» [8, 201].

«**Өлең құрылысы** – өлең сөзде қолданылатын өлшем-өрнектердің жасалу жүйесі, оның ырғағына, дыбыс үндестігіне тән ерекшеліктерді белгілейтін негізгі шарттар мен заңдылықтар.

Өлең-жырдың күнделікті айтылатын жай сөздерден, қара сөзден басты айырмасы – ол мөлшерлі жеке жолдарға, яғни тармақтарға бөлінеді. Өлең сөзге тән ырғақ міне осы тармақты қолдануға байланысты. Өлеңдегі сөйлемдер әдетте бір немесе бірнеше тармақтар көлеміне шақталып жасалады» [8, 260].

«**Символ** – әдебиетте ойды астарлап, басқа нәрсені суреттеу арқылы жасалатын нақтылы сипаты бар балама бейне. Жалпы халықтық тілде кездесетін символда бір затты, нәрсені өз қалпынан басқаша сипатта көрсетіп, сондай-ақ, нақтылы бір затты, нәрсені екінші нәрсенің, не ұғымның жай баламасы ретінде алу арқылы жасалады» [8, 312].

«**Термин** (латын. terminus – шек, шеті, шекарасы деген мағынада) – ғылыми ұғымға айқын анықтама беретін, оның мағыналық шегін дәл көрсететін сөздер. Әр ғылымға аса қажетті басты ұғымдарды, негізгі ұғымдар жүйесін дәл анықтап беретін сөздерді – қалыптасқан Т.-дерді орнымен қолданудың үлкен танымдық мәні бар. Әдетте тілдегі қандай сөз болсын көп мағыналы болып келеді де, оның мағыналық шегі айқын болмай, жылжымалы болады. Ал ғылыми ой-пікірді дәл білдіру үшін сөздік мағынасы тұрақты, айқын болуы қажет. Сондықтан Т. сөздің мағыналық шегін дәл белгілеп, сөзді сол нақтылы бір мағынада ғана алып қолдану арқылы жасалады» [8, 340] т.с.с.

Жинақтап айтқанда, академик З.Ахметовтің терминтану мәселелеріне қатысты көзқарас-ұстанымдары, осы бағыттағы іргелі ізденіс пен әдебиеттану саласында сөздік құрастыруы, көптеген атау – ұғымдардың сыр-сипаттарын айқындап, әр алуан салыстыру-салғастырулар жасап, оның табиғаты мен тағылымына айрықша мән беруі, сөз жоқ әдеби-ғылыми тұрғыдан маңызды, көркемдік-эстетикалық құндылықтары жоғары әрі ұлт руханиятына қосылған сүбелі үлес болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. -А., 2005.- 144 б.
2. Байтұрсынов А.Әдебиет танытқыш.Зерттеу мен өлеңдер.-А.: Атамұра, 2003.- 7 б.

3. Ахметов З. Поэзия шыңы-даналық.- Аст.: Фолиант, 2002. - 406 б.
4. Қабдолов З. Сөз өнері.-А.: Мектеп, 1976.- 373 б.
5. Нұрғали Р. Арқау. 2 томдық. –А.: Жазушы, 1991
6. Мақыпұлы С. Адамтану өнері. –А.: Арыс, 2009.-214 бет; Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе.- Қарағанды: Арко, 2004
7. Қабдолов З. Көзқарас.-А.: Рауан, 1996.- 72 б.
8. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құраст: З.Ахметов,Т.Шаңбай). -Семей-Новосибирск: «Галер-Пресс», 2006.- 398 б.
9. ЕлеуKENOV Ш. Сұлулыққа іңкәрлік.- А.: Білім, 1999.- 328 б.
10. Қасқабасов С.А. ҚР ҰҒА академигі З.А.Ахметовтың ғылыми,педагогикалық және қоғамдық қызметтері туралы қысқаша очерк (Ахметов Зәки Ахметұлы: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы). – А.: ОҒК, 2008. - 214 б.



Сәрсен Құлманов

*А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты
Терминология бөлімінің меңгерушісі,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

ТЕРМИНДЕР «ТЕКЕТИРЕСІ»:

заңнамадағы қолданыстары, бекітілген нұсқалары және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармалары

Терминдердің қолданылуындағы әртүрлі сәйкессіздіктер туралы ғылыми әдебиетте де, баспасөзде де аз айтылып жүрген жоқ. Біз бұл мақаламызда заң саласындағы кейбір терминдердің заңнамадағы қолданыстарын (ЗҚ), бекітілген нұсқаларын (БН) және салалық терминологиялық сөздіктердегі (СТС) аудармаларын талдай келе, төмендегідей жайттарды жіктеп көрсетіп отырмыз:

1. Орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы

Заң терминдері қоғамның кез келген саласында қолданылатындықтан, мақаланы осы салаға қатысты негізгі терминдердің заңнамадағы қолданыстарын, бекітілген нұсқаларын және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармаларын салыстырудан бастауды жөн көрдік. Мысалы, *юридическая* термині «заңдық», «заңды», «заңи» түрінде аударылады: *юридическая обязанность* – заңдық міндет; *юридическая наука* – заң ғылымы, құқықтану, заң ілімі, заңтану; *юридический представитель* – заңды өкіл және т.б. Сонымен қатар *легитимный, законный, юридический* сөздері де заңды, заңдық, заңи сөздерімен аударылады. Бірізділік қағидатын басшылыққа ала отырып, *юридический* сөзінің баламасы ретінде мүмкіндігінше (қалыптасып кеткен атау, сын есім және т.б. есепке алмағанда, мысалы, *юридическое лицо* – заңды тұлға және т.б.) «заңи» сөзін алады ұсынамыз (*юридическая консультация* – заңи консультация және т.б.).

Мұндай мысалдарды аталмыш салаға қатысты терминдерден көптеп келтіруге болатындықтан, біз олардың ішінен жиі қолданылатындарын көрсетумен шектеліп отырмыз. Мысалы:

1) ЗҚ: *легализация* – жария ету; БН: *жария ету* (1981; 07.12.2016), *заңдастыру* (28.06.2016, 08.12.2016); СТС: *заңдастыру* (заңтану); *легализация* – жария ету, *заңдастыру* (іс жүргізу). Сонымен қатар осы сөзбен бір түбірден тарайтын *легальный* сөзі мәнмәтінге байланысты *жария, заңды* сөздерімен де аударылып бекітілген (*легальное толкование права* – құқыққа жария түсінік беру (07.12.2016), *легальный рецидив* – заңды рецидив (07.12.2016)). Алайда мұндағы *жария* сөзі басқа сөздермен де бекітілген: *публичное право* – жария құқық (07.12.2016). СТС: *легальный* – заңды; *толкование права легальное* – құқыққа жария түсінік беру (заңтану); *легальный* – ашық, жария (іс жүргізу), алайда *публичный договор* – жария шарт; сочетания гласных методов – жария әдістерді ұштастыру (заңтану).

2) ЗҚ: *неправомерное* – заңсыз; БН: *заңсыз* (1981), *құқыққа сыйымсыз*

(23.12.2010), *неправомерное (поведение) – теріс (мінез-құлық)* (07.12.2016). Алайда *заңсыз сөзі незаконное* (1981, 07.12.2016), *ал теріс сөзі отрицательное* (24.05.2014), *негативный* (07.12.2016) сөздерінің баламасы ретінде де бекітілген. СТС: *неправомерное поведение – теріс мінез-құлық; неправомерность – құқыққа жаттық; неправомерные действия – заңсыз іс-әрекет (заңтану); неправомерное действие – құқыққа сыйымсыз әрекет; предотвращение неправомерных действий – заңсыз іс-әрекеттерді болғызбау* (іс жүргізу).

3) ЗҚ: *ответственность – жауапкершілік, жауаптылық*; БН: *жауаптылық* (07.12.2016); *жауапкершілік* (07.12.2016). СТС-де (заңтану, іс жүргізу) де осындай екі түрлі қолданысты байқаймыз.

4) ЗҚ: *принуждение – мәжбүр ету*; БН: *күштеу* (1981), *мәжбүрлеу* (06.09.2005; 07.12.2016). Ал *мәжбүрлеу* сөзі *понуждение* сөзіне де балама ретінде қолданылады (*понуждение – мәжбүр ету, еріксіз көндіру, мәжбүрлеу* (07.12.2016)). СТС: *принуждение – мәжбүрлеу, мәжбүр ету, көндіру* (заңтану); *принуждение – мәжбүрлеу, мәжбүр ету* (іс жүргізу). Осындай сәйкессіздіктерді ескере келе, *принуждение* сөзіне балама ретінде *мәжбүрлеу* сөзін алып, *понуждение* сөзін *еріксіз көндіру* сөз тіркесімен аударған дұрыс сияқты.

5) ЗҚ: *обращение – өтініш, арыз, жолданым*; БН: *айналыс* (экономика саласына қатысты), *өтініш* (22.04.2008; 07.12.2016), *жүгіну* (23.12.2010). Мұндағы *өтініш, арыз* сөздері *заявление* сөзінің баламасы ретінде бекітілген және *заявление* сөзінің *мәлімдеме* деген бекітілген нұсқасы да бар (07.12.2016). Заңнамаға сүйене отырып, заң саласындағы *обращение* сөзінің баламасы ретінде *жолданым* сөзін ұсынамыз.

6) ЗҚ: *бюрократия – бюрократия*; БН: *бюрократизм – төрешілдік* (15.12.2015), *бюрократ – бюрократ, төрешіл* (28.12.2016); СТС: *бюрократ – бюрократ, бюрократизм – бюрократизм; бюрократ – төрешіл, бюрократизм – төрешілдік* (іс жүргізу). Біздің ойымызша, *бюрократия* сөзінің семантикалық ауқымы *төрешілдік* сөзінің жұмсалымдық семасына қарағанда кеңірек тәрізді.

7) ЗҚ: *вердикт – шешім, ұйғарым*; БН: *кесім* (27.05.2014); СТС: *шешім, ұйғарым*. Мұндағы *шешім* сөзі *решение* (07.12.2016) сөзінің, *ұйғарым* сөзі *определение* (25.01.2000; 08.12.2016), *предписание* (07.12.2016) сөздерінің баламасы болғандықтан, *вердикт* терминіне балама ретінде *кесім* сөзін ұсынамыз.

8) ЗҚ: *иск – талап, қуыным*; БН: *қуыным* (2013), *талап қою, талап* (07.12.2016); СТС: *иск – талап* (заңтану), *қуыным* (іс жүргізу). Алайда *талап* сөзі *притязание* (2013), *требование* (08.12.2016) сөздерінің баламасы болғандықтан, *қуыным* сөзінің қолданылғаны дұрыс деп санаймыз.

9) ЗҚ: *вымогательство – қорқытып алушылық*; БН: *құнерезлік* (25.01.2000), *бопсалау* (22.04.2008); СТС: *вымогательство – бопсалаушылық* (заңтану), *бопсалау мәжбүрлеу, қорқытып алушылық* (іс жүргізу), *ал шантаж – бопса* (заңтану), *шантаж – бопса, шантажирование – бопсалау* (іс жүргізу).

«Қазақ сөздігінде» *құнерезлік* сөзі реестр ретінде берілмеген, *құнерез* сөзі



бар: «Неден болса да қайтпайтын даукес, даукұмар» (ҚС, 845). Ал бопсалау сөзі «Қоқан-лоқылап, сес көрсету» деген мағына береді (ҚС, 247). Сонымен қатар *бопса* сөзі *шантаж* сөзіне де балама ретінде бекітілген (25.01.2000). Сондықтан *вымогательство* сөзіне балама ретінде *қорқытып алушылық* сөз тіркесін қолданған дұрыс тәрізді.

10) ЗҚ: *подлог* – *жалғандық жасау, жасандылық, ауыстыру, жалғандық*; БН: *қасақылық* (22.04.2008), *жалғандық, жалғандық жасау* (07.12.2016), *ауыстыру – замена* (14.12.2015); СТС: *подлог – жалғандық, жалғандау, ауыстыру* (заңтану), *подлог – жалған* (іс жүргізу), *қасақылық – саботаж* (іс жүргізу), *жасандылық – фальсификация* (іс жүргізу), *ауыстыру – замена, жалғандық – подделка* (заңтану).

11) ЗҚ: *злостный* – *кәнігі* (злостный преступник – кәнігі қылмыскер); БН: *қысастық, қаскөй* (злостное хулиганство – қысастық бұзақылық (1981), *злостный преступник – қаскөй қылмыскер* (07.12.2016), *злой умысел – қаскөйлік пизғыл* (07.12.2016); СТС: *злостное неповиновение – өрескел бағынбаушылық, злостное хулиганство – кәнігі бұзақылық* (заңтану), *злостный – қаскөй; неплательщик злостный – қасақана төлемеуші* (іс жүргізу), *қысастық – злопыхательство* (іс жүргізу).

«Қазақ сөздігінде» *кәнігі, қысастық, қаскөй* сөздеріне төмендегіше анықтамалар беріледі: **Кәнігі**. І. Сын есім. 1. Машықтанған, үйренген, төселген. 2. Шебер, майталман. (ҚС, 610). **Қысастық**. І. Зат есім. 1. Қастық, өштік. (ҚС, 874). **Қаскөй**. І Зат есім. 1. Қаскүнем, зиянкес. (ҚС, 773). Терминологиялық бірізділік бойынша, *злостный* сөзіне *қаскөй* сөзі қолданылуға тиіс деп санаймыз.

12) ЗҚ, БН: *именная* – *атаулы*. Алайда *атаулы* сөзі *номинальный, адресный, персональный* сөздерінің де баламасы ретінде аударылады. Дегенмен бұл сөздердің бекітілген нұсқалары түрліше: *лицевой счет – дербес есепшот* (24.06.1998), *самостоятельный – дербес* (21.12.2005), *корреляция частная – дербес корреляция* (06.10.2015), *персональные данные – дербес деректер* (07.12.2016), *автономное учреждение – дербес мекеме* (08.12.2016). СТС: *номинальный держатель – номинал ұстаушы* (заңтану), *номинальный – атаулы, номиналдық* (іс жүргізу), *адресная – атаулы, мекенжайлық* (заңтану), *адресная – атаулы* (іс жүргізу), *персональный – жеке* (заңтану), *жеке, дербес* (іс жүргізу). Терминологиялық бірізділікті сақтау үшін *номинальный* сөзіне *номинал, адресный* сөзіне *атаулы, именной* сөзіне *есімді, персональный* сөзіне *дербес* сөздерін балама ретінде ұсынамыз.

13) ЗҚ: *консенсус* – *консенсус, ымыра, пәтуа*; БН: *консенсус* (28.06.2016), *ымыра – компромисс* (1992); СТС: *консенсус – пәтуа* (заңтану), *консенсус – пәтуа, консенсус* (іс жүргізу). Біздің ойымызша, *консенсус* терминіне балама ретінде *пәтуа* сөзін алған жөн сияқты.

14) ЗҚ: *массовый сөзі: массовая информация* – *бұқаралық ақпарат; массовое правосознание* – *көпшіліктің құқықтық санасы; массовые беспорядки* – *жаппай тәртіпсіздіктер*; БН: *массовая библиотека* – *көпшілік кітапханасы* (1981),

массовое общество – бұқаралық қоғам (1981), безработица массовая – жаппай жұмыссыздық (14.07.2005), груз массовый – көп жүк (06.10.2015), массовая информация – бұқаралық ақпарат (07.12.2016). Алайда *массовый* сөзіне балама ретінде алынған *көпшілік, жаппай* сөздері орыс тіліндегі басқа сөздердің баламасы ретінде де бекітілген: *публичная библиотека – көпшілік кітапханасы (1981), публика – көпшілік, халайық (06.10.1999), общая или частичная мобилизация – жаппай немесе ішінара мобилизация (2013), Договор о всеобъемлющем запрещении ядерных испытаний (ДВЗЯИ) – Ядролық сынаққа жаппай тыйым салу туралы шарт (ЯСТТШ) (2013).*

15) ЗҚ: *неподкупность сөзі: неподкупность судебной системы – сот жүйесінің қиянатқа бармайтындығы; неподкупность – сатылмайтындық, сатылмаушылық*; БН, СТС: *неподкупность – сатылмаушылық (07.12.2016).*

16) ЗҚ: *подстрекательство – арандату, айдап салу*; БН: *арандатушылық (07.12.2016); СТС: подстрекательство – арандатушылық (заңтану), провокация – арандату (заңтану, іс жүргізу).* Көріп отырғанымыздай, *провокация* сөзі де *арандату* болып аударылып, бекітілген (*провокационный акт – арандатушылық акт (28.06.2016).*

17) ЗҚ: *показание – айғақ; заведомо ложные показания – көрінеу жалған жауаптар; свидетельское показание – куәгерлік көрсетпе*; БН: *показание – жауап (1981), показание – айғақ (07.12.2016).* Ал *айғақ* сөзі *свидетельство (06.10.1999), показание (07.12.2016), улика (07.12.2016)* сөздерімен бекітілген. СТС: *показание – жауап, айғақ, көрсетпе (заңтану), айғақ (іс жүргізу); айғақ – показание, улика, доказательство (заңтану), айғақ – свидетельство, показание, улика (іс жүргізу).* Сондықтан *показание* сөзіне *көрсетім* сөзін балама ретінде алуды ұсынамыз.

18) ЗҚ: *понятой – куәгер, куә*; БН: *понятой – куәгер, айғақ адам (07.12.2016).* Заңнамада *айғақ* сөзі *улика* сөзінің баламасы ретінде, сондай-ақ *понятой* сөзі *айғақ адам* сөз тіркесімен аударылып қолданылады. СТС: *понятой – куә (заңтану), куәгер – свидетель (заңтану), свидетель – куә, куәгер (іс жүргізу).*

19) ЗҚ: *нигилизм – нигилизм*; БН: *көзқамандық (25.01.2000), нигилизм (07.12.2016); СТС: нигилизм (заңтану); көзқамандық (іс жүргізу).* «Қазақ сөздігінде» *нигилизм* сөзіне былайша анықтама берілсе: «Эстетиканың, этиканың және т.б. барлық қағидаларын ешбір мойындамай түгелдей жоққа шығару.» (ҚС, 997), *көзқамандық* сөзіне мынадай анықтама берілген: «1. Өз ұлтының мүддесіне жат көзбен қараушылық.» (ҚС, 668). Осы анықтамаларды негізге ала отырып, *нигилизм* сөзін сол қалпында қолдану дұрыс көрінеді.

20) ЗҚ: *хищение – ұрлау; талан-таражға салу, жымқыру*; БН: *хищение – ұрлау (22.04.2008), жымқыру (08.12.2016); СТС: хищение – ұрлау, талан-тараж, жымқыру (заңтану); ұрлау (іс жүргізу), расхищение – талан-таражға салу (іс жүргізу).* Хищение сөзі жымқыру сөзімен аударылуға тиіс деп санаймыз (*ұрлық – кража, талан-таражға салу – расхищение).*

21) ЗҚ: *ходатайство – өтініш, өтінішхат*; БН: *қолдаухат (22.04.2008;*



23.12.2010), *өтінішхат* (07.12.2016); СТС: *ходатайство – өтініш, өтінішхат, қолдаухат* (заңтану); *ходатайство – өтінішхат, қолдаухат* (іс жүргізу). Алайда кейінгі заңнамалық құжаттарда *ходатайство* терминінің баламасы ретінде *өтінішхат* термині жиі қолданылады.

22) ЗҚ, БН: *умысел – пизыл* (16.10.2004, 07.12.2016), *қасақаналық*. Сонымен қатар *умышленный, умышенно* сөздері *қасақана* сөзімен аударылады: *поджог умышленный – қасақана өртеу* (09.03.1999), *преступление, совершенное умышенно – қасақана жасалған қылмыс* (07.12.2016); СТС: *умысел – қасақаналық, ниет, ой* (заңтану); *умысел – қасақаналық, ниет* (іс жүргізу); *пизыл – побуждение* (заңтану); *пизыл – побуждение, намерение* (іс жүргізу). Сондықтан *умысел* сөзінің баламасы ретінде *қасақаналық* сөзін қолдану керек сияқты.

23) ЗҚ: *преступность – қылмыс, қылмыстылық, қылмыскерлік*; БН: *экологическая преступность – экологиялық қылмыстылық* (07.12.2016); *преступность – қылмыскерлік* (23.12.2010); *борьба с преступностью – қылмыспен күрес* (07.12.2016); СТС: *преступность – қылмыс, қылмыстылық* (заңтану), *қылмыстылық, қылмыскерлік іс жүргізу*).

«Қазақ сөздігінде» *қылмыстылық* сөзі реестр ретінде берілмеген, ал *қылмыскерлік* сөзіне төмендегіше анықтама берілген. І. Зат есім: 1. Қастандықтесп, айыпты болушылық. Соның ішінде *буржуазиялық өнердегі өріссіздік, оспадарсыздық пен ойсыздықты қияңқылықпен қылмыскерлікті* эстетизациялау бағыты соңғы кезде бұрынғысынан да бетер бел ала бастауы содан («Қазақ әдебиеті»). (ҚС, 865).

24) ЗҚ, БН: *легитимация – заңдастыру* (07.12.2016), *легитимация* (07.12.2016).

25) ЗҚ, БН: *проступок – теріс қылық* (1981); *врачебный проступок – дәрігер кінәсі, дәрігерлік кінә* (27.10.2006), *гражданский проступок – азаматтық теріс қылық* (07.12.2016).

26) ЗҚ: *конфликт – жанжал, тартыс, дау-жанжал*; БН: *жанжал, тартыс* (24.12.2003), *қақтығыс, жанжал* (28.06.2016), *конфликтология – конфликтология* (28.06.2016); СТС: *конфликт – қақтығыс, дау* (заңтану), *жанжал, қақтығыс* (іс жүргізу).

27) ЗҚ: *конспирация – астыртын әрекет ету, құпиялылық*; БН: *астыртын әрекет ету* (07.12.2016). Алайда *астыртын* сөзі *негласный* сөзінің баламасы ретінде де (*негласная проверка – астыртын тексеріс* (22.04.2008), ал *негласное сөзі жасырын (негласное следственное действие – жасырын тергеу әрекеті* (07.12.2016)) сөзімен бекітілген. СТС: *конспирация – астыртын әрекет ету* (заңтану), *тасалану* (іс жүргізу). Алайда *конспиратор* сөзін *астыртын әрекет етуші* деп аударсақ, *подпольщик, нелегаль* сөздерінің баламасы туралы ойлануға тура келеді.

2. Қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы

1) ЗҚ: *заңдылық – легитимность, законность, закономерность*; *заңсыз*

– незаконный, нелегальный, неправомерный; БН: *легитимационные знаки* – заңдастырылған белгілер (07.12.2016), *легитимная власть* – заңды өкімет (25.01.2000), *социалистическая законность* – социалистік заңдылық (1981); *обеспечение законности* – заңдылықты қамтамасыз ету (07.12.2016); *закономерность* – заңдылық (28.06.2016), *законность* – заңдылық (07.12.2016), *действие неправомерное* – заңсыз әрекет (1981); *незаконное распоряжение* – заңсыз жарлық (1981); *незаконное лишение свободы* – заңсыз бас бостандығынан айыру (07.12.2016); *нелегальная миграция* – заңсыз миграция (07.12.2016); СТС: *заңдылық* – *законность*, *закономерность* (заңтану, іс жүргізу); *легитимный* – *заңды* (іс жүргізу); *заңсыз* – *незаконный*, *нелегальный* (заңтану), *заңсыз* – *незаконный*, *нелегальный*, *неправомерный* (іс жүргізу).

2) ЗҚ: *бедел* – *авторитет*; БН: *бедел* – *репутация* (06.01.1999; 27.10.2006; 07.12.2016); СТС: *бедел* – *авторитет*, *репутация* (заңтану, іс жүргізу).

3) ЗҚ, БН: *тергеу* – *следственная, расследование; доследственная проверка* – *тергеуге дейінгі тексеріс* (22.04.2008), *акт расследования* – *тергеу актісі* (11.12.2015), *негласное следственное действие* – *жасырын тергеу әрекеті* (07.12.2016), *расследование служебное* – *қызметтік тексеру* (08.12.2016); СТС: *тергеу* – *следственная, следствие, расследование, допрос* (заңтану); *тергеу* – *следственная, расследование, допрос іс жүргізу*). Осыған орай, мысалы, *следственное расследование* сөз тіркесі *тергеулік тергеп-тексеру* сөз тіркесімен аударылуға тиіс деп санаймыз.

4) ЗҚ: *жалған* – *ложный, подложный, мнимый, фиктивный, фальшивый, подделка, лже: фальшивый документ* – *жалған құжат*; БН: *подложный документ* – *жалған құжат* (1981), *заведомо ложный* – *көрінеу жалған* (04.03.2003); *фальсификация ценных бумаг* – *жалған багалы қағаздар жасау* (27.10.2006); *фиктивная сделка* – *жалған мәміле* (2013); *мнимая оборона* – *жалған қорғаныс* (07.12.2016); *фальшивый документ* – *жалған құжат* (07.12.2016); *фиктивный брак* – *жалған неке* (07.12.2016); *лжесвидетель* – *жалған куәгер* (07.12.2016); СТС: *жалған* – *ложный, мнимый, фиктивный, фальшивый, подделка, лже* (заңтану, іс жүргізу).

5) ЗҚ: *жаза* – *наказание, взыскание, кара*; БН: *взыскание* – *жаза* (14.07.2005); *административное наказание* – *әкімшілік жазалау* (07.12.2016); *кара* – *жазалау, жаза* (07.12.2016), *смертная казнь* – *өлім жазасы* (07.12.2016); *взыскание административное* – *әкімшілік жаза* (08.12.2016). Сонымен қатар *взыскание* сөзі экономика саласы мәтіндерінде өндіру сөзімен, өндіріп алу сөз тіркесімен аударылады: *взыскание убытков* – *шығындарды өндіріп алу* (06.10.1999); *взыскание алиментов* – *алимент өндіру* (2013); *взыскание имущественное* – *мүліктік өндіріп алу* (08.12.2016). СТС: *жаза* – *наказание, кара* (заңтану); *взыскание, кара* (іс жүргізу).

6) ЗҚ: *тәртіп* – *дисциплина*; БН: *дисциплина* – 1. *тәртіп*; 2. *пән* (1981); *порядок* – *тәртіп, рет* (1981); *процедура* – *рәсім, тәртіп* (06.10.1999), *режим* – *режим, тәртіп* (1981); *порядок* – *тәртіп, реттілік* (23.12.2010); *дисциплинарная*



комиссия – тәртіптік комиссия (07.12.2016); СТС: тәртіп – дисциплина, порядок, правила (заңтану); порядок, распорядок (іс жүргізу).

7) ЗҚ: жасырын – латентный, негласный, скрытый; БН: скрытая буква – жасырынба әріп (02.07.2003), латентная – жасырын (1995); негласное следственное действие – жасырын тергеу әрекеті (07.12.2016). Алайда мұндағы скрытый, негласный сөздерінің басқа баламалары да белгілі: безработица скрытая – беймәлім жұмыссыздық (14.07.2005); негласная проверка – астыртын тексеріс (22.04.2008). СТС: жасырын – латентный, анонимный, негласный, скрытый, тайный (заңтану), секрет, скрытый, тайный, конфиденциально по умолчанию (іс жүргізу).

8) БН: бүлікші – бунтовщик, мятежник (21.12.2005), «бүлік» – бунт (07.12.2016); вооруженный мятеж – қарулы бүлік (07.12.2016). Сондықтан «мятеж» сөзінің баламасы ретінде «лаң» сөзін ұсынамыз: вооруженный мятеж – қарулы лаң. СТС: бүлік – бунт, мятеж (заңтану).

9) БН: теріс қылық – проступок (1995), превратно (25.01.2000). СТС: теріс қылық – проступок (заңтану), порочащий проступок (іс жүргізу).

10) БН: айып – начет, вина, штраф (денежный начет – ақшалай айып (1981); денежный начет – ақшалай айып; начет удержание – ұстап қалу; начет денежный – мойнына ақша салу (экономика саласына қатысты)); начет – шығынды мойынға салу (іс жүргізу); штраф – айып (25.01.2000), айып – вина (07.12.2016). Алайда мұндағы штраф сөзінің баламасы – айыппұл, вина сөзінің баламасы кінә сөздерімен бекітілген: социальная сущность вины – кінәнің әлеуметтік мәні (заңнама); административные штрафы – әкімшілік айыппұлдар (14.07.2005); штраф – айыппұл (15.02.2017), вина страхователя – сақтанушының кінәсі (06.10.1999), объективная вина – объективтік кінә (07.12.2016). Сонымен қатар кінә, айып сөздері төмендегі терминдік атаулардың құрамында да кездеседі: упрек – кінә тағу (11.12.2014), обвинение – айыптау (07.12.2016), объективное вменение – объективті айып тағу (07.12.2016).

11) БН: хабарлама: заведомо ложное сообщение – көрінеу жалған хабарлама (04.03.2003), авизо – хабарлама (27.10.2006), специальное сообщение – арнайы хабарлама (07.12.2016), уведомление – хабардар ету, хабарлама (08.12.2016); письмо-извещение – хабарлама хат (08.12.2016). СТС: хабарлама – уведомление (заңтану), уведомление, извещение, сообщение (іс жүргізу).

3. Орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы

Орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған сөздер қазақ тіліне заңнамада түрліше аударылып, бекітілген. Мысалы, наркотик – есірткі (1981); наркобизнес – есірткі бизнесі (07.12.2016); наркомания – нашақорлық (07.12.2016); наркоторговля – есірткі саудасы (07.12.2016), алайда нарколог, наркология (07.12.2016) сөздері аударылмай алынады. СТС: наркомания – нашақорлық, наркобизнес – есірткі бизнесі, наркотик – есірткі, нарколог, нар-

кология (заңтану), наркологическая помощь – наркологиялық көмек, наркотик – есірткі (іс жүргізу); ЗҚ: конфликт – жанжал, тартыс, дау-жанжал, конфликт – жанжал, тартыс (24.12.2003), қақтығыс, жанжал (28.06.2016), алайда конфликтология – конфликтология (28.06.2016).

Келтірілген сәйкессіздіктерге қатысты мысалдарды тағы да тізбектей беруге болады. Алайда бір мақаланың көлемінде оларды түгендеп шығу мүмкін емес. Дегенмен мына мысалға тоқталмауға болмады. Қазіргі кезде жалпы қоғамда кеңінен қолданылатын миграция, иммиграция, эмиграция сөздерінің заңнамадағы қолданысына, бекітілген нұсқаларына және СТС-тегі аудармасына көңіл аударайық.

ЗҚ: внутренняя миграция – ішкі көші-қон; иммиграционная обсерватория – көшіп келу обсерваториясы; иммиграция – көшіп келу; мигранты – көшіп-қонушылар; миграционная политика – көші-қон саясаты; незаконные иммигранты – заңсыз көшіп келушілер; нелегальная миграция – заңсыз көші-қон; эмигранты – көшіп кетушілер; эмиграция – көшіп кету.

БН: миграция – көші-қон (14.07.2005); миграция денег – ақшаның көшуі (27.10.2006), нелегальная миграция – заңсыз миграция (07.12.2016), трудовая миграция – еңбек көші-қоны (08.12.2016), миграция населения – халықтың көші-қоны (08.12.2016); иммиграционная квота – көші-қон квотасы (07.12.2016), мигрант – көшіп-қонушы (07.12.2016); незаконные иммигранты – заңсыз көшіп келушілер (08.12.2016).

СТС: внутренняя миграция – ішкі көші-қон; иммиграция – иммиграция; квота иммиграции – көшіп келу квотасы; мигранты – көшіп-қонушылар; миграционная политика – миграциялық саясат; миграция – миграция; миграция населения – халықтың көші-қоны; незаконные иммигранты – заңсыз көшіп келушілер; эмигранты – көшіп кетушілер; эмиграция – көшіп кету (заңтану); закон иммиграционный – иммиграциялық заң; иммигрант – көшіп келуші, иммиграционный земельный фонд – иммиграциялық жер қоры; иммиграция – көшіп келушілік; мигрант – мигрант, көшіп-қонушы; миграция – көші-қон, миграционная служба – көші-қон қызметі; резмигран – резмигран; эмигрант – көшіп кетуші, эмигрант, эмиграция – эмиграция, көшіп кету (іс жүргізу).

Сонымен қатар бір ғана сөздің әртүрлі қосымшалар жалғанып немесе жалғанбай аударылып жүрген жайттары да бар. Мысалы, срок гарантийный – кепілдік мерзім (27.12.2006); гарантийный срок – кепілдікті мерзім (07.12.2016); гарантийное письмо – кепіл хат (08.12.2016); гарантийное письмо – кепіл хат (экономика); письмо гарантийное – кепілхат (08.12.2016), договор гарантийный – кепілді шарт (08.12.2016). Сонымен қатар закладной лист – кепілдік қағаз (1981), закладная – кепілхат, закладные листы – кепіл парақтар (27.10.2006), заклад – қардарлық (11.12.2002), закладные листы – кепіл парақтар (27.10.2006), закладная – кепілхат (27.10.2006); закладная – кепілдеме (экономика); закладная – закладная, кепілхат (заңнама); закладные ценные бумаги – кепілхаттық



бағалы қағаздар (экономика); *гарантийное* – *кепілді, кепілдік, кепілдікті* (заңтану), *кепілді, кепілдік* (іс жүргізу); *закладной* – *кепілхат* (іс жүргізу).

Заң саласы терминдерін қарастыра келе, мынадай жалпы жайттарды бөліп көрсеттік: 1) орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқада қолданылуы (мұнда қазақ тіліндегі осы нұсқалар орыс тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы да кездеседі); 2) қазақ тіліндегі бір терминнің орыс тіліндегі екі немесе одан да көп терминнің баламасы ретінде қолданылуы (мұнда орыс тіліндегі осы нұсқалар қазақ тіліндегі басқа терминнің баламасы ретінде де қолданылуы да кездеседі); 3) орыс тіліндегі бір түбірлі немесе бір түбірден тараған терминдердің қазақ тілінде әртүрлі нұсқада қолданылуы (сонымен қатар бір ғана сөздің әртүрлі қосымшалар жалғанып немесе жалғанбай аударылуы да кездеседі).

Сонымен қатар орыс тіліндегі бір терминнің қазақ тілінде екі немесе одан да көп нұсқасы бекітілген; орыс тіліндегі бір термин заңнамада да, салалық терминологиялық сөздікте де қазақ тілінде екі немесе одан да көп терминмен аударылып қолданылады.

Мақаланы оқып отырған кісіге біздің жасаған тұжырымымыз әу дегенде түсініксіз немесе шытырман сияқты көрінуі мүмкін. Расында да, терминдерді салыстыра отырып, құдды бір ұшы қиыры жоқ шытырманға тап болатыныңыз да жасырын емес. Сондықтан мақаланы осы жерден тоқтата тұруға тура келеді. Жоқ! Бұл тоқтата тұратын немесе тоқтатып тастайтын шаруа емес! Ары қарай қазбалайтын, тапжылмай шұқшиып, терминдерді салғастыра, салыстыра отырып, жүйелеу, біріздендіру қажет. Бұл да жеткіліксіз. Қазіргі қазақ терминологиясының алдында тұрған басты да қажетті міндеттің негізгісі – терминдерді СТАНДАРТ-ТАУ. Терминдер стандартталмайынша, олардың баламаларын заңдық тұрғыдан бекітпейінше, осындай шытырманнан арылмасымыз ақиқат...

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚС – «Қазақ сөздігі» (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі) / Құраст.: Н.Уәли, Ш.Құрманбайұлы, М.Малбақов, Р.Шойбеков және т.б. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.
2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік (заңтану). 29-том. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2014.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік (іс жүргізу және мұрағат ісі). 28-том. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2014.
4. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік (экономика және қаржы). 27-том. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2014.
5. <http://adilet.zan.kz/rus>
6. <https://kk.wikipedia.org/wiki>

Салауат Кәрім

*Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың
республикалық үйлестіру-әдістемелік
орталығының аға ғылыми қызметкері*

ТЕРМИН – ТӨЛ ТІЛ ҚОРҒАНЫ

Әлемдік лингвистикалық жүйеде термин, терминжасам мәселесі елдің саяси-әлеуметтік, экономикалық деңгейінің, білімінің, ғылыми-техникалық өрісінің, ұлттық тіл қорының көрсеткіші, сонымен бірге қазіргі жаһандық бәсекеде ұлт тілін қорғау құралы ретінде қалыптасып отыр. Ал кейбір мемлекеттер өз қауіпсіздігінің мәселесі ретінде ұлттық терминдік жүйені күшейту қажетін де айта бастады. Мысалы, ФРГ Канцлері Ангела Меркель 2014 жылы Гете институты және әлемелдеріндегі өкілдіктерінің беделді лингвист ғалымдарын үлкен жиынға шақырып: «Неміс тілінде ағылшын терминдері қаптап кетті, соның салдарынан неміс тілі күннен -күнге түсініксіз болып бара жатыр», - деп қатты сынға алды. Содан кейін А.Меркель «Гете тілі - керемет тартымды тіл, ал жаһандық жағдайда неміс тілі бар қабілетінен айырылса не болады?» - деген сұрақты Неміс үкіметінің мүшелеріне қойып, неміс тілі курстарында оқитындар санының күрт төмендеуіне қатысты шұғыл шаралар қабылдауды Гете институтының ғалымдарына тапсырды. Мемлекетаралық қатынастарда, кәсіпкерлік байланыстарда неміс тілінің басымдығын күшейту міндеттелді.

Сондай-ақ француз тілі мемлекет қамқорлығындағы тілдердің бірі. Француздардың тілдерін қорғауға, сақтауға бағытталған бірнеше заңдары бар, соның арқасында француз тілі көркемдігін, үйлесімділігін жоғалтқан емес. Әлемдегі сөйлеуге икемді, көркем тілдердің бірі болып қалуда. Тілдік қысымнан француз тілін қорғау үшін 1997 жылы «Терминология және неология (жаңа сөздер) Бас комиссия» деген үкімет тарапынан қаржыландырылатын мемлекеттік орган (назар аударыңыз: ғылыми – зерттеу мекемесі емес) құрды және оның мақсаты мынадай болды:

1. Франция үкіметінің әртүрлі министрліктері мен ведомстволары жанындағы мамандандырылған терминологиялық және неология (жаңа сөздер) комиссияларымен тікелей қарым-қатынаста жұмыс жасау;

2. Министрліктер мен ведомстволар жанындағы мамандандырылған комиссиялар ұсынған терминдерді қарап, содан кейін Франция мемлекетінің тіл саясатын жүзеге асыратын негізгі институт – Француз Ғылым Академиясына бекітуге ұсыну.

Француз Ғылым Академиясы терминдерді қолдағаннан кейін ғана Франция Республикасының мемлекеттік ресми (le Journal officiel) газетінде жарияланды. Барлық мемлекеттік қызметкерлер үшін (министрліктер мен ведомство-



лар, ғылым және білім мекемелері, оқу орындары, БАҚ құралдары) бекітілген терминді қолдану міндеттеледі. Франция үкіметінің Терминология және неология (жаңа сөздер) Бас комиссиясы жүргізіп отырған бұл іс-шара қаптаған шет тілдегі терминдерді француз тілі баламасымен, жаңа сөздермен ауыстырып, француз тілін байытудың тетігіне айналды.

Қытай Халық Республикасы да халықаралық терминдік жүйе бірізділігінен қашуды ұлт тілінің лексикалық қоры мүмкіндіктерімен реттеу қажет деп шешті. Шетелге шығарылатын өнім атауларын қытай графикасымен жазып қана қоймай, шетке шығарылатын қандай болмасын жаңа технологиялық тауар атауына, терминге қытай тілі қосымшаларын сөздің алдында, не артына тіркеуді тез игеріп алды. ҚХР барлық аумақтарында тауар, сауда және сыртқы сауда, ғарыш және ақпараттық технологиялар, медицина, нанотехнология салаларында қытай лексикасы қарқынды дамуда.

Ресей Федерациясының терминологиялық ахуалына тоқталсақ, әуелден кірме терминді орыс тілі баламасымен тең ұстаған Ресей ғылыми-зерттеу жүйесінде орыс сөзін қолдануға баса назар аударады. Лексикасына еуропа елдерінен термин сөздерді көп сіңірген орыстардың өзі де термин мәселесіне алаңдай бастағанын көреміз. Ғасырлар терминжасам дәстүрі қалыптасқан Ресей Федерациясында Кеңестер одағы кезінде, 60 жылдардың басында ғылыми – техникалық терминологияны стандарттау жүйесі жасалды. Ол мемлекеттік стандарттық жүйенің ажырамас бөлігі саналды. Сондықтан да Кеңестер одағының аумағындағы базалық ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық, технологиялық институттарға, жоғары оқу орындарына бейіндері мен бағыттары бойынша терминологиялық стандарттарды реттеу жүктелді.

Бүгінде терминжасам мен терминді бекітумен Ресей Федерациясында Ресей мемлекеттік стандарты (Росстандарт – агенттік деңгейіндегі мемлекеттік орган) Бүкілресейлік классификациялау және кодтау ғылыми зерттеу институтының Терминология комитеті, Ресей Ғылым Академиясының іргелі ғылымдар саласындағы ғылыми терминологиялық комитеті шұғылданады.

Әлем мемлекеттеріндегі қазіргі терминологиялық тәжірибесінен жоғарыдағы мысалдарды келтіре отырып, термин, терминжасам мемлекеттік маңызды мәселе екенін көреміз. XX ғасырдың басында пайда болған, жүз жылдық тарихы бар, қазақ терминологиясының негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы және оның төңірегіндегі Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедұлы, Елдес Омарұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаевтардың жазған теориялық, әдіснамалық негіздерінің, терминжасам қағидаттарының дұрыстығына көз жеткіземіз. Демек, Ахмет Байтұрсынұлының қағидаттарын бұрмалауға ешқандай негіз жоқ, ұлттық терминжасам процесстері қазақ тілінің байлығы мен қоры негізінде дамуы тиіс.

Ұлттық терминжасам жайы

Қандай болмасын ұлт тілінің орны ерекше, ұлт тілі халықтың өсу, өркендеу құралы, халық рухының негізі, ана тілісіз ұлттың саяси-экономикалық, әлеуметтік-рухани дамуы мүмкін емес. Бұл қағидаларды ешкім де ұмытпауы керек, бізде қайталаудан жалықпауға тиіспіз.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Сарқыт Әлісжан: «Тіл білімінің басқа салалары тәрізді терминология да қазіргі кезде қарқынды даму үстінде. Бұрын лексикологияның бір шағын саласы болып келген терминология – қазір өзінше үлкен бір бағыт, зерттеу әдістері мен тәсілдері қалыптасқан, өзіндік ұстаным мен бай тілдік материалға ие, басқа ғылым атаулымен шектесетін, ажырататын тұстары бар үлкен сала болып табылады», - дейді. Ғалым сөзін растайтын қазақ терминологиясының статистикалық көрсеткіштеріне назар аударайық.

Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығында терминдердің сандық көрсеткішіне жүргізілген мониторинг барысында мыналар анықталды: 1971-91 жылдар аралығында бекітілген барлық 2748 терминнің 541-і (19,6%) қазақ тілінде, 1127-сі (41%) кірме (халықаралық) термин, 1080-і (39,3%) қазақ және шет тіліндегі тіркес түрінде жасалған. 1992-2016 жылдар аралығында бекітілген 15963 терминнің 6024-і (37,8%) қазақ тілінде, 1987 (12,3%) кірме термин, 7952-сі (49,9%) қазақ және шет тілдеріндегі тіркес. Салыстырмалы түрде, тәуелсіздік тұсында қазақ тілінде бекітілген терминдер екі есе көбейді, сонымен бірге қажетті кірме, халықаралық терминдер де сақталған. 1991 жылдан бастап 2016 жылға дейін 214 термин сөздік (түсіндірмелік терминологиялық, салалық терминологиялық, екі тілді, үш тілді терминологиялық сөздіктер, терминологиялық анықтамалық сөздіктер) жарық көрді, оның ішінде 2004 жылдан бастап «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламалары» аясында мемлекет қолдауымен 47 терминологиялық сөздік басылды. Жалпы бүгінге дейін барлығы 18 711 термин сөз және сөз тіркесі бекітілсе, мемлекеттік бағдарлама көрсеткішінің индикаторы бойынша 2020 жылға дейін 28 760 термин бекітілуі тиісті.

Мемлекеттік маңызы бар терминология ғылымымен қазіргі таңда ғылым докторы мен елуге жуық ғылым кандидаттары кәсіби айналысуда. 2016 жылы елімізде тұңғыш рет «Терминком.кз» сайты іске қосылды.

Дегенмен қазақ терминологиясының ғылыми салаларға ықпалының жоқтығы, салалық және салааралық терминологияның нашар қалыптасуы, қазақ тілін жетік білетін білікті сала ғалымдарының, шет тілі мамандарының терминжасам процесіне қатыстырылмауы, ал бастысы икемді ұлттық терминжасам қағидаларының ұсынылмауы елдің терминжүйесін тежеп отырғанын көрсетеді.

Сөйткенмен ұлттық салалық терминологияда қажеттіліктен туған сөздіктер жасау қарқын алуда, мысалға, техникалық терминдер саласында -



Р. Құдайбергенов, политехникалық терминдер (қазақ-ағылшын) М.Р. Түсіпбек, А.К. Құсайынов, құрылыс терминологиясы саласында С.К. Хамзин мұнай және газ терминдері саласында - А.Қ. Махамбет, экономикалық терминдер: банк, бюджет, салық, аудит, қаржылық бақылау, сыртқы экономикалық қатынас, пошта - С.Р. Тоқсанбай, дипломатиялық терминдер жүйесі (бірнеше шет тілдері) – Р.Шалғынбаева, А.Бакитов, Р.Жұманова, Г.Надинова, Ш.Құлиева, Н.Сәрсенбаев, БАҚ және телекоммуникация терминдері саласында – Қ.Тұрсын, медициналық терминдер саласы бойынша – М.Ахметов, биоморфология терминдері саласы бойынша – Г.К. Жаңабекова мен К.Жаңабековтер, экология және ветеринария саласы бойынша – Б.Жанетов пен Ф.Жанетовалар, құқық терминдері саласында – М.А. Айымбетовтер салалық терминологияға өз үлестерін қосуда.

Тәуелсіздік жылдарында терминология мен аударматану бағытындағы іргелі ғылыми лингвистикалық көзқарастар нәтижесінде, билік пен орталық атқарушы органдардың мемлекеттік тілге жауапты құрылымдары ықпалымен қазақ тілінің ресми, басқару және заңнамалық тілі мен стилистикасының күрделі лексика-грамматикалық, синтаксистік мәселелері шешілді. Ана тіліміздің басқару, ресми, заңнамалық тілі қалыптасқанын айтуға болады. Әсіресе, қоғамдық- саяси, заңнамалық-құқықтық, экономикалық-қаржылық, дипломатиялық қатынастарда ұлттық терминология дамуда. Жалпы терминнің құлаш жаюына ҚР Президентінің Әкімшілігі, ҚР Үкіметі Кеңесі, ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісі аппараттарының, ҚР Әділет министрлігінің Заңнама институты, еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары үлес қосуда.

Десе де қолданыстағы терминдердің сапасын сынаған, термин баламасы не аударма сапасы туралы, ҚР Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминология комиссия бекіткен терминдер туралы азаматтардың сыни көзқарастары азаяр емес.

Сондай-ақ 2002-2016 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссиясы бекіткен терминдердің сараптамасы қазақ тілінің лексикалық қоры, сөзжасам әлеуеті жеткілікті болғанмен ұлттық балама жасауда, жаңа термин тудыруда шығармашылық ізденістердің төмен екендігін байқатты.

Терминология саласында нақтылықтың жоқтығы 2014 жылы шыққан 30 томдық «Қазақша – орысша//Орысша – қазақша терминологиялық сөздіктен» де көрініс тапты. Оның медицина саласына қатысты 14-ші томында анофтальм – анофтальм, анофтальмия – көз алмасының болмауы; аспиратор – сорғыш аспап, аспирация – аспирация; аутоантиген – өзіндік жаттек, аутоантитело – өзіндік антидене, истерик – есірік, истерия – долылық деп ұсынылған. Мұндай мысалдар сөздіктің басқа томдарында да жеткілікті. Бұл жағдай ұлттық терминология саласында жасалып жатқан жұмыстарға теріс көзқарас қалыптасуына негіз болды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында мысал ретінде жиі сын айтылып жүрген балкон - «кылтима», фонтан - «шаптырма» деген терминдер комиссияда қарас-

тырылмаған, бекітілмеген және бекітілуі мүлдем жоспарланбаған. Сондықтан мұндай дәлелсіз, дерексіз мысалдар қоғамдық ортада қате пікір қалыптастыруға себепші болды, термин бекіту жұмыстарына деген халықтың жағымсыз пікірін қалыптастыруға жағдай жасайды.

2016 жылғы 5 қазанда қалыптасқан терминологиялық ахуалға алаңдаған Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, «Нұр Отан» партиясы фракциясының мүшелері: А. Смағұлов, Н. Әбдіров, А. Базарбаев, Н. Дулатбеков, Қ. Қаракен, Ш. Өтемісов, Б. Смағұл Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.Ә.Сағынтаевқа жасаған сауалында: «Елімізде ұлттық терминологияны қалыптастыру жүйелі жолға қойылмағаны, оның ішінде әлі күнге дейін терминологияның даму бағытын айқындап ала алмағанымыз бұл саланың дамуын ақсатып отыр. Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының осыған қатысты бір айқын ұстанымы жоқтығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясына мемлекеттік орган мәртебесінің болмауы» - істі алға бастыра алмай отыр деп шұғыл шаралар қабылдауды талап етті.

2017 жылғы 13 ақпанда Мәдениет пен өнерді дамыту мәселелері бойынша «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Мирас» қоғамдық кеңесі отырысында қоғам қайраткері, Мәжіліс Парламентінің бұрынғы депутаты Оразкүл Асанғазы терминология мәселелерімен шұғылданатын арнаулы құрылым ашу туралы ұсыныс білдірді.

Осы саланың жетекші ғалымдарының бірі, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Шерубай Құрманбайұлы «Қазақ терминологиясы» атты еңбегінде: «Терминологиядағы ретсіздік артқан үстіне артып, шешімін таппаған мәселелер қордалана түсуде. Бұл істі республикалық деңгейде ұйымдастырып, үйлестіріп отыратын мемлекеттік орган құрылған жоқ және оның қашан құрылары да белгісіз. Мәселенің бұлайша шешімін таппай күрделене беруі мүмкін» деген қорытынды жасауға мәжбүр болды.

Ғылым үнемі дамып, іштей тармақталып, жаңа салалар пайда болып жатқан кезде терминдерді шет тілдерінен қабылдау кәсіби біліктілікті, түпнұсқа тіл мен термин алушы тіл ерекшеліктерін бірдей ескеруді қажет етеді. Ал ұлттық термин жасау одан да күрделі, біліктілікті, үлкен шеберлікті талап ететін шығармашылық процесс.

Ұғымды дәл беретін ұтымды термин жасау, дөп басып тану, іріктеу және тілдік қолданысқа енгізу мемлекеттік қолдауды қажет етеді.

Стандарттау тетігі

Қандай болмасын ұлттық термин жүйесінің ғылыми құрылымдық нормативі: бірінші, терминді түгендеу (терминдерді жинау, терминге түсініктемелер мен



анықтамалар беру, салаларға қатысты терминдік сөздіктер шығару), екінші, терминді реттеу және бірізділеу (кірме терминдердің баламасын табу, аудару, сондай-ақ ұлт тілінің нормаларына сәйкестендіру және біріздендіру) ал үшінші, терминді стандарттау (терминнің заңнамалық түрде оның салалық қажетіне және қолданысына қарай бекіту) болып табылады. Алдыңғы екі мәселе бойынша өткен ғасырдың 20 жылдары ортасынан қазірге дейін терминологиялық жұмыс жалғасуда, ал үшінші бағыт мемлекеттік деңгейде әлі күнге дейін қолға алынбай келеді. Осының салдарынан термин сөздердің бірізділігі қалыптаспай тұр. Термин мақұлданып, бекігеннен кейін міндетті түрде қолданылуы қажет. Қоғамда талқыға және өзгеріске түспеуі тиіс. Ол үшін елімізде терминді анықтау, ұсыну, сараптау, бекіту мен орнығу аралығын анықтайтын жүйелі терминологиялық инфрақұрылымды қалыптастыру қажет.

1957 жылдан бері консультативтік-кеңесші орган ретінде құрылған Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық комиссиясы функциясын елімізде сақтап, мәртебесін, мақсаты мен міндеттерін күшейтіп, сала жетекші мамандарынан, терминолог ғалымдардан тұратын «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы мемлекеттік терминологиялық Бас комиссиясы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны деп қайта құру керек. Сонымен бірге Бас комиссияның салалық терминологиялық инфрақұрылымдарын анықтап (базалық деңгейіне қарай еліміздің жетекші ЖОО, ғылыми-зерттеу институттарында, министрліктер мен ведомстволарда) құрып, салалық терминологияны жандандыру қажет. Бұл функцияны ҚР Білім және ғылым министрлігімен, ҚР Ұлттық Ғылым академиясымен, министрліктер мен ведомстволармен, ұйымдарымен өзара бірлесіп, атқару және үйлестіру жұмыстарын тіл саясатын жүзеге асыратын құзырлы орган – ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің Тіл комитетіне жүктеуге болар еді.

Сонымен бірге 2020 жылдан бастап терминді Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарт жүйесі арқылы бекіту жұмыстарын бастау маңызды. Мемлекеттік стандарттау жүйесінде терминдік стандарттарды бекіту тетіктерін анықтайтын Қазақстан Республикасы Үкіметі «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік терминологиялық жұмыс және терминді мемлекеттік стандарттау тұжырымдасы туралы» қаулы қабылдау керек деп санаймын.

Термин – ғылым мен білім тілі, сан алуан ғылым ұғымдарының атаулары, сөздері мен сөз тіркестері. Қазақ терминологиясы дамымайынша ұлттық ғылым мен білімнің өркендеуі мүмкін емес.

Еліміздің латын әліпбиіне көшуі қазақ баласының жаһандық көштен қалмауына, елдің әлеуметтік – экономикалық өркендеуіне септігін тигізетін тілдік реформалар қарсаңында тұрғанын көрсетіп отыр. Олай болса жаңа әліпбиге көшер алдында қазақ терминологиясында қордаланған мәселелерде шешілуі қажет дегім келеді.

Ғабдул-Ғазиз Есембаев
Қазақстан Журналистер одағы
сыйлығының лауреаты,
«Ана тілі» газетінің тілшісі

ТЕРМИНОЛОГИЯ БАҒЫТЫ: КЕЛЕЛІ КЕҢЕС, ОРАЙЛЫ ШЕШІМДЕР

Жуырда Астанадағы Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында «Қазіргі терминжасамның бағыттарын айқындау мәселелері» тақырыбында тілші ғалымдардың, терминолог мамандардың қатысуымен семинар-кеңес өтті. Басқосуды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті төрағасының орынбасары Ғалымжан Мелдешов жүргізіп отырды. Сол жиында айтылған өзекті мәселелерді, ой-толғамдарды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Семинар-кеңес барысында Ғалымжан Мелдешов «Терминология саласында бірқатар жетістіктерге жеттік. Қоғамның әр саласы бойынша терминологиялық сөздіктеріміз шығып жатыр. Жалпы терминтану, терминжасау бағыттарында өзекті мәселелер аз емес. Семинарға қатысушылар бұл тұрғыда өз ойлары мен пікірлерін, нақты ұсыныстарын ортаға салады, ортақ мәселеге байыппен назар аударады деп ойлаймын» деді. Жиында баяндамашылар мен пікір білдіруші азаматтар күн тәртібіндегі мәселе бойынша көзқарастарын ортаға салды.

Қазіргі таңда терминология саласында әттеген-айлардың бары рас. Олардың көбі халықаралық терминдерді қазақ тіліне тәржімалау ісімен байланысты. Мәселен, халықаралық терминдердің бәрін қазақ тіліне аудару ұстанымы қаншалықты дұрыс? Кейінгі кезде ғалымдарымыз халықаралық терминдерді жаппай қазақ тіліне аудару шарт емес деген қорытындыға келіп отыр. Бұл орайда Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығының басшысы Ербол Тілешов Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитеті тарапынан шет тілінен қазақ тіліне аударылған терминдерге мониторинг жүргізілгенін атап өтті. Соның нәтижесінде Республикалық терминологиялық комиссия 2014 жылы бірқатар терминдердің қазақ тіліндегі нұсқаларын халықаралық нұсқалармен қайтадан сәйкестендірген. Олар: мұражай – музей (грек. μουσείον — музей үй), мұрағат – архив (лат. Archivum қатысатын орын), бұрқақ – фонтан (ағылш. The Fountain – бастау, қайнар), азатжол – абзац (нем. Absatz — бөлім, мәтіннің бөлшегі) және тағы да басқа терминдер. Осындай жұмыстар 2016 жылы да жалғасты. Олар: Мұражай үйі – музей үйі, киномұрағат – киноархив, қашыртқы – дренаж (фр. Drainage – табиғи немесе жасанды түрде жерүсті немесе жерасты суларды кетіру), үдеріс – процесс (лат. Processus – ілгерілету, бір нәрсені дамыту).



Бұл үдеріс жалғасын тауып, алдағы уақытта терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыру, терминдерді сараптау және бекіту барысында әлемдік тәжірибеде қолданысқа енген халықаралық терминдерді сол күйінде қалдыру қағидатын сақтау керектігіне көз жеткізілді.

Мониторинг барысында белгілі болғандай, тек 1992-2016 жылдары ғана 15963 термин бекітілген. Олардың 6024-і

қазақ тілінде, 1987-і халықаралық атауда, 7952-сі қазақ және шет тілдеріндегі тіркес ретінде бекітілген. «Терминком.кз» сайты ашылды. Оған тіліміздегі барлық терминдер мен атаулардың, салалық терминдер мен атаулардың да толық қоры енгізілді.

Қазақ тіл білімін ұлттық терминологиясыз көзге елестету мүмкін емес. Әлемдік деңгейдегі сан алуан өзгерістер мен құбылыстарға, дүниедегі түрлі саланың даму қарқынына байланысты шетелдік жаңа терминдер пайда болып, оны заман ағымына байланысты пайдалану қажеттігі туындап жатады. Сол жаңа терминдерді ғылыми негіздеп, қазақ тіліндегі мағынасын дәл тауып, жүйелеу бүгінгі күні терминолог мамандардың басты міндеттерінің бірі.

Мемлекеттік тілдің ауқымын кеңейтетін, қазақ ұғымына ғылыми, өндірістік, инновациялық терминдерді жатық жеткізіп, жалпы ұлттық сананың көкжиегін кеңейтуге ерекше үлес қосатын бұл саланың маңыздылығы ерекше. Бүгінде ғалымдарымыз ұлттық терминология ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қалыптаса бастады деген пайымды алға тартады. Бұл орайда оның теориялық және әдістемелік негізін салған Ахмет Байтұрсынов екені даусыз. Ол алдымен термин ретінде ұғымның мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу, ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда туыстас халықтардың тілінен термин алу, жаппай қолданылатын халықаралық терминдерді қазақ тілінің табиғатына сәйкес қабылдау, қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздерін қазақтың айтуына сәйкес өзгерту қажеттігін баса көрсетеді. Дегенмен, қазіргі таңда терминология саласында әттеген-айлардың барын айта кеткен жөн. Мәселен, халықаралық терминдердің бәрін қазақ тіліне-аудару ұстанымы қаншалықты дұрыс деген мәселе жиі әңгіме арқауына айналып келе жатқаны анық. Кейінгі кезде ғалымдарымыз халықаралық терминдерді жаппай қазақ тіліне аудару шарт емес деген қорытындыға келіп отыр.

Семинар-кеңесте пікір алмасқан ғалымдар осындай мәселелерге де назар аударды.

Байынқол ҚАЛИҰЛЫ, филология ғылымының докторы, профессор:

– Терминге, терминологияға қатысты мәселелердің бәрін реттеп, жүйелі бір ізге түсіріп, бекітіп беріп отыратын ұйым – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

терминология комиссиясы (терминком) екендігінде дау жоқ. Алғаш термин жасаумен, оларды бекітумен және бекітілген терминдердің тілімізде дұрыс қолданылуын қадағалаумен тікелей айналысқан бұл комиссия кейіннен тек термин бекітумен ғана шұғылданып кетті де, термин жасау сөздік жасаушы мамандарға ғана қалдырылды. Соның салдары болуы керек, терминком бекіткен терминдердің кейбіреулерінде жүйелік, бірізділік байқалмай жүр. Тіпті олардың арасында кемшіліктер де, қарама-қайшылықтар да жоқ емес. Көп уақытқа дейін қазақ тіліндегі термин жасау ісінде негізінен екі түрлі бағыт ұсталынып келді. Оның біріншісі – даяр тұрған орыс тілі терминдері мен ағылшын тілі терминдерін тікелей қабылдай салу, екіншісі – қазақ тілінің өз қорын кәдеге жарату. Мамандарымыздың айтуынша, қазақ тіліндегі терминдердің 70-80 пайызын орыс тілі арқылы келген, орыс тілінің заңына бағынған жат жұрттық сөздер құрайды. Бұған дейін терминдер екі түрлі жолмен бекітіліп келді. Бірі – термин сөздерді жеке-жеке жиып, топтап, мезгіл-мезгіл бекітіп тұру, екіншісі – белгілі бір ғылым саласы бойынша жасалған сөздіктерді сол қалпында бекіте салу. Терминге байланысты кеткен кемшіліктердің басым бөлігі осы сөздіктер бойынша бекітілген терминдерде байқалады. Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен бұған дейінгі терминдерде кеткен кейбір кемшіліктерге аздап тоқталалық. Ондай кемшіліктердің ең үлкені деп – біз терминкомның бұрын бекіткен терминдерді келесі жолы мүлде басқаша түрде бекіткенін айтқан болар едік. Мәселен, терминком «творчество» деген терминді бұрын «творчество» және «жасампаздық» деген екі сөзбен бекіткен еді. Кейіннен аталған қазақша балама «шығармашылық» деген сөзбен ауыстырылды. Терминком «алқа» сөзін бұрын «коллегия» терминінің баламасы ретінде алса, кейіннен ол сөзді «совет» терминінің бір мағынасы ретінде тағы бекітті. Сондай-ақ «жиынтық» сөзі бұрын «совокупность» терминінің баламасы ретінде бекітілсе, кейіннен ол «комплекс» терминінің бір мағынасы ретінде ұсынылды (Қазір «комплекс» сөзі кешен деген баламамен беріліп жүр). Орысша сыңары да, қазақша сыңары да бұрыннан дұрыс қолданылып жүрген кейбір терминдерге терминкомның басқаша баламалар бекітіп берген кездері де болды. Мысалы, о баста «эквивалент» сөзінің аудармасы ретінде қолданылып жүрген «балама» сөзі терминком бекіткеннен кейін «альтернатива» сөзінің қазақшасы болып шықты. «Куәлік» сөзі де дәл осындай. Ол бұрын «свидетельство» сөзінің баламасы болатын. Терминкомның кезекті бекітуінен кейін «куәлік» сөзі «удостоверениенің» баламасы болды.

Орыс тіліндегі белгілі бір терминнің қазақша баламасы ретінде терминком кейде екі сөзді қатар береді. Оның бірі – орысша, екіншісі – қазақша. Мысалы, аудитория – аудитория, дәрісхана; логика – логика, қисын; рынок – рынок, базар; статус – статус, мәртебе, т.б. Бұлай етуге болмайды. Тізе берсек терминком бекіткен терминдерден мұндай кемшіліктерді әлі де көптеп табуға болады. Енді не істеуіміз керек? Ол үшін, ең алдымен, мынадай бес түрлі істі қолға алғанымыз жөн сияқты. Олар:

1. Терминком терминологиялық комиссия емес, мүмкін терминологиялық коми-



тет болып қайта құрылғаны жөн шығар. Оған Мемлекеттік ономастикалық комиссияны да біріктіруге болар еді. 2. Ғылым академиясының барлық институттарында, барлық ғылыми мекемелерде тек қана ғылыми терминдерді зерттеумен шұғылданатын бір-бір терминші мамандығы штаттық кестеде көрсетілуі тиіс. 3. Терминкомның тек термин сөздерді ғана және олардың тек қазақша баламалары барларын ғана бекітіп отырғаны жөн. 4. Бір ұғымды білдіретін орысша бір терминге екі түрлі балама ұсынуға болмайды. Өйткені мұның терминдерді тұрақтандыруға зияны көп. 5. Терминком өзі бекіткен терминдердің дұрыс қолданылуына әр уақыт бақылау жасап отыруы керек.



Ерден ҚАЗЫБЕК, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының директоры, профессор:

– Термин тану, терминдерімізді толықтыру әлі күнге дейін өте өзекті мәселе болуда. Терминдер әдеби сөздік қор емес, ол мамандардың тілі. Әр сала үшін кемінде 5 мың, әрі кетсе 15 мың термин керек екен. Біз соңғы 20-30 жылдың ішінде 20-30 мың терминді бекіттік. Сөздіктер шығарып жүрміз. Салалардың саны көп, мәселен 100 сала десек кемінде 500 мың термин керек. Әр саланың ішінде кемінде 10-20 пайыз өзгермейтін кәсіби терминдер болады. Бірақ 80-90 пайызы төл тіліміздің негізінде қалыптасуы керек. Инновация тілі, өндіріс тілі, техника тілі қай тілде дамып жатыр? Бұл – ағылшын тілі. Ал біздің шығарып жатқан сөздіктерімізді мамандарымыз пайдаланбайды. Қазақ тіліндегі астрономиялық терминдер ағылшын тіліндегі, орыс тіліндегі терминдерден әлдеқайда бай. Себебі, біздің көшпелі ата-бабамыздың картасы аспанда болған. Геология мен геодезия терминдері де қазақ тілінде өте бай. Өйткені бұл түркі халықтарының ежелгі салалары. Айтайын дегенім, біздің мемлекеттік тіліміз филология, гуманитарлық пәндер тілі болып қалмауы үшін ғылымның және өндірістің тілін қалыптастыруға назар аударуымыз қажет. Ол үшін комиссиямыздың жұмысын осындай бағытқа рәсімделген негізде бұруымыз керек. Үкіметтің деңгейінде басқарылуы тиіс. Себебі, ғалымдар термин жасайды, бірақ өндіріс мамандары қолданбайды. Терминжасау үдерісінің өзін ойластыруымыз керек. Міндетті түрде терминологиялық секциялар болуы тиіс. Оны салалық мамандар мен терминолог-тілшілер бірігіп қолға алса құба-құп. Әрине, бұл жерде терминология нұсқаумен, бұйрықпен дамымайтынын түсінуіміз керек. Түркияда жыл сайын 20 шақты ғалымды біріктірген арнаулы ұйым терминдер жасап, басылымдарға жариялап отырады. Ары қарай халық қабылдағанын енгізеді. Бізде де осындай тәжірибені қолға алып, «Ана тілі» сияқты газеттерде, басқа да басылымдарда жариялап

отырсақ дұрыс болар еді. Енді латын әліпбиіне көшсек, ол терминология саласын дамытуға керемет көмек болады. Яғни терминдерді дәнекер тілдерден емес, тікелей түпнұсқа тілден қабылдауға мүмкіндік туады. Бірақ оны өзіміздің тіліміздің табиғатына, ерекшелігіне қарай икемдеуіміз керек.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары Алаш қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және басқалар қазақ үшін оқулықтар жазған. Қазақ тілінің заңдылықтары өзгерген жоқ. Оны да басшылыққа алуымыз керек. Қазақ тілі түркі әлеміндегі ең бай, ең көне тіл екенін ескеріп, терминология саласын халықаралық деңгейге көтеріп, бір үлгіде жазуымыз керек. Көне түркі сөздері жалпы түркі халықтарына ортақ. Біздің айырмашылығымыз кірме сөздерде. Терминология дегеніміз – мемлекеттік тіл. Терминологияны дамыту қазақ тілінің қоғамның барлық саласында еркін қолданылуына негіз жасау деген сөз.

Сауытбек АБДРАХМАНОВ, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты:

– Біздің терминологияның жұмысындағы түйіні табылмаған үлкен мәселелерінің бірі – баяғы кеңестік кезеңдегі энтузиазмға, қоғамдық негізге арқа сүйеу. Прагматизм заманында мұндай іс сен қазақ тілінің жанашырысың, осы елдің азаматысың, патриотысың, сондықтан осы шаруаны жасау міндетің деген тұрғыда жүріп жатты. Кеңестік кезеңде Мәскеуде Лениндік және мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі арнаулы комитет болды. Тұрақты штаты болды. Оның жұмысы бүкіл республикаларда басылып, шығып жатқан еңбектерге, басылымдарға сараптама жасау, рецензиялар жинау, эксперттерді тарту, сөйтіп, комитет мүшелеріне ұсыныстар енгізу болды.

Сол тұрғыдан қазірде терминжасам ғылыми институттарда жұмыс істейтін адамдарға қосымша қоғамдық жүктеме ретінде берілгендігінде көп кілтипан бар. Сен білесің ғой, осыны жинап, сен жасасаңшы дегендей. Сондықтан Үкіметтің алдына мәселе қойып, штат ашу жағы ойластырылса, содан кейін тікелей терминологияға тартылған адамдардың еңбектері де ескеріліп отырса деп ойлаймын. Мысалы, геодезия маманымен шарт жасалады дейік. Ол белгілі бір уақыт ішінде ұсынылған дүниені қарап, сараптама, рецензия жасап әкеледі. Сол үшін комитет шарттық негізде ақы төлейді. Осы мәселенің тетіктері іздестірілсе. Сонда бұл шаруаның сапасы жақсаруы мүмкін, жауапкершілік артатыны анық. Және мотивация пайда болады. Егер осының көздері табылып жатса, біз Парламентте бюджеттік мәселелер кезінде қосымша қаражат туралы мәселені жақтауға дайынбыз. Латын әліпбиіне көшу кезінде көп нәрсені қайта қарауымыз керек. Бұл жай ғана таңба ауыстыру емес. Өтпелі кезеңде қазақ тіліне түбегейлі реформа жасау үшін пайдаланып қалу керек. Қазіргі сөздіктерді қарап отырсаңыз, терминдердің басым бөлігі орыс тілінің мәнеріне, ыңғайына қарай жасалғаны көрініп тұр. Сондықтан оларды енді қазақ тілінің айтылу мәнеріне қарай ауыстыру мәселесін қарастыруымыз керек.

**Мәди АЙЫМБЕТОВ, Қазақстан Үкіметі жанындағы Терминологиялық комиссия мүшесі:**

– Термин деген мәселенің бәрі заңнамадан айналып өтпейді. Заңның қарастырмайтын саласы жоқ. Ғылыми термин дегеніміз – заңнама термині. Бұл қалыптасқан мәселе, ал оны жандандыру туралы әңгіме басқа. Шетелдік терминдерді қалай қолданамыз дегенде айтылар сын көп. Біз терминдерді орыс тілінен, орыс тілінің жұрнақтарымен сол күйінше алып жүрміз. Осыдан бес-алты жыл бұрын «режим» сөзін бекіттік, енді соны қайтадан «режим» деп қарастырдық. Неге бұлай? Қазақ тілінің заңдылығымен алған сөзге қайтадан өзгеріс жасаудың не қажеті бар? Ендігі қабылданатын заңдардың бәрін орысша-қазақшасын қосып латынша нұсқасында жасау керек деп ойлаймын. Сол арқылы өзіміздің ұлттық терминге жақындай түсеміз. 2025 жылы латынға көшеміз дейміз. Заңға келгенде осы мәселені қазірден қолға ала беру керек.

Қарлығаш АЙДАРБЕК, филология ғылымдарының кандидаты:

– Қоғамдағы кез келген өзгерісте жаңа ұғымдардың пайда болатыны белгілі. Енді сол ұғымдарға атау тауып берер кезде тілдік мәселелер алға шығады. Алдымен айтарым, біз терминнің жарыспалылығынан қашпауымыз керек. Термин жасау саналы, мақсатты үдеріс екені белгілі. Терминдерді іріктеп алар кездегі басты критерий – терминнің қолданыс жиілігі. Екінші, терминді қолданатын топтың беделі де ескеріледі. Тоқсаныншы жылдары түрлі басылымдарда «мед-сестра» деген сөздің оннан астам баламасы болды. Сол кезде академик Өмірзақ Айтбаев «медбике» сөзін ұсынды. Солай бейімделдік. Жаңа терминдерді кім жасайды деген мәселеге келетін болсақ, оны белгілі бір саладағы мамандар жасайды. Бірақ олардың лингвистикалық білімі жоқ. Сондықтан сын көтермейтін терминдер пайда болады. Мамандардың терминдерді өз бетінше жасауы стихиялық деңгейге алып келеді. Оларды іріктеп, нормалау терминолог мамандардың шаруасы. Әртүрлі саладағы мамандар өздері сөздік жасайды да бір терминнің бүкіл баламасын береді. Бұл дұрыс емес, мұндай жағдайға жол бермеу керек деп ойлаймын. Терминология жұмысының ең қарапайым түрі – түгендеу. Осы мәселенің жақсы нәтижесіне әлі жеткен жоқпыз. Тіл білімі саласында түгендеу жүргіздік, 10-12 мың термин бар екен. Бірақ сөздігі шыққан жоқ. Өзге тілдерден келетін терминдерді алғанда қиындықтар туындайды. Терминология саласында теория мен тәжірибенің басы қосылмайтынын мойындауымыз керек. Терминологиялық норманың мынадай параметрлерін ұсынамыз: Ол – жүйелілік, бірізділік, терминнің қысқалылығы. Сондай-ақ терминнің эстетикалық қыры. Оның дұрыс дыбысталуы мен құлаққа жағымды естілуі. Терминолог мамандардың алдында жаңадан жасалған терминдердің ішінен қажетті, ұтымды терминдерді іріктеп алу, оларға дәл белгіленген анықтама беріп, тіркеу, терминді қажетсіз синонимдерден шектеу міндеті тұр. Қазақ терминологиясына, ең алдымен, қажетті шараның бірі стандарттау деп ойлаймыз. Онсыз алға қадам баса алмаймыз.

Алқалы басқосу барысында жиынға қатысқан өзге де мамандар көптеген



маңызды ойларын ортаға салды. Солардың кейбіріне шолу түрінде тоқталып кетсек. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Грамматика бөлімі меңгерушісі Орынай Жұбаева «Қазақ тіліндегі терминжүйенің когнитивті сипаты» атты баяндамасында терминология саласында қазақы таным мәселелерін басшылыққа алу керектігін ұсынды:

– Құдайберген Жұбанов «адам дүниені танымас бұрын өзін-өзі таниды» дейді. Терминдерде қазақы ұғым,

қазақи менталитет сақталу керек деп есептейміз. Мысалы, қазір біз сөйлегенде «қайда барасың?» дейміз. Қазақ бұлай ешқашан сұрамаған. «Жол болсын?» деген. Қазір біздің термин жасап жүрген, жазып жүрген адамдар орысша ойлап, орыс тілінің ықпалымен аударады. Ұлттық ұғым жоқ. Олардың танымы қазақы танымдағы адамдармен үйлеспей жатады. Бүгінде кез келген шетелдік терминді аударып ала бергеніміз соншалықты, сөздіктерді сол саланың мамандары ғана түсінетін деңгейге жеттік. Сондықтан да Ахмет Байтұрсынов, Халел Досмұхамедов сияқты өзге Алаш зиялылары кезінде қазақи сипатта, қазақы ұғымда енгізген терминдерден алып, сол еңбектерді қайтадан айналымға қосу керек деп есептеймін, – деді ол.

Семинар-кеңесте, сондай-ақ Сүлеймен Демирел атындағы университеттің профессоры Құралай Күдерінова «Қазақ терминдерінің орфографиялануына қатысты ерекшелік» тақырыбына жасаған баяндамасында бірқатар келесі мәселелерге назар аударды. Ол терминдердің бірге жазылуында қандай белгі болуы керек, емле сөздерде не себепті өзгерістер болып тұрады, жаңа қазақ әліпбиінде кірме сөздер қалай таңбаланады, 1929 жылғы латын жазуынан қай ұстанымды алуға болады деген сауалдар төңірегінде көрнекі құрал негізінде ойларын ортаға сала келіп, қазіргі қазақ орфографиясының бірқатар мәселелеріне тоқталды.

– Біз орыс сөздерін жазу үшін өзіміздің әліппемізге бірқатар әріптерді мәжбүрлі түрде кіргіздік. Қазір орыс тілінің ыңғай, екіпінімен сөйлейміз. Кірме сөздердің дыбыстық ыңғайына бас иіп кеткенбіз. Орта буын өкілдерінің өзі осындай. Енді сол орыс сөздерін сындырып жазуға жас ұрпақ қарсылық білдіреді. Латынға көшсек кірме әріптердің пайдалану жағдайларын анықтап алуымыз керек, – деді тілші ғалым.

Бүгінгі таңда тілдің даму көзінің негізгі үлесі терминдерге тиесілі, демек тіл тазалығын сақтайтын да, оны шұбарлап жатқан да терминдер екенін уәждеген А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми қызметкері Бауыржан Жонкешов: - «Терминжасау ісінде бір-біріне қарама-қайшы екі түрлі көзқарас орын алып отыр. Оның біріншісі, халықаралық терминдерді тілімізге



аударып пайдалануды жақтаса, екіншісі, қалыптасқан халықаралық терминдер сол күйінде қабылдансын дейді. Терминдерді жаңғыртуды тиімді қолға алса, бұл екі қағидаттың екеуі де оң нәтижесін береді. Дегенмен, бұл жаңғыртуды көпшілік біржақты түсініп келеді. Қазір қазақ тіліне аударылған бірқатар халықаралық терминдер негізінен орыс тілінің ықпалы негізінде алынған. Мысалы, «модернизация» сөзінің түбірі «модерн», «актер» сөзі латынша «актор» деп алынады екен. Терминқорымыздан осы сияқты мысалдарды көптеп келтіруге болады. Егер осындай сөздерді дәнекер тіл арқылы емес, түп-түбірінен алып қазақ тілінің заңдылығы негізінде аударып қолдансақ, тіліміздің мәртебесі арта түсер еді, тіліміздің өзіндік ішкі заңдылығы бұзылмас еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары терминқорымыз ұлттық сипаттағы терминдермен толықса, қазір қайтадан халықаралық сипатқа кетіп бара жатқаны алаңдатады» деген ойын жеткізді. Семинарға қатысушы мамандар қамтылған мәселелерді жан-жақты талқылады. Мысалы, Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығының қызметкері Салауат Кәрім бүгінгі таңда халықаралық терминжасау принципі, ұлттық терминология үшін ғалымдар айтқан принциптер қалып отырғанына тоқталды. Бұл орайда ол: «ЮНЕСКО жанындағы халықаралық терминология бюросы ешқандай шектеу бермейді. Ұлттық терминологияны көтеру үдерісі сонау 80-ші жылдардан бастап қазір Еуропа елдерінде жүріп жатыр. Францияда терминологиядағы жаңа сөздер деген комитет бар екен. Бұл біздің мемлекеттік терминология комиссиясы сияқты орган. Бірақ ол міндетті түрде қаржыландырылатын орган. Сөйтіп, француз тілінің ағылшын тілі ықпалына түспеуі үшін күресіп жатыр. Осыдан екі жыл бұрын Германияда Гете институты тілге байланысты бүкіл ғалымдарды жиып алып, үлкен мәселе көтерді. Қытайда да терминологияны мемлекеттің үлкен мәселесі ретінде қарайды. Ресей өткен ғасырдың 60-70 жылдары терминологиялық комитеті дегенді құрды. Кезінде немістердің, француздардың тілінен қорғану үшін Екатерина патшаның тұсынан осы мәселеге ден қойды. Қазақ тілінің терминологиялық тарихы жүз жылдан асып кетті. Терминология әлдеқайда алға кетіп қалды және лингвистикадан шығып кетті. Бұл кең мәселе» деді. Әрі қарай аудармаға белгілі бір стандарттың керек екенін тілге тиек етті. С.Кәрімнің айтуы бойынша, ғалымдар өздерінше термин жасайды, бұқаралық ақпарат құралдары өздерінше аударады. Сондықтан бұл мәселе бір жүйеге келуі керек. Елімізде 47 терминологиялық сөздік шығыпты. Соның бәрі қолданылады деп айта аламыз ба? Демек, міндетті түрде терминологиялық институт керектігін алға тартты.

Медицина терминдері сөздігінің авторы, 40 жылдан бері осы бағыттарда тынбай еңбектеніп келе жатқан профессор Мұхамбедия Ахмет-Төре де түйінді пікірін қысқаша айта кетті:

Дүниежүзіндегі терминдердің бәрі латын тілінде. Ағылшын тілінің өзінің 40-50 пайызы латын тіліндегі терминдер. Француздар да латын тілі арқылы

термин жасайды. Біздің латын әліпбиіне көшуіміз ұлттық терминологияның бағын аша ма деп ойлаймын. Бүгін айтылып жатқан мәселелердің орындалмай жатуының себебі, жоғары жауапты органдарда сіздердің хаттарыңызға назар аударып, қол ұшын беруге тиісті азаматтардың көпшілігі ана сүтінің уызына жарымағандар.

Латын тілінен алынған кез келген терминге жалғау, жұрнақ қосу үшін оның түбірін білу керек. Бізде термин жасаушылар кейде әсіреұлтшылдық танытып, соның бір баламасын алғысы келеді. Бұлай болмайды.

Пікір-ой көп. Терминологиялық комиссия мүшелеріне қойылған сұрақтар да жұртшылықтың мәселеге бей-жай қарай алмайтынын көрсетті.

Мысалы, тілімізге еніп, халық қабылдап кеткен «мұражай», «нарық», «пайыз» сөздерін неге қайтадан «музей», «рынок», «процент» деп жазу туралы нұсқау берілуде? Кейбір ұйымдарға осындай талап қойылған хаттар келген екен. Терминологиялық комиссия мүшелері мұндай мәселенің қаралмағанын жеткізді. Сондықтан хат жазылған жағдайларды анықтау қажеттігі айтылды. Осының өзінен-ақ терминологияда бірізділіктің жоқтығы, әлі де ретке келтірілмеген мәселелердің бар екендігі айқын көрінді. Семинар-кеңеске қатысушылар осындай олқы тұстарды нақты қолға алатын кез жеткендігін, терминологияны замануи талап тұрғысында жаңа деңгейге көтеретін уақыт туғандығын кәсіби біліктілікпен көтере білді.

Мазмұны

Ж.Құлекеев. Терең танысақ, тағылымды болар еді.....	3
Қ.Күдерінова. Халықаралық терминдерді орфограммалаудағы ұстанымдар.....	10
Ж.Сүлейменова. А.Сарбалина. Түркі тілдеріне ортақ терминологиялық қор жасау мәселелері.....	18
М.Қожанұлы. Қазақ әскери терминдері жайында.....	25
Н.Шүленбаев. Дінтану терминдері мен атауларын дұрыс саралап жүрміз бе?.....	29
Р.Тұрысбек. Академик Зәки Ахметов және терминтану мәселелері.....	39
С.Құлманов. Терминдер «текетіресі»: заңнамадағы қолданыстары, бекітілген нұсқалары және салалық терминологиялық сөздіктердегі аудармалары.....	46
С.Кәрім. Термин – төл тіл қорғаны.....	55
Ғ.Есембаев. «Терминология бағыты: келелі кеңес, орайлы шешімдер».....	61

РЕДАКЦИЯ ЕСКЕРТПЕСІ
Авторлардың стилі,
орфографиялық хақы сақталады.

Ш. Шаяхметов атындағы
тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
теріліп, беттелді.

Дизайнын жасап, компьютерлік нұсқасын дайындаған
С. Баубекова
Редактор С. Жұмағұлов
Корректор М. Шіменбаева

Редакцияның мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 18.10.2017 ж.
Басуға қол қойылған күні 31.10.2017 ж.
Пішімі 70x100 ^{1/16} Шартты баспа табағы 5,7
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
"Полиграфкомбинат" ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.